К выводам. Не отрицая значения Золотой Орды в истории Евразии (а Степь и Сибирь её органичные элементы), определимся, что «золотордынскую культуру» нельзя признать вершиной достижений тюркского / исламского мира. Равно как не может быть правомерным её сравнение с «более развитыми и культурными народами». Культура каждой социальной, конфессиональной или этнической группы уникальна и самоценна. Соответственно, она не может иметь «вершин» и «тупиков». Исторически объяснимо лишь появление субкультур. Этот процесс логичен, а его интенсивность зависит от локальных особенностей, связанных с природно-климатическими, военно-политическими, социально-экономическими, ментально-психологическими и личностными факторами.

Список литературы

1. Самигулов Г.Х. Тюрки Зауралья: варианты идентичности (XVIII – начало XX в.) // Сибирские татары мат. Всерос. (с междунар. участием) симп. «Культурное наследие народов Западной Сибири: сибирские татары», посв. 100-летию Фоата Тач-Ахметовича Валеева и 20-летию I Сибирского симп. «Культурное наследие народов Западной Сибири». – Тобольск, 2019.
2. Фёдоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды. – М., 1973.
3. Neumann I.B. Russia as Central Europe's Constituting Other // East European Politics and Societies. – 1993. – Vol. 7. – № 2. 30.

4. Пиков Г.Г. О восприятии средневековыми европейцами центрально-азиатских и сибирских племён в XIII в. // Сибирская заимка, URL: <http://www.zaimka.ru/kochevie/pikov2.shtml>
5. Мархинин В.В., Удалова И.В. Этнос в ситуации выбора будущего. – Новосибирск, 1993. – С. 18.
6. цит. по: Бромлей Ю.В. Этнос и этнография. – М., 1973.
7. Конев А.Ю. Этнический фактор в формировании административно-территориальной структуры региона (на материалах Западной Сибири) // Сибирская, Тобольская, Тюменская губерния: исторический опыт и современные управленческие практики: докл. и сообщ. Всерос. науч.-практ. конф., посв. 300-летию образования Сибирской губернии. – Тюмень, 2009.
8. Ярков А.П. К вопросу о золотоордынской цивилизации: (системы оценок по отношению к Западной Сибири) // История, экономика и культура средневековых тюрко-татарских государств Западной Сибири: мат. Межд конф. – Курган, 2011.
9. Исхаков Д.М. Тюрко-татарские государства XV – XVI вв. Казань, 2009.
10. История Башкортостана с древнейших времен до 60-х годов XIX в. – Уфа, 1997.
11. Кульпин-Губайдуллин Э.С. Спор о цивилизации // Золотоордынская цивилизация: сб. ст. – Вып. 1. – Казань, 2008.
12. Стенографический отчет круглого стола, посвящённого проблеме цивилизационного подхода к изучению Золотой Орды // Золотоордынская цивилизация: сб. ст. – Вып. 1. – Казань, 2008.
13. Ярков А.П. О месте элиты в жизни средневекового тюркского социума // Сулеймановские чтения: мат. и докл. XIII Всерос. науч.-практ. конф. – Тюмень, 2010.
14. Рудаков В.Г. О границах Селитренного городища (по итогам археолог. разведок 2002 и 2003 гг.) // Проблемы археологии Нижнего Поволжья: I Междунар. Нижневолжская археолог. конф. – Волгоград, 2004.
15. Альтернативные пути к цивилизации / под ред. Н.Н. Крадина, А.В. Коротаева, Д.М. Бондаренко, В.А. Лынша. – М., 2000; Барг М.А. Эпоха и идеи: становление историзма. – М., 1987; Вико Д. Основание новой науки об общей природе наций. – Л., 1940; Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. – Л., 1989; и др.
16. Гринин Л.Е. Периодизация исторического процесса: автореф. дисс. к. филос. н. – М., 1996. – С. 7.
17. Соболев В.И. История сибирских ханств (по археолог. материалам). – Новосибирск, 2008. – С. 49; Халиков А.Х. Ислам и урбанизм в Волжской Булгарии // Биляр – столица домонгольской Булгарии. – Казань, 1991. – С. 58; Хузин Ф.Ш. Итоги и перспективы изучения болгарского домонгольского города // Археология Волжской Булгарии: проблемы, поиски, решения. – Казань, 1993. – С. 6; Фроянов И.Я., Дворниченко А.Ю. Города-государства Древней Руси. – Л., 1988. – С. 29.

Шуйиншали Абай

академик МАИ

магистрант теологического факультета

Российского Исламского Института

Казань, Республика Татарстан, Российская Федерация

СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ ТРАДИЦИОННОГО ИСЛАМА В КАЗАХСТАНЕ

FORMATION AND DEVELOPMENT OF TRADITIONAL ISLAM IN KAZAKHSTAN

Abstract

Besides the chronological factor, prominent nature of spreading Islamic ideology in Central Asian region is its variety, mutual interlacing with local communities, and cooperation with national cultures. Consequently, is created regional form of Muslim religion which is the constituent part of Islamic civilization and adaptation (in the process of transformation, synthesis, evolution) of religion to local ethno cultural traditions. In this case, we can say about Central Asian traditional regional Islam, the individualities of which will be shortly shown in this article.

Интерес к исламу в наши дни огромен. Исламская религия сыграла огромную роль в истории и культуре не только арабов, но и других народов. Тесное общение между собой населения различных областей мусульманского мира способствовало быстрой передаче культурных ценностей. Мусульманская религия в Центральной Азии в историческом прошлом заметно повлияла на развитие культуры, литературы и науки. Этот регион дал сотни тысяч мусульманских ученых, правоведов и мыслителей, вклад которых в сокровищницу человеческой цивилизации признан всем миром. Поэтому для нас особое важное значение имеет, как Ислам – мировая религия, возникшая в оседло-городской среде Центральной Аравии провинции Хиджаз, распространилась в регионах Центральной Азии, потому что эта религия сегодня стала одним из основных источников становления самобытной духовности и культуры казахского народа.

Когда Ислам начал распространяться в Средней Азии и на нынешней территории Республики Казахстан, ещё не было такого понятия как «казахский народ», он входил в племя, которое объединялось единым понятием «тюркский народ» и было многонациональным, поэтому вопрос распространения ислама рассматривается совместно с Центральной Азией [1].

Если рассмотреть древние верования тюрков, то мы замечаем, что кочевническая культура Центральной Азии, всегда оказывалась как бы в тени в силу разных обстоятельств, в основном, широко описаны культуры и религии Индии, Китая, Средиземноморья. В результате многовековые изучения, исследования нам открыли представление о широком распространении культуры тюрков на

обширных территориях Алтая и оазисов Центральной Азии, что мы видим в трудах Литвинского Б.А. «Восточный Туркестан в древности и раннем средневековье: этнос, языки, религии», Леснова А.М. «Курганы: находки и проблемы», Малова С.Е. «Памятники древнетюркской письменности», Гумилева Л.Н. «Древние тюрки», Мұртаза Бұлұтай «Дін және ұлт» и др. [2].

Далее, важные сведения по истории ислама представлены в письменных памятниках «Чингиз наме» Утемиш хаджи, «Тарих и Рашиди» Мирза Мухаммад Хайдар Дулати, «Матлаб-ат-Талибин», «Зийа ал кулуб» Мухаммед Авази и др.

Для того, чтобы сохранить так называемый своеобразный синтез ислама с элементами традиций и обычай народов, проживающих на территории Казахстана и Центральной Азии, ученые основательно изучили многие древние книги и рукописи по исламским наукам. Здесь нужно привести пример таких современных ученых, как Абсаттар Дербисали, А.К. Муминов, Ш.Т. Керим, А.К. Избаиров, М.Х. Абусейтова, Н.Ж. Байтенова, Н. Осеров, Г.Ж. Нурышева и др.

Изучая труды ученых Казахстана и Центральной Азии, мы часто обращаемся к научным работам Европы и России. Крупнейшими представителями европейской и российской школы научного религиоведения и исламоведения, которые являются такие ученые, как В.В. Бартольд, А.Э. Шмидт, И.Ю. Крачковский, Е.Э. Бертельс, И.П. Петрушевский и др.

Научный и академический подход к изучению ислама всех вышеуказанных авторов являлся основой определения истории и особенностей распространения ислама в Казахстане и Центральной Азии, и сложении основы традиционного ислама.

Простые идеи ислама, обоснование которых содержится в Коране, превратились в принципы, определяющие духовный мир оседлого и кочевого общества. В регионе – в краях Талас, Сайрам и Туркестан в X-XI в.в. уже появились первые мечети и медресе. Успеху этого процесса способствовала тяга восточных тюрков к освоению мирового культурного пространства. А уровень арабской культуры в то время был достаточно высок. Более того, как отмечали ранее, культ Аллаха как единого творца всего сущего совпадал в сознании местного населения с культом Тенгри, что также положительно сказалось на сравнительно мирном распространении новой религии [3].

Из числа местных народов большой вклад в распространение ислама в регионе внесли караханиды. Первым раннефеодальным мусульманским государством в регионе явилось именно государство Караханидов. (940-1212г.г.).

Объявившим его официальной религией своего государства, был Абд ал-Карим Сатук Богра-хан (901-955 г.г.), основатель караханидской державы в Средней Азии, официальной религией своего государства объявил ислам. Однако, академик Бартольд и профессор Таниу пишут, что первым тюркомусульманским было не Караханидское государство, а Хазарский каганат, который в 732 году официально принял ислам и в течении 68 лет они существовали. Значит, через 100 лет после смерти пророка уже было мусульманское государство у тюрков. Если учесть, что территории западных регионов Казахстана, как Атырауской, Западно-

Казахстанской, Мангистауской, Актюбинской областей относились к Хазарскому каганату, тогда получается, что исламизм на западе намного раньше распространился (732г.), чем на юге (751г.). По сравнению разно религиозных хазаров, Булгары Волги в 920 году по своей воле приняли ислам, как государственную религию, и сохраняли ее несколько веков до нашествия монголов (XIII в.). Хазарцев в 965 году уничтожили из исторической сцены русские войска.

Монгольское завоевание в XIII веке, которое в периодизации культуры тюркских народов называется тюрко-монгольской эпохой (XIII – XIV в.в. н.э.), не только полностью изменили политическую карту Евразии, но и внесли определенные коррективы в этническую карту расселения кочевых племен Восточной Европы и Центральной Азии. Именно в эпоху правления чингизидов официальной религией в Дешт-и-Кыпчаке стал ислам.

В истории внедрения мусульманства в Золотой Орде четко выделяются в три этапа: период правления хана Берке, период правления хана Узбек и период правления эмира Едыге.

Важные сведения по истории ислама представлены в письменных памятниках «Чингиз наме» Утемши хаджи, «Тарих и Рашиди» Мырза Мухаммед Хайдар Дулати и др. которые были указаны во введении настоящей работы.

В Золотой Орде, хотя и было для своего времени фактом огромной политической значимости, однако не привело к массовому принятию мусульманской религии основным населением государства потомков Джучи и заметной исламизации государственной жизни и общественного быта.

С принятием ислама в Золотой Орде большое распространение в Дешт-и-Кыпчаке получила сравнительно высокая арабская культура. При переходе к новой религии монгольская аристократия прежде всего интересовалась политическими выгодами, поскольку новая религия способствовала усилению господствующих классов, и в первую очередь власти самого хана. Особенно агрессивной была политика Берке, по отношению к Хулагу, которая завершилась войной. Война между ханами Золотой Орды и хулагуидами привела к сближению хана Берке с мамлюкскими султанами в Египте. Союз с Египтом имел для ханов Золотой Орды большое значение: он способствовал установлению культурных и экономических связей между обоими государствами [4].

Царствование Узбек хана (1313-1341гг.) стало особым периодом для распространения и укрепления ислама в Золотой Орде. При нем ислам был объявлен официальной религией государства потомков Джучи.

В связи с принятием династией Джучидов мусульманского учения во второй четверти XIV века и в государстве Чагатаидов ислам также был объявлен официальной религией. Таким образом, уже в XIV веке ислам был объявлен государственной религией на всем пространстве, завоеванным монголами, от Южной Руси до границ, собственно, Монголии и Китая.

Распространение ислама успешнее всего шло в среде властной элиты и городского населения Золотоордынского государства. Кочевая степь – Дешт –и – Кыпчак в XIV веке в целом оставалась поверхностно затронутой мусульманством,

и жители степи и в своей массе были еще во власти старых воззрений, о чем свидетельствует сохранение древних языческих обрядов погребения [5].

В XIV веке в Центральной Азии прекратилось правление Золотой Орды монголов и началась эпоха ханства.

Первое Казахское ханство на территориях нынешнего Казахстана образуется в 1465 году. В XVI веке начинаются ожесточенные войны между Казахским и Джунгарским ханствами, что со временем ослабляет казахов и приводит к раздробленности (появляется Старший, Средний и Младший Жузы).

Следует отметить, что ислам был консолидирующей основой и при непосредственном создании ханом Кереем и Жанибеком этно-политического объединения под наименованием «казахи», а затем и поддержании этого сравнительно нового этноса. Об этом могут свидетельствовать, в частности захоронение хана Аблая и степной аристократии в Мавзолее Х.А. Яссауи, а также методология ведения оборонительной войны казахов с царско-российскими завоевателями под предводительством Кенесары Касымова, которая основывалась на исламской концепции защиты родной земли [6].

При Тауке хане так называемый «Жеті жарғы» (семь указ) свод законов способствовал дальнейшему укреплению ислама, официально поддерживал существующую религию. Например: «Родственники принимавших христиан лиц, имеют право их отлучить от всех собственности», «Духовное наследство проходит при присутствии муллы и родственников».

Экономическая культурная связь народами Средней Азии и Волжскими татарами в XVI-XVII веках благоприятствовал более интенсивному развитию ислама. Путеводителями ислама были миссионеры из Бухари, Самарканда, Ташкента, Хиуа и Туркестана.

В XV-XVIII в.в. ислам был признан официальной идеологией. Казахского ханства, основоположником, которого являются султаны Жанибек и Керей. На территории современного Казахстана с XII века начиналось формирование одной из сильных богословских центров ханафитского фикха.

Как отмечает исследователь Муминов А.К. «рассмотренные источники (историко-биографическая литература, собственное произведение ханафитских авторов, древние списки авторитетных религиозных текстов, созданных на территориях Казахстана, сведения нейтральных авторов каковым является ханбалийский факих-историк Ибн ал-Фувати) свидетельствует о том, что в постмонгольский период (XIII-XV в.в.) регион среднего и нижнего течения Сырдарьи с многочисленными городами вышел в области развития положений ханафитского фикха, арабской филологии, других наук на передовые позиции в масштабе всей Центральной Азии [7]. Этот регион успешно конкурировал с такими признанными центрами, как Бухара, Самарканд, Хорезм. Вероятно, в этом немалую роль сыграло изменение генерального направления движения политики, экономики, торговли, идей. Если раньше оно шло из внутренних районов Центральной Азии в сторону мусульманских центров, то теперь – из центральных регионов мусульманского мира через бассейн реки Сырдарьи в сторону столиц

монгольских государств. Есть все основания говорить о том, что, начиная с этого периода ханафитский мазхаб стал доминировать в казахской степи. Вместе с этим в общественной и частной жизни складывался своеобразный синтез ислама с элементами традиции и обычай народов, проживающий на этой территории. Сложился так называемый религиозный синкретизм, когда следование исламскому вероучению сочеталось с сохранением в культовой практике древних тюркских традиций. Таким образом, в степи получил распространение так называемый ислам, который включил в свои аспекты некоторые элементы доисламских положений, которые присутствовали в неписанных законах среди людей. Все это происходило с согласованием со стороны богословов и религиозных ученых (мужтахидов и шейх-ислами) по мусульманскому праву (фикх, усу-л-фикх) мусульманской общины (уммы). Проводниками ислама выступали миссионеры из Бухары, Хивы, Самарканда, Шаша (Ташкента), Туркестана, Исфиджаба (Сайрама) и других городов, расположенных на территории Средней Азии. Также большую роль в мирном распространении ислама на территориях Центральной Азии, в частности Казахстана, способствовала деятельность миссионеров из центральных регионов мусульманского мира, так называемых «ранних аскетов» (захиды).

Большой вклад в распространении ислама среди кочевого тюркского населения Южного Казахстана вносил основатель суфийского братства Йасауи, уроженец города Сайрам (Исфиджаб) Ходжа Ахмед Йасауи (ум. 1166-67 г. Йасы. Туркестан). Суфизм сыграл свою роль в сложении структур традиционного ислама в центральной Азии.

Таким образом, можно сделать заключение, что до исламского периода у тюркоязычных населениях не было однородной религии. Разные тюркоязычные нации и народности в соответствие роста их культурного уровня жизни постепенно пришли от многобожества к единобожию, но при этом надо отметить все режимы тоталитаризма, которые они пережили не могли их заставить отказаться от ислама, так как они в свое время приняли иудаизм, христианство и начиная с VII в. постепенно начали принимать ислам, в основном по своей воле. С тех пор ислам является религией большинства тюркоязычных обществ, это привело у них сформированию единой нации и сохранил однородности языка. Кроме того, турки в роли ярых защитников и распространителей ислама остались в истории человечества. Сегодняшнее разнообразие истории ислама и его богатства и разносторонность во многом было связано с Центральной Азией.

Список литературы

1. Акинер Ш. Формирование казахского самосознания: от племени к национальному государству / Ш.Акинер. - Алматы: Гылым, 1998. – С. 45
2. Литвинский Б.А. Восточный Туркестан в древности и раннем средневековье; этнос и религия / Б.А.Литвинский. – М.: Наука. 1992. – С. 34
3. Избаиров А. К. Ислам в Казахстане. – Алматы: Дәуір, 2013. – С. 35
4. Кривец Е. А., Ислам в Центральной Азии /Е.А.Кривец. – М., 1999. – С. 23

5. Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан: Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата: Рауан 1992. – С. 21

6. Есим Г., Абуов А.П., Бегалинова К.К., Смагулов Е.М. Основы религиоведения / Г.Есим, А.П. Абуов, К.К. Бегалинова, Е.М. Смагулов. - Алматы: Білім, 2010. – С. 31

7. Муминов А. К. введение // История Казахстана в арабских источниках. Том 3. Извлечения из сочинений XII-XVI веков / Составление, перевод с арабского языка, введение, комментарии и ответ. ред. А. К. Муминова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – С. 52

Сатершинов Бақытжан

д.ф.н., профессор

главный научный сотрудник

Института философии, политологии и религиоведения

КН МОН РК

Алматы, Казахстан

Хұмархан Жанболат

Докторант специальности «Исламоведение»

Института философии, политологии и религиоведения

КН МОН РК

Алматы, Казахстан

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ ТӨЗІМДІЛІК ПЕН КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ
ТАТУЛЫҚ**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің дінтану кафедрасы «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» КЕАҚ-мен бірлесіп өткізіп отырған «Қазақстандағы дінтану әлемдік дінтану контексінде: өткен жол, дәстүрлер, даму үрдістері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы бүгінгі біздің қоғамымыз бен заманымыз үшін мейлінше өзекті әрі маңызды деген ойдамын. Бұл шараны ұйымдастырушылар «дінтану» мамандығының ашылғанына жиырма жыл толуын осындай бір өзіндік есеппен атап өтпекші сыңайлы. Оған қоса еліміздің астанасы - Нұр-Сұлтан қаласында әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездер өткізіліп бастағанына да жиырма жыл толады. Әрине, жиырма жыл аз да, көп те уақыт емес, дегенмен еліміздегі діни ахуалдың өткені мен бүгінін талдап, белгілі бір тұжырымдар жасауға жетерлік уақыт.

Атеизм үстемдік құрған дін күйзелісін еңсерудегі маңызды ықпал өмірлік бағдардың айрықша пішіні ретінде адамгершілік сананың және сенім бостандығының егемендігін қалпына келтіру болып табылады. Алайда өзінің рухани және интеллектуалдық әлеуеті жағынан алғанда Қазақстан өркениет

дамуының жаңа парадигмаларын қалыптастыруға маңызды үлесін қосуға лайықты. Тарихи тұрғыдан Қазақстан халқының еуразиялық орасан зор аумақта басқа мәдениеттер мен діндердің өкілдерімен әрекеттестігі өркениетаралық қатынастардың жаңа өзара тиімді формаларын жасай отырып, тұлғааралық қатынастардың тиімді тетіктерін байыта түсті. Діни төзімділік пен конфессияаралық татулықтың Қазақстанның терең тамырлары және көне дәстүрлері бар. Қазақстан атам заманнан бері әртүрлі мәдениеттер мен діндердің қиылысқан жерінде болды. Көптеген ғасырлар бойы Қазақстан аумағында төңірішілдік, заратуштра, манихейлік, буддизм, христиандық және ислам өзара бейбіт қатар өмір сүріп, төзімділік пен татулықтың үлгісі болды. Оған қоса, қазақ халқының ұстанған дәстүрлі діні - ханафилік-матуридилік дүниетанымдағы ислам бұған мүмкіндік береді.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдары дін саласындағы мемлекеттік саясат елеулі жетістіктерге жетті. Сонау 1980-жылдардың аяғында мемлекет мәжбүрлік атеизмнен, дін қайраткерлері мен қарапайым діндарларды қудалаудан бас тартты. Осының арқасында, Қазақстан азаматтары дін ұстану бостандықтары, діни ұйымдар мен бірлестіктерді құру, діни әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді орындау мүмкіндігіне ие болды. Осы саясаттың арқасында қазіргі кезге дейін ұлтаралық және конфессияаралық жағдай қалыпты қалпын сақтап келеді. Десек те, сыртқы ықпалдың күшеюі салдарынан мемлекет әртүрлі тетіктер арқылы бұрынғыдан да белсендірек төзімділікті тәрбиелеуі, этносаралық және дінаралық қатынастардың одан әрі жарасымдылығын сақтауға күш салуы қажет. Әсіресе, жат жерлік теріс пиғылды діни ағымдардан қорғану үшін діни сауаттылықтың сапасын арттыру қажет.

Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдардан бастап рухани келісім мен дінаралық татулық саясатын берік ұстанып келеді, сол себепті де кейінгі кеңестік елдердің біршамасында орын алған қарулы қақтығыстар біздің елімізде орын алған жоқ. Президенттің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында және Қазақстан Республикасының басқа да стратегиялық құжаттарында «сұхбат» пен «сұхбаттық ойлау» тұжырымдамалары демократиялық Қазақстанның мемлекет құраушы құндылықтары болып табылады. Өйткені сұхбат – ол мәдениеттер мен діндер әралуандығының сұхбаттық дискурсы дамуын табатын болмыстық негіз. Мәдениеттер мен діндердің сұхбаты – ол қазіргі Қазақстанның тренді, оның өз дамуының келешегі бар. Алайда, қазіргі жағдайда бұл трендті тұрақты ұстап қана қоймай, оны барлық бағыттарда кеңейтіп, тереңдетудің қажеттілігін де айта кету жөн, бұның бәрі қазақстандықтардың «бейбіт өмір сүруі» үшін маңызды. Оған қол жеткізу ойлаудың сұхбаттық құндылықтық парадигмасымен байланысты.

«Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына 2013 жылғы Жолдауы аясында дамыған отыз елдің қатарына кіру шарттарының бірі дәстүрлер, мәдениеттер мен діндердің теңдестірілген үйлесімін қабылдауды, мәдени алмасумен байытуды қажет ететін ойлаудың сұхбаттық парадигмасын қалыптастыру болып табылады. Қазақстан

халқының рухани бірлігін нығайтуды көздейтін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы да дәстүр мен қазіргі заман арасындағы ұлы сұхбаттың тұжырымдамасын алға тартады.

Ұлтаралық татулық пен дінаралық сұхбат елімізде ауадай қажет болғандықтан өкіметіміз бұл салада бірқатар маңызды бағдарламалар қабылдады. Айталық, этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін жетілдіру бағдарламасы. Бұл бағдарламаның аясында «республикадағы этносаралық және конфессияаралық қатынастардың үйлесімділігі үшін жағдай туғызылады; ұлтаралық және дінаралық толеранттылықтың ұстындары мен қалыптарын бекітіледі, көпэтносты және көпконфессионалды қазақстандық қоғамдағы азаматтық келісімнің әлеуметтік-психологиялық негізі ретіндегі этномәдени алуантүрлілік құрметтеледі, қабылданады және түсініледі; республиканың діни бірлестіктері арасында өзара түсіністік пен төзімділік бекітіледі; қоғамдық келісім мен азаматтық татулықты қамтамасыз ету мақсатында сұхбат мәдениеті мен рухани құндылықтарды дамыту ісінде мемлекеттік органдардың, ұлттық, мәдени, діни және өкіметтік емес ұйымдардың ынтымақтастығы күшейеді; этномәдени түзілімнің жүйесі қалыптастырылады деп күтілді» [1].

Діни жаңғыруды бастан өткізген еліміздегі діни ахуалды сезіне отырып, Елбасымыз осы Жолдауында былай дейді: «Біз мұсылман үмбетінің бір бөлігі екенімізді мақтан тұтамыз. Ол – біздің дәстүріміз. Бірақ бізде зайырлы қоғамның дәстүрлері де бар екенін, Қазақстан зайырлы мемлекет екенін ұмытпауымыз керек. Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек». Осы бағытта Қазақстанда 2011-жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» арнайы Заң қабылданып қызмет етіп келеді. Дінаралық сұхбатты жүзеге асыруға Қазақстан халқы ассамблеясы да өзіндік үлкен үлес қосып келеді. Осылайша, біздің елімізде дін мен зайырлылық арасында сұхбат қалыптастырылуда.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мәліметтері бойынша, елімізде 46 астам конфессия мен деноминациялар (салыстыру үшін: 1990 жылы 670 болған) ұсынылған 4173 діни бірлестіктер жұмыс істейді. Тәуелсіздік жылдары мұсылмандық діни бірлестіктер саны 46-дан 2441-ге дейін, немесе 50 есе артқан. Осымен қатар, Орыс православиелік шіркеуі қауымдарының саны 62-ден 293-ке дейін, немесе бес есеге артқан. Рим-католик қауымдарының саны (42-ден 86-ға дейін) екі есе, евангелиелік христиан-баптистер (168-ден 362-ге дейін), жетінші күннің адвентистері (36-дан 66-ға дейін) артқан. Протестанттық бірлестіктер саны 521-ден 1189-ға дейін артқан. Онан басқа, Қазақстанда 27 яһудилік қауым, 4 буддистік бірлестік әрекет етуде.

Бүгін Қазақстандағы діни бірлестіктердің 3129 ғұрыптық ғимараттары бар, оның ішінде: 2229 мұсылман мешіті, 258 православиелік шіркеу, 93 католиктер костелдері, 6 синагога және 548 протестанттық шіркеу мен ғибадатхана бар. Әртүрлі діни бірлестіктер 44 мерзімдік діни баспасөз шығарылымдарын басып шығарады. Қазақстанда сүннит исламы (ханифа мазхабы) және православиелік

христиандық (Орыс православиелік шіркеуі) екі басым конфессия бар. Жалпы алғанда, оларға елдің діндар халқының 90 пайызы құлшылық етеді. 2009 жылғы Қазақстандағы халық санағының бастапқы мәліметтері бойынша, ел тұрғындарының 80 пайызын этникалық мұсылмандар құрайды [2, 13-15 бб.].

Қазіргі уақытта елімізде ислам және христиандық екі діннің тарихи және мәдени рөлі мойындалған. Діни қызметкерлердің әлеуметтік өмірге араласау белсенділігі артып, қоғамдық сұранысқа орай олардың мәртебесі өсті. Діни білім алу, ғибадаттық әрекеттерді еркін атқару, символдарды сату, пайдалану, оларды тағу және т.б. заңмен реттеліп қойған. Республикада дәстүрлі түрде діни бірегейлік пен этностық бірегейлік жымдасып кеткен: негізінен барлық қазақтар – мұсылмандыққа, барлық орыстар – православиеге қайта өрлеп, өздерінің діни өзіндік саналары мен діни бірегейліктерін жаңғыртуда. Дегенмен, кейбір жаңа діни ағымдардың (кришнаизм, сайентология және басқалары) миссионерлік әрекеттерінің белсенділігі барысында бір діннен екіншісіне өтудің конверсиялық үрдістері де байқалады.

Қазақстандағы тәуелсіздік жылдары дінаралық қатынастар саласын азаматтардың көпшілігі қолайлы деп, ал конфессиялар арасындағы қарым-қатынастарды сыйластық дәрежесінде деп сипаттайды. Бүгін Қазақстанда қалыптасқан діни жағдайдың ерекшелігі еліміздегі этносаралық және конфессияаралық тұрақтылықтың маңызды жетістіктерінің бірі болуда. Қазақстандағы дінаралық татулық үлгісі бүкіл дүние жүзінде полимәдени қоғамдағы тұрақтылық пен татулықтың үлгісі ретінде танылып келеді.

Конфессиялар мен ұлттық-мәдени орталықтарының беделі жоғары жетекшілері этностар мен конфессиялар арасындағы төзімділік ахуалын сақтап, дамытуға белсенді қатысады. Бұл үшін ол орталықтар өз әрекеттерінің ашықтығы мен насихатын қамтамасыз етіп, көпшілік алдында әлеуметтік-мәдени іс-шаралар өткізеді, өз іс-шараларын өткізу кезінде жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға ерекше көңіл аударады.

Қазақстандағы діни қызмет үдерістерін мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін даярлау барысында Қазақстанның әлеуметтік-саяси дамуының жаңа кезеңіндегі мемлекеттік саясатының сабақтастығы қағидатын сақтау зор мәнге ие. Жүйені қалыптастыру негізінде қабылданатын саяси шешімдер, нормативтік актілер ар-ождан еріктілігі, дін тұту еркіндігі, діннің мемлекеттен бөлінуі және басқа да іргелі қағидаттардан келіп шығуы қажет. Бұл жүйе дін қызметінің барлық қырларына осы қағидалардың қолданылу салаларын дамытуды және оны кеңейтуді алдына мақсат етіп қойғаны абзал.

Жүйені әзірлеуде елдегі діни үдерістердегі мемлекеттің орнын анықтауда принципіалды маңызы бар. Осы жерде: экстремистік сипаттағы жеке ұйымдар тарапынан ұлттық қауіпсіздікке қауіп төнген жағдайда дін саласындағы үдерістерді мемлекет реттеуі қажет пе, немесе ол осы саладағы өзінің рөлін бұрынғыдай шектеп қана қоя ма деген басты мәселе туады. Дін саласы азаматтық қоғамның бөлігі және мемлекет осы саладағы барлық үдерістерді реттеуі қажет емес. Егер қандай болса да діни ұйымдар немесе бірлестіктер Қазақстан Республикасы

Конституциясы және елдің заңдарын бұзған жағдайда мемлекет дін саласына араласуы қажет.

Қазақстандық қоғамның тұрақтылығын нығайтуда Қазақстан халқының дін ұстануға еріктілік құндылықтары, діндер мен мәдениеттер сұхбаты, дін саласындағы ақыл таразысына салынған мемлекеттік саясат жолын ұстануы – еліміздегі рухани татулықтың қияли идеясы емес, шынайы өмір құбылысына айналып келеді. 2011 жылдың сәуірінде Қазақстан халықтары Ассамблеясы XVII сессиясының мәжілісінде Н.А. Назарбаев: «Тәуелсіздіктің 20-жылдық тарихы – Қазақстан халқының тұрақтылығы, достығы және татулығының тарихы. Осы жылдар ішінде этносаралық, конфессияаралық теңдіктің тиімді құқықтық базасы жасалды. Ол дін тұту еркіндігі, тілдер, Қазақстан халықтары Ассамблеясы туралы заңдардан құрылған» [3], деп атап өтті. Қазақстандық қоғамның бұдан арғы дамуы да осы мұраттар және күнделікті өмір тәртібі ретінде қабылданған өзара түсіністік және сыйластық, бейбітшілік пен хошкөрушілік сияқты негізге идеяларға сүйенуі керек. Діни татулықтың негізгі мәселелерін қаперде ұстау мысалында Қазақстан діндер диалогы мен олардың бейбіт қатар өмір сүруі тек мүмкін ғана емес, қажетті жағдайға да әкеледі. Өйткені діни төзімділік – кез келген мемлекеттің саяси тұрақтылығы мен әлеуметтік қауіпсіздік факторларының бірі.

Осыған байланысты, демократияландыру және ырықтандыру (либералдандыру) жағдайындағы діни қызметтің алдыңғы орындағы міндеті – халықтың барлық топтарының қазіргі азаматтық бірегейлікті қалыптастыруы болып табылады. Адамдардан айырмашылықтардан гөрі, ұқсастықтарды көбірек тауып, жас ұрпақтың бойында басқа діни дәстүрлерге деген сыйластығын тәрбелеу мәселесі қоғам үшін де, мемлекет үшін де мейлінше маңызды болып табылады. Осы арқылы идеологиялық плюрализм жағдайында әлемге жалған діни қатынастың таралуы және соған сәйкес теріс пиғылды ұйымдарға жастардың тартылуы негізінде азаматтық сананың экстремизациялану қатері өсе түсетінін ескеруіміз қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Сатершинов Б.М. Қазақстан халқы бірегейлігінің этноконфессионалдық үрдістері / журнал «Мирас» № 4, 2016 г.
2. Сборник материалов по предмету «Религиоведение» для преподавателей высших учебных заведений. Ред. А. Әбдірәсілқызы. – Астана, 2015. – 216 с.
3. Назарбаев Н. (Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықтары Ассамблеясының XVII сессиясында сөйлеген сөзінің мәтінінен.18.04.2011 ж.)

Исахан Мұхан

Ph.D.

преподаватель кафедры религиоведения

Египетского университета исламской культуры

«Нур-Мубарак»

Алматы, Казахстан

Арыстанбекұлы Нұржан

докторант

Египетского университета исламской культуры

«Нур-Мубарак»

Алматы, Казахстан

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ АХУАЛДЫ ТИІМДІ РЕТТЕУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ ОЙ-ТҰЖЫРЫМДАР

Abstract

The article analyzes the religious situation in the Republic of Kazakhstan and provides views on its regulation. Several bodies are responsible for the religious situation in Kazakhstan. Each body has its own rights and obligations in regulating the religious situation. However, the Committee for Religious Affairs, which is the main coordinating body, is subordinate to the Ministry of Information and Social Development. Previously, the Religious Affairs Agency and the Ministry of Religious Affairs were responsible for religion. These bodies were closed for various reasons. Opinions were expressed on the need to create an independent body responsible for religion, and new links will be established on this issue.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында діни мәселелерді реттеудің төл елдік тәжірибесі қалыптаса бастады. Біздің елде мемлекет пен діни бірлестіктердің қатынастарын реттеудің жалпы қоғам мойындаған өзіндік қағидаттары бекіп келеді. Тоқсаныншы жылдардағы діни сенім бостандықты қалыптастырудағы кейбір қисынсыз құқықтық нормаларды айтпағанда, негізінен Қазақстандағы діни ахуалды реттеу біртіндеп даму үстінде. Біздің алдымызда мемлекет пен дін арақатынасын реттеуді одан арықарай дамытудың перспективалары түр. Әлбетте, біз діни сенім бостандығын шектейтін эквипотенциялық зайырлылықты [1. 17 б] емес, ұлттық мүддеге сай келетін либералды әрі идентификациялық зайырлылық [2, 187 б] бағытындағы жолды дамытуға тиістіміз.

Мемлекеттің бақылау функцияларын күшейту арқылы діни қызмет саласындағы шектеулер және тыйымдарды жүзеге асыратын, яғни мемлекеттік лицензиялау және басқа әкімшілік қызметтерін күшейтумен сипатталатын жүйе – секуляризм немесе эквипотенциялық зайырлылық деп аталады. Тарих бойынша кейбір мемлекеттердің мұндай ұстанымы діни қауіптердің алдын алу, базбір діни топтардың қауіпті қызметі, олар туындатқан жат діни идеологияға тосқауыл болу

үшін мемлекеттің қатаң бақылауды қолға алуынан туындады. Бірақ, діни қауіптің алдын алуда тек әкімшілік тыйымдар мен шектеулерге арқа сүйеуге болмайды. Кеңес үкіметі осы әдіске жүгінемін деп адам құқықтарына нұқсан келтірген болатын. Оның соңы діни ұйымдардың конспирация (жасырын қызмет) ережелерімен жұмыс істеуіне әкеліп соғады. Мұндай саясат Тәжікстан мен Өзбекстан және Түркменстанды орын алды. Онда билік тіркелмеген ұйымдарды немесе оппозиция жетекшілерін лидерлерін қудалады [3, 98 б]. Бірақ, қатаң шаралар діни экстремизмді тоқтатқанмен, оның түбегейлі алдын ала алмады.

Ал, Қазақстанда қалыптасып отырған діни бостандық динамикасы тым жоғары емес либералды қатынастардың қысқа мерзімінде діни толеранттылық, азаматтардың діни құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, барлық діни бірлестіктер мен азаматтардың тең құқықтары қағидаттарына негізделген мемлекеттік үлгі – негізгі жол болатынын көрсетіп берді. Рұқсат берумен қадағалауды қолға алатын, қадағалағанмен ар-ождан бостандығына шектеу қоймайтын жүйе – қоғамның дамуына серпін беретіні сөзсіз.

Соңғы жылдары сыртта келген діни ағымдардың Қазақстан қоғамына ықпалы күшейе бастады. Тіпті, таяу жылдары діни партиялар құрылуы мүмкін бе? – деген сауалдар талқылана бастады. Діни партиялардың құрылуын жақтамаған сарапшы мамандар мынадай уәж айтады: «Егер, Қазақстанда діннің саясатқа араласуына жол берсек, онда еліміздің унитарлы жүйесіне нұқсан келтіреміз. Сол себепті де мемлекеттік біртұтастықты сақтау үшін Қазақстан Республикасының Ата заңының 5-бабының 3-тармағында: «Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады» [4] деп көрсетілген.

Және осы мазмұндас құқықтық норма Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы Заңының 5-бабының 7-тармағында да көзделген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Атазаңының 5-бабының 4- тармағында: «Республикада басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының қызметіне, діни негіздегі партияларға, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді» деп елімізде діни партия құруға үзілді-кесілді тыйым салынған. Әрі-беріден кейін Қазақстан Республикасы Атазаңның 1-бабында өзін зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын паш еткен. Ал, зайырлылық қағидаттар бойынша дін мемлекеттің саясатына араласа алмайды» [4].

Мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қатынасында әлеуметтік қауіпсіздік, қылмыстың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау, қоғамда адамгершілік ахуал қалыптастыру сынды ортақ мүдделері болуы мүмкін. Мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы қатынастардың қалыпты режимін құруға азаматтардың діни сезімдері құрметтелетін және мемлекет мүдделері ескерілетін мемлекеттік

органдардың қызметін ұйымдастыру, мемлекеттік қызметшілердің діни зерттеулері заң саласында жүзеге асырылатын бірқатар шаралар ықпал етеді.

Біздіңше, қазіргі қолданыстағы «Діни сенім бостандығы туралы заңның кейбір баптарын одан арықарай жетілдіру қажет. Осы тұрғыда мына мәселелерді назарда ұстаған жөн деп білеміз:

- діни бірлестіктердің түсінігі мен түрлері; қарапайым (жергілікті), күрделі (өңірлік) және аса күрделі (республикалық) діни бірлестіктердің болуы;
- республикалық деңгейдегі діни бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелерінің мәртебесі және олардың меншігіне қатысты мәселелер анықталуы керек;

- мемлекеттік тіркеу тәртібін нақтылау;

- діни бірлестіктермен қарым-қатынас жөніндегі мемлекеттік органдардың жаңа жүйесін бекіту [3, 101 б].

Жаңа заңның негізгі мәні ретінде мемлекеттік тіркеу міндетті түрде болуы қажет. Мәжбүрлеп тіркеу институтын енгізуді орынсыз деп санайтындар жоқ емес. Сонымен қатар, қазіргі жағдайды ескере отырып, біз діни бірлестіктерді тіркеу институтын енгізгенді жөн деп санаймыз. Өздерін діни бірлестік, діни топ немесе басқа ұйым деп жариялаған азаматтардың кез-келген тобы жергілікті атқарушы органдарда тіркелуі қажет. Сондай-ақ, тіркелу рұқсат етуші емес, бірақ жариялық сипатта болуы керек. Азаматтар белгіленген тәртіп пен нысанда атқарушы органға өтініш береді, нәтижесінде белгілі бір уақыт аралығында тіркелгені туралы куәлік алады. Бұл куәлік, ұйым атынан түрлі құқықтық қатынастарға түсу мүмкіндігін алуда заңды тұлғаның құқығын алу дегенді білдірмейді. Егер белгілі бір мәмілелер жасау қажет болса, мысалы, діни әдебиеттерді жалға алу немесе сатып алу-сату туралы шарт жасалса, онда оның мүшелерінің бірі діни ұйымның мүдделерін білдіреді. Міндетті тіркеу өте қарапайым рәсімдерді қажет етеді және оны күрделі бюрократиялық процеске айналдыруға болмайды.

Шетелдік миссионерлерге де тіркелуді міндеттеу керек. Бұл жағдайда ол рұқсат етілген сипатта емес, керісінше шетелдік азаматты шақыратын ұйымнан өтініш қабылдау түрінде болуы керек. Алайда, біз бұл институтты қазіргі жағдайда мемлекеттік тіркеудің өте сезімтал мәселелеріндегі шиеленісті азайтуға, кейбір мемлекеттік талаптарды қанағаттандыруға және діни ұйымдардың мүдделерін бұзбайтын ымыраға келудің өзіндік түрі ретінде қарастырамыз.

Басқа заңнамалық актілер де жетілдіруді талап етеді. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі (Жалпы бөлім) діни бірлестіктерді «азаматтардың ерікті бірлестігі ретінде» деп көрсетілген анықтамасынан бас тарту және басқа ұйымдар да осындай бірлестіктер деп танылуы мүмкін деген ережені белгілеу керек. Діни бірлестіктердің тіркелген заңды тұлға ретінде діни бірлестіктерін құруға мүмкіндік берілуі керек. Бұл жерде республикалық бірлестіктерді құру туралы айтып отырмыз. Сонымен қатар, мұндай күрделі бірлестіктерді заңды тұлғалардың кәсіподақтарынан (қауымдастықтарынан) коммерциялық емес ұйымдардың дербес түрі ретінде ажырата білу қажет.

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінде діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік туралы бап қайта қаралуы керек. Әкімшілік жауапкершілікке тартылатын әрекеттер діни ұйымдардың және миссионерлердің тіркеусіз қызметі (бірінші кезекте заңнамаға осындай институттарды енгізу арқылы), діни бірлестік оның жарғысында (регламентінде) айқындалған мақсаттар мен міндеттерге қайшы келетін, саяси партиялардың қызметіне қатысу және қаржылық қолдау қызметін көрсету ретінде танылуы керек. Қайта қарау заңнаманы ғана емес, мемлекеттік органдардың діни мәселелер бойынша қызметін ұйымдастыруды да қажет етеді.

Е.Бурова мен А.Косиченконың әлеуметтік зерттеулеріне қарағанда Қазақстан азаматтарының 55.9 пайызы [5, 119 б] өздерін дінге қатысы бар деп есептеп, оның 26 пайызы дінге қатысты заңнамалардың қоғамға оң әсері болмайды [5, 115 б] деп біледі. Бұл дегеніміз біздің қоғам үшін дін аса маңызды фактор екенін, сондай-ақ, шынында да дін мәселесіне қайта қарауды, әсіресе заңнамалар шын мәнінде қаншалықты қоғам сұранысын қанағаттандыра алады деген мәселеге назар салу керектігін көрсетеді.

Біздің пайымымызша мемлекет діни мәселелермен айналысатын бөлек ведомства (арнайы мемлекеттік орган) құруы қажет. Уақытында кейбір зерттеушілер мұндай орган қажет емес деп санады. Бірақ тәжірибе көрсетіп отырғандай, әсіресе егер біз дінге ұзақ жылдар бойы назар аудармағанын есепке алатын болсақ, тиісті құқықтық және діни мәдениеттің болмауын ескерсек, мұндай органның болуы мемлекеттік органдардың да, діни ұйымдардың да қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажет. Әрине, бұл орган Кеңес Одағының Дін істері жөніндегі кеңестеріне және оның өкілдеріне ұқсамауы керек және басқа ведомстваның құрамында болмауы керек. Яғни, үкіметке емес, тікелей Президентке бағынатын агенттік болуы керек деп ойлаймыз.

Көптеген посткеңестік елдерде мұндай органдардың бар екенін байқаймыз. Олар басқа атқарушы органдардың құрамына кіреді (әділет министрлігі, мәдениет, ішкі істер), үкімет жанында құрылады, тәуелсіз бола алады, консультативті-кеңестік мәртебесіне ие немесе әкімшілік қызметтерді атқара алады. 2011 жылы Қазақстанда Дін істері агенттігі құрылды [6]. Кейін оны (дін мәселесімен шұғылданатын органды) 2014 жылы басқа министрліктің (Мәдениет және спорт) құрамына кіргізді. 2016 жылы қайтадан Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі [7] болып құрылды. Сосын қайтадан 2018 жылы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі құрылып, Дін істері комитеті оның құрамына кірді. Біздіңше, дін мәселесіне жауапты органды қайтадан тікелей Президентке бағынатын агенттік етіп құру қажет. Бұл біржағынан зайырлылық принципіне сай болатын еді.

Дін мәселесімен шұғылданатын мемлекеттік орган арнайы атқарушы және бақылау-қадағалау қызметтерін, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың саласын (сала ішіндегі құрылымдар) салааралық үйлестіруді немесе басқаруды жүзеге асырады.

Осылай етсек, органның діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңнамалық ережелерді орындалуын толық қамтамасыз ете аламыз.

Бұл органның міндеттеріне мыналар кіруі мүмкін:

Біріншіден, Қазақстан Республикасының басшылығы үшін мемлекеттік конфессиялық саясат бойынша ұсыныстар әзірлеу;

Екіншіден, бірыңғай мемлекеттік конфессиялық саясатты жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;

Үшіншіден, елдегі діни ахуалды зерттеу және талдау;

Төртіншіден, мемлекеттік органдардың, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың діни бірлестіктер туралы заңнамасының орындалуын бақылау;

Бесіншіден, мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың шетелдік тәжірибесін зерделеу;

Алтыншыдан, мемлекеттік органдарға дін және діни бірлестіктер мәселелеріне қатысты шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпарат беру;

Жетіншіден, мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы ынтымақтастықты жүзеге асыруға жәрдемдесу;

Сегізіншіден, сараптамалық діни зерттеулерді ұйымдастыру;

Тоғызыншыдан, мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласындағы нормативтік актілерді дайындау;

Оныншыдан, мемлекеттік қызметшілердің діни оқуына жәрдемдесу [3, 103-104 бб].

Сонымен қатар, дін мәселесімен шұғылданатын органның қызметтерін келесідей анықтауға болады:

1. мемлекеттік-конфессиялық саясаттың неғұрлым кешенді және басым бағыттарын айқындау бойынша ұсыныстар енгізу.

2. діни бірлестіктер мен мемлекеттік органдар қызметінің әртүрлі мәселелері бойынша аналитикалық, ақпараттық және анықтамалық материалдар дайындау.

3. діни ұйымдардың, оның ішінде тіркелмеген ұйымдардың есебін жүргізу.

4. діни бірлестіктермен тұрақты байланыстарды қолдау.

5. шетелдік діни бірлестіктермен байланыс орнату және дамыту.

6. мемлекеттік-конфессиялық саясат және діни сенім бостандықтарының жай-күйі туралы ақпарат тарату.

7. дінтану сараптамаларын жүргізу.

8. мемлекеттік органдардың діни бірлестіктердің жетекшілерімен келіссөздеріне қатысу [3, 104-105 бб].

Дін мәселесіне жауапты ведомстваға мынадай өкілеттіктер беру қажет:

– әрүрлі мемлекеттік органдардан діни бірлестіктердің және осы органдардың қызметі туралы ақпарат сұратуға және алуға;

– діни бірлестіктердің ішкі істеріне араласпай қажетті ақпарат сұратуға;

– Осы органның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар дайындау үшін тиісті мамандарды тартуға;

– мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласындағы әртүрлі құжаттарды әзірлеу үшін сарапшылармен уақытша жұмыс топтарын құру;

- діни сенім бостандығын және діни бірлестіктердің қызметін жүзеге асыруға кедергі келтіретін Қазақстан Республикасының министрліктері мен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарының нормативтік құқықтық актілерін тоқтата тұру немесе күшін жою туралы ұсыныстар енгізуге;
- діни бірлестіктердің жетекшілерімен келіссөздер жүргізуге;
- Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының басшылығына мемлекеттік органдар қызметкерлерінің діни зерттеулерін жетілдіру, діни бірлестіктердің қызметіне байланысты мемлекеттік қызметшілерді қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы ұсыныстар енгізу [3, 105 б].

Жалпы, осы салада жүрген мамандар мұндай органның әрекет ету барысында туындауы мүмкін мәселелердің қаншалықты күрделі болатынын сезінеді. Мысалы, ақпарат сұрау құқығы діни бірлестіктің бұл ақпаратты бергісі келмеуімен байланысты болуы мүмкін. Бұл ретте көп нәрсе органның өзіне, сұрақтардың сауатты және дұрыс қойылуына және осы органдардың қызметкерлерінің елдің діни ұйымдарымен байланыс орнатуға және қолдауға қабілетіне байланысты жүзеге асады. Жергілікті деңгейде комитеттің облыстық, республикалық маңызы бар қалаларда және республиканың астанасында республикалық комитет сияқты міндеттері мен қызметтері бар құрылымдық бөлімшелері болуы керек. Орталық және жергілікті органдарда діни бірлестіктердің өкілдері, заңгерлер, дінтанушылар, саясаттанушылар және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінен тұратын кеңестік-жиналыстық кеңестер құрған жөн.

Басқа мемлекеттік органдарға келетін болсақ, оларға діни бірлестіктер мен дінге сенушілерге қатысты арнайы мемлекеттік-билік қызметтерін беру қажет емес. Олар тек дін саласындағы болып жатқан процестерді ескере отырып, қолданыстағы заңнаманы сақтап, жүктелген қызметтерді орындаса жеткілікті. Мысалы, Әділет министрлігі діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу барысында олардың қолданыстағы діни бірлестіктермен байланысын зерттеп, тіркелген діни ұйымдардың саны мен түрлері туралы мәліметтер қорына ие болуы керек. Біздің ойымызша, әділет органдарына тіркеуші ұйымдардың қызметін бақылау қызметтерін сеніп тапсыру негізсіз, өйткені бүгінгі күні олардың қызметіне бақылау емес, әлеуметтік қауымдастықтардың жаңа мүлкін және ұйымдық мәртебесін мойындау – мемлекеттік тіркеу рәсімдері болып табылады.

Ішкі істер органдары өз өкілеттіктері шегінде діни бірлестіктердің қоғамдық тәртіпті бұзуға, азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен бостандықтарына, мемлекет мүдделеріне қол сұғушылыққа байланысты заңсыз әрекеттерін анықтап, алдын алуы тиіс. Бұл жағдайда тұрғындарға ең жақын және азаматтар мен ресми және бейресми ұйымдар туралы әртүрлі ақпаратқа ие учаскелік инспекторларға ерекше рөл берілуі керек.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметі діни мақсаттағы емес, саяси мақсаттарды көздейтін террористік топтар мен жеке азаматтарды анықтауға бағытталуы керек. Қажет болған жағдайда ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдары «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» 1994 жылғы 15 қыркүйектегі

Қазақстан Республикасының Заңында қарастырылған жалпы және арнайы жедел-іздістіру шараларын қолдана алады [8].

Прокуратура органдары діни бірлестіктердің қызметіне адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүдделерін сақтауды қадағалау аясында бақылау жасауы керек. Сонымен қатар, дін саласындағы мемлекеттік органдардың қызметіне де қадағалау жүргізілуі тиіс.

Кеден, салық, білім беру және денсаулық сақтау органдары өз өкілеттіктері шеңберінде діни ұйымдардың қызметіне қатысты мәселелерді шешуі керек. Өз өкілеттіктерін қалыпты орындау үшін, діни бірлестіктермен қатынасқа түсуде кикілжіңдер мен мәселелерді болдырмау үшін, мемлекеттік қызметшілердің діни және құқықтық дайындығына көп көңіл бөлу керек. Әзірге мұндай дайындық деңгейі, әсіресе мемлекеттік аппараттың төменгі эшелондарында қанағаттанарлықсыз. Діни дәстүрлері мығым елдерде де, әртүрлі санаттағы қызметкерлер мен жұмыскерлер үшін мұндай оқыту қажеттілігі алдыңғы қатарда екенін байқаймыз.

Приведенные документы послужили правовой основой для того, чтобы лишить духовенства возможности влиять на воспитание и образование детей, привлекать их в религиозную общину, ее ценности и религиозные практики. А значит, с взрослением этого нового поколения без так называемых «религиозных предрассудков» роль религии значительно снизится.

В фокусе нашего внимания будут трое репрессированных священнослужителей, которые являлись представителями духовенства трех вероисповеданий – ислама, православие, католицизма. Мы рассмотрим их дискурсы и методы, которые они применяли в своей нелегальной религиозной деятельности, в том числе в работе с молодежью. В условиях репрессивной антирелигиозной политики советского государства они продолжали проводить работу с детьми и молодежью, используя имеющиеся возможности.

Источниковой базой исследования являются документы советского государства, касающиеся сферы образования в 1920-1930 гг., архивные дела названных трех религиозных деятелей.

Эти три религиозных деятеля признавали, что наиболее чувствительный удар по духовенству, которая нанесла советская власть, было не только закрытие церквей, мечетей, обложение высокими налогами духовенства, но прежде всего, отсутствие возможностей работы с детьми.

Мирвалиев Темиргалий являлся хазретом «Зеленой мечети» в Акмолинске с 1934 года. Сам религиозный деятель происходил из деревни Старокурмашино Топоринского района Башкирской АССР. Имел высшее духовное образование. Служил муллой в г. Петропавловске, потом был осужден и выслан. С 1930 по 1933 годы находился в ссылке. После возвращения из ссылки он прибыл в Акмолинск (ныне Нур-Султан), став имамом, проводил большую работу по активизации религиозной жизни г. Акмолинска и прилегающих районов, включая нынешнюю Карагандинскую область. Он был тесно связан с Центральным Духовным Управлением мусульман (ЦДУМ) в Уфе, по возвращении из ссылки был назначен мухтасибом данного района. Он проявлял большой интерес к вопросам образования молодежи. Еще в период Российской империи, в 1906 году в Казани он прибыл на съезд учителей, который был отменен, но было проведено собрание под его председательством, где обсуждались учебные программы для школ. Уже в советские годы он принял участие в съездах мусульманского духовенства, которые проходили в 1923 и 1926 году в Уфе. В Акмолинске во время его приезда «Зеленая мечеть» (мечеть № 2) функционировала легально, удалось зарегистрировать ее в городском совете. Однако большинство мусульманского населения, особенно казахской национальности, проживало в аулах. В казахских аулах большую роль в воспитании и обучении детей как основам веры, так и основам грамотности

(арабской вязью) играли аульные муллы. В связи с вышеназванными Постановлением «О религиозных объединениях» (1929 г.) практически невозможно было открыть мечеть в сельской местности, особенно в условиях коллективизации. Многие муллы, лишённые избирательных прав («лишенцы»), оставались за пределами этих процессов. Однако, Мирвалиев поддерживал связь с аульными муллами и способствовал оживлению религиозной жизни через нелегальные религиозные практики, а именно, проведение молений по частным домам. Хазрет Мирвалиев, как указано в материалах архивного дела, указывал, что очень негативным аспектом является то, что советская власть не даёт возможности обучать основам вероучения детей. Поэтому, вопросы привлечения детей к исламским традициям, ложатся на плечи их родителей, с которыми должны взаимодействовать аульные муллы. Активная религиозная деятельность хазрета Мирвалиева и мулл региона, которые ездили по аулам, проводили нелегальные религиозные моления (практика «нелегальных мечетей») вскоре привела к аресту целой группы Акмолинских и Карагандинских мулл, возбуждению коллективного дела по ст. 58 -10, 58-11. Большинство мулл было расстреляно, другая часть получила значительные сроки ИТЛ [5] .

Советская власть, поставив целью воспитать новое поколение советских людей, приверженных коммунистической идеологии, выстроило систему школьного воспитания и обучения, которая предопределяла жизненный проект молодежи в советское время. Молодой человек должен был обязательно пройти ступени октябрёнка, пионера, комсомольца, которые способствовали интернализации советской идеологии антирелигиозной направленности. Поэтому, когда подростки посещали религиозные службы, общались со священнослужителями, это сразу вызывало резкую негативную реакцию со стороны советских властей. Это ярко прослеживается на примере религиозного служения епископа Вениамина в г. Петропавловске.

Епископ Вениамин (Иванов Виктор Ананьевич), 1886 года рождения, уроженец г. Одессы. Имел высшее духовное образование, окончил Казанскую духовную семинарию. Осуждался он в советское время четыре раза. Первый раз, в 1920 году по постановлению ВЧК за контрреволюционную деятельность, осужден на три года концлагеря. В 1926 году Коллегией ОГПУ был осужден по ст. 58-10 УК (за контрреволюционную агитацию) к трем годам высылке в Урал. В июне 1937 году Особым совещанием НКВД СССР за контрреволюционную агитацию, осужден к тюремному заключению на пять лет. Последнее обвинение относится к 19 октября 1937 года, по которому Тройкой УНКВД Северо-Казахстанской области он был приговорен к расстрелу. Приговор был приведен в исполнение 22 октября 1937 г.

Обвинительное заключение по делу епископа Вениамина включало три положения. Первое, обвинение в создании контрреволюционной организации из священников и активных верующих в Кокшетауском церковном приходе, которая занималась дискредитацией советской власти. Вторая часть обвинения заключалась в том, что епископ лично проводил подготовку к переходу

Православной церкви в подполье. Третья часть обвинения состояла в том, что «Иванов в течение 1935 года привлекал к исполнению религиозных обрядов малолетних детей – школьников и с целью создания стимула к церковной деятельности, Иванов производил этих детей в церковные чины» [6]. Это же обвинение в привлечении школьников к богослужению было предъявлено при его аресте 13 февраля 1936 года. Там же указывалось, что он посвятил детей в иподиаконы. Иподиаконы – служители, которые помогают в ходе богослужения архиерею. В Постановлении о предъявлении обвинения и избрания меры пресечения указаны три фамилии мальчиков.

Посещение школьниками церкви и их участие в богослужении вызвало общественный резонанс, была напечатана в местной газете небольшая статья под названием «Архиерей...в школе» (1936), написанная в разоблачительном тоне. Статья начинается словами: «Петропавловский архиерей Веньямин, пастырь Зенковской церкви скорбит об упадке веры и собственного благосостояния» [7]. Далее, сказано, что архиерей «оплел тонкой паутиной школьников еще не могущих разобраться как следует в сладкоречивых напевах» [8]. «Из учников трудовой советской школы он готовит поповских прислужников, заставляет их помогать ему при исполнении служебных дел» [9]. Естественно, следовал вопрос «Как это могло случиться?», где были комсомольская и пионерская организация школ, горком комсомола, допустившие, чтобы ученики и дети подпали под влияние священника. Далее, выяснилось, что родители знали, что их дети посещают церковь. Автор газетной статьи применил фразу, что родители «детей калечат». Родители детей, помимо одного родителя, который был протодьяконом, работали и служили в советской системе снабженцами, завскладами и др. Далее следовали обвинения учительницы в том, что она знала, что ее ученики после уроков шли в Зенковскую церковь и подавали кадило архиерею. Обвинения приводятся и в адрес одноклассников, товарищей этих школьников, которые не доложили об этом. Далее, требование «Мы требуем привлечения к строжайшей ответственности Иванова» [10]. Далее, «Надо принимать устранять причины, позволившие старой лисе безнаказанно вербовать «кадры» среди советских школьников» [11]. В статье рисовался непривлекательный образ епископа: «объемистые, архиерейские карманы отопыривались туго набитые», «проходимец», «старый лис» [12]. Глаголы с негативной коннотацией «оплел тонкой паутиной», «вербует», «заставляет их». В деле имеется фотография епископа Вениамина с детьми. Эта статья так же была методом антирелигиозной пропаганды.

Несмотря на «упадок веры», на который указывал автор статьи под псевдонимом Легерт, православный епископ смог привлечь подростков в церковь, и даже вовлечь в выполнение религиозных служб.

На наш взгляд, эффективная деятельность епископа Вениамина, привлекшего подростков в церковь и богослужение была одной из причин его повторного ареста и повторного обвинения, которое была завершено расстрельным приговором в итоге.

Следующий пример по работе с молодежью в условиях антирелигиозной политики представлен католическим ксендзом Иосифом Кучинский. Здесь необходимо обратиться к контексту, в котором исполнял свое религиозное служение данный ксендз. Иосиф Кучинский, 1904 г.р., уроженец деревни Бучи, родился в семье кулака. Обучался в Житомирской гимназии, в духовной семинарии г. Луцка, получил высшее духовное образование в католическом университете Парижа, на философском факультете, доктор философии. В Луцке Кучинский имел опыт работы с молодежью, руководил молодежным отделом организации «Акция католическая». В 1945 году И. Кучинский было осужден вместе с другими католическими ксендзами из Западной Украины и приговорен к 10 годам ИТЛ [13]. Срок отбывал в Воркуте. Далее, Иосиф Кучинский прибыл в Казахстан, на ст. Тайынша Казахстан был выбран потому, что в результате депортации поляков в 1936 году, в казахских степях возникли села с значительным количеством польского населения. Как показано в наших предыдущих исследованиях, депортированные поляки были религиозными людьми, привозили с собой молитвенники и даже культовые предметы. Местные жители, преимущественно поляки, купили и оборудовали частный дом под костел. С приездом И. Кучинского активизировалась религиозная жизнь католиков Северо-Казахстанской области. Большое внимание ксендз уделял привлечению молодежи к католической религии, что было замечено властями. Среди поляков, посещавших костел на ст. Тайнша, выросло количество молодых людей. В 1958 году он был арестован. Приговор от 25 февраля 1959 года содержал обвинение в хранении религиозной антисоветской литературы, в антисоветских высказываниях. Помимо этого, в вину И. Кучинскому вменялось то, что он отрывал молодежь от коммунистической идеологии. (Ф26. Д. 03026, с. 209). В результате Иосиф Кучинский был приговорен 25 февраля 1959 года к 10 годам, затем наказание было снижено до семи лет [14]. Был освобожден в 1965 году, выехал на Украину и умер в 1982 г.

Все три примера свидетельствуют о том, что влияние на детей, молодежь было важнейшей сферой как для советской власти, так и для религиозных организаций. Советская власть, ставя целью формирование нового человека, с первых месяцев своего существования направило усилия на вытеснение духовенства из сферы образования и просвещения. К 1929 году в результате реализации Постановления ВЦИК и СНК РСФСР (08.04.1929) священнослужители отстранялись от любой формы работы с детьми. Понимая ключевое значение для будущего религии работы с детьми, духовенство находило возможности работы с детьми, молодежью, что вызывало негативную реакцию советских властей, привлекало внимание к этому представителю духовенства, и, становилось одним из оснований для ареста, фигурировало в качестве пункта обвинения.

Список литературы:

1. Русская церковь и коммунистическое государство. 1917-1941 г. Документы и фотоматериалы. – М.: Издательство ББИ св. апостола Андрея, 1996. – 352 с.

2. Протоколы Комиссии по проведению отделения церкви от государства при ЦК РКП (б) -ВКП 9(б) (Антирелигиозная комиссия). 1922-1929гг. – М.: Изд-во ПСТГУ, 2014. – 381 с.
3. Ислам и советское государство (1917-1936). Сборник документов. Вып.2 – М.: Издательский дом Марджани, 2010. – 208с.
4. Архивы Кремля. Политбюро и Церковь. 1922-1925. Кн.1. Сост. Н.Н. Покровский, С.Г. Петров. – М. РОССПЭН; Новосибирск: «Сибирский хронограф», 1997. – 600с.
5. СГА МВД РК. Ф 1А, Оп. 1. Д. 1400. В 9 т.
6. СГА ДП СКО Ф.16. Д.1485. Л. 93.
7. Там же. Л. 4.
8. Там же.
9. Там же.
10. Там же.
11. Там же.
12. Там же.
13. СГА ДП АО. Ф.26. Д.03026. Л.157-162.
14. Там же. Л. 209.

Абдуллина Жібек

филолог-краевед

председатель познавательно-патриотического клуба «Руханият»

при Актюбинском областном краеведческом музее

Актобе, Казахстан

**ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕ ДІНДАР АДАМДАР ҮШІН
СЫНАҚ, АЗАП ЖӘНЕ ҚҰРБАНДЫҚҚА ШАЛЫНҒАН ДІНИ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ОРНЫ РЕТІНДЕ. ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ДІН
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚ ТУРАЛЫ ЖАДЫМЫЗДЫ
ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ**

Ислам ағартушылығы дәстүрі Құран Кәрім, хадис және сахабалар ілімдерімен толыға түскендігі аян. Исламды дүние жүзіне тарату мақсатында дін жолындағы бабалар ұрпақтарын хадистерімен тәрбиелеп, қазақ даласында елдің рухани азып, тозуына жол берген жоқ. Мұсылмандық ағартушылық қызмет атқарған халық арасындағы құрметті ақылгөй абыздар имандылық бағытына үндеді. Мешіттер ашты, медіреселер салып, ұрпақтарына да өсиет еткендей. Тарих беттеріне үңілсек, қоғам мен адамдар арасында көп түсініспеушіліктер болған. Сол кезеңдердегі елдегі орынсыз қудалау, жәбірлеу, қазақ тарихында өшпестей із қалдырған жандар - ол діни қайраткерлер еді [1, 122 б.].

Ақтөбе өңірінде өткен ғасырларда жүздеген діни қайраткерлер өмір сүрген. Қайсыбірі, тағдыр тәлкегіне ұшырап, саяси қуғындалып жер аударылған. Сібірге, итжеккенге айдалып, тас түрмелерде аштықтан өлген. Олар ұлт тұтастығымен дін тазалығы жолында бүкіл ғұмырларын арнаған ахун, ұстаз, хазірет, имам, ишандар. Бүгінгі біздің мақсатымыз дінтану ғылымы дамуының қазақстандық және әлемдік тәжірибесін қалыптастыру. Соның ішінде қалыптасқан ғылыми парадигмалар мен зерттеу стратегияларын ұғыну. Қазіргі заманғы әлемнің сын қатерлері жағдайында келешекті ұғыну болып табылғандықтан бүгін біз зерттеп-зерделеген кеңес дәуірі кезіндегі дін қайраткерлері мен саяси қуғын-сүргінге ұшыраған дін өкілдерін ақтап алу. Халқына қалтқысыз қызмет еткен, ұлтының келешегі үшін күресе білген, сол заманның кеңестік қуғын-сүргініне тап болған дін өкілдерін (ахундар мен хазіреттер, имамдар мен қалпелер) қудалау діни білім беру жүйесіне нұқсан келтірер құбылыс еді. Дін өкілдері кеңес өкіметі орнағанға дейін діни бірлестіктер мен мешіттер, медреселер ашып, зиялылықтың дара үлгісін көрсеткен еді. Өкінішке орай, сол кездегі өкіметтің соқыр саясатына кез келіп, мешіттерде діни оқулар тоқтатылды. Мешіттер жабылды, қиратылды. Құран кітаптар өртелді [2]. Ал діни қайраткерлерді қуғынға ұшыратып, тас түрмелерге тоғытып, Сібірге итжеккенге айдады. Отбасыларын мал-мүлкілерін мемлекет меншігіне өткізіп, өздерін жер аударды.

Сол кезеңнің атеистік «Дін апиын» саясаты бүкіл халықтық геноцид еді. Кеңес өкіметі кезінде дәстүрлі дін ұстанатын имам-ишандар мен қожалар идиологияның қыспағына түсті. Дін өкілдерінің мақсаты – еліміздің іргесін бекіту, әлемдік өркениетке қосылуы, ұлттық мәдениетті дамытуға ықпал жасау; мешіт салып елді имандылыққа, руханилыққа тәрбиелеу; медресе-мектеп ашып халыққа білім беру жұмысын ұйымдастыру еді.

ДІН СӘУЛЕСІН ТҮСІРГЕН

*Өткен тарих шежіредей болып жүр,
Ой ойласам қорқынышым толып жүр.
Кампескенің тізіміне үңілсем,
Онда менің бабаларым болып жүр.*

Бабалары дін жолын ұстаған Абдолла (Әбдірахман) Амандықұлы (1829-1905) ауыл молдасынан сауат ашқан 15 жасар ұлы Бисенді 1893 жылдары Өзбекстанның Бұқардағы Көкілташ медресесіне берген. 3 жылдық медресені бітірген жас шәкірт елге оралмастан Түрік мемлекетіне білімін тереңдету мақсатта жүріп кетеді. Бұл кезеңдерде әкесі Абдолла екінші рет қажылық сапарға аттанып, елге оралар қайтар сәтте теңізде белгісіз науқасқа шалдығады [3, 324 б.]. Өмірінің соңғы сағатының соққанын ұғып, елге жете алмайтынын білген Абдолла қажы сапарлас қажылардан еліне дұғай сәлем жолдап: Болашақта қазақ даласында діни білімнің аса маңыздылығын, рухани байлығын, ғылымды меңгерудің пайдасын, рухани байлықтар – мұрат, дін, этика өнер және даналық, адам тағдыры туралы саралай келе, өзінің қажылық сапарда Жерорта теңізінде қалатынын ұғып, шет жерде оқып

жатырған ұлы Бисеннің елге оралған сәтін көре алмайтынына өкініш білдіреді. Көкірегіндегі асыл арманы үміт еткен ұлының шет жерден оралғанда атақонысынан мешіт үйін тұрғызып мақсат еткені. Артында қалып бара жатырған отбасына, ұрпақтарына “Бір ғасыр өткенде бір ұрпағы бір уыс топырақ алып кетер” - деп, болжам жасап, кемедегі қажыларға өзінің денесін арулап теңізге тастауын, олар елге аман-сау жетер күн туса, отбасына жол қапшығындағы киім-кешегін, тұтынған бұйымдарын жеткізіп, атақонысы Жаманкөлдегі қорымға көміп басына белгі қоюын тапсырған [4, 325 б.].

Алыс сапардан елге оралған қажылар отбасына қаралы хабар беріп, қажының өсиетін жеткізеді. Бұл тосын уақиға ағайын-туыстарына үлкен сынақ еді. Өйткені отағасысынан өлі айырылып, ұлы Бисеннен тірі айырылып қалған байғұс аналар Науша, Рәзия тағдырдың бір сынағына тап болғандай. Енді шет жерде, жат елде білім іздеп жүрген ұлы Бисеннің елге келіп жетуі екіталай кезең еді. Арада жылдар өткенде шет жерден еліне оралған Бисен Абдоллаұлы атақонысы Жаманкөлге жеткенде мезгіл жаз айы болса керек. Жаздың тамылжыған тамаша күндерінде 23 жастағы жас имам елін, туған жерін, ағайын-туысына жеткенде сағыныштан сарғайып, келер деген үміттері азайып отырған ағайындары қуанып, аналары Науша мен Рәзия “ұлың келді” - дегенге сенбей екі есті халге түскен. Елдегі мән-жайды ұққан жас имам енді әкесі Абдолланың аманатын орындау жолында мешіт салу ісін қолға алады. Әке аманаты бойынша киім-кешегі мен жол қапшығындағы бұйымдарды ата-қонысындағы қорымға көміп, басына айшықты белгітас орнатады [5, 325 б.].



*Қобда бойы – Жаманкөл ел жайлауы,
Атақоныс саналатын қойнауы.
Тым алыстан сағымданып көрінер,
Мешіт үйі – аруақтардың қорғаны.*

Бисен хазірет елге оралған соң Ойыл, Қобда, Темір аудандарына танымал әйгілі шебер Бірмағамбет (Бірман) Көшімқұлұлы (1846-1922) ұстаның көмегімен атақонысы Жаманкөл жайлауынан 1910-1912 ж.ж.мешіт тұрғызады. Көшімқұлұлы Бірман руы – Тартулы Табын, Қобда ауданы, Құмсай ауылында дүниеге келген. Ерекше қасиет иесі, құрылысшы, сәулетші, шебер. Жас кезінен Қазан, Уфа, Троицк, Бұхарада құрылыс және дін оқуын оқыған. Шет жерде 3 жыл мешіт салатын шеберлерге еріп жүріп тәжірибе жинақтаған. Ақтөбе облысы аймағына Бірман ұста көптеген мешіттер мен 2 медіресе салған [6, 46 б.].

Бірман Көшімқұлұлы “мешіт Алланың үйі, мен оған ақы алмаймын” - деп, Аллаға мінажат етіп, құрылыс жұмысына өзі басшылық жасаған. Бойында туа біткен тылсым күшпен мұсылман пірлерді жеккен деседі. Мешіт құрылысының жұмысын кеш батып, ай туған кезде, айдың жарығымен өзі жүргізген. Сол мандағы елге әр кеш сайын құнан қой сойғызып, құрылыс басына ас жеткіздіріп отырған. Бір

ғажабы, түн жарымында құрылыс басында көз ілеспес жылдамдықпен қаланып жатырған жұмыскерлер құран аяттарымен ауыздықтап, құрылысқа жеккен мұсылман пірлері деседі. Бірман шебердің қатаң ескертуімен ол маңға адам аяғы баспайды екен. Оқыс барып қалған жандар беймәлім көріністердің куәсі болған [7, 48 б.].

1912 жылы мешіт ашылып Бисен хазірет сол өңірдің балаларын оқытып, тіл сындырып, ағартушылық ілімге баулиды. Ол үлкен рухани орталыққа айналған. Бірман шебер салған мешітте жас хазірет 16 жыл бойы сол маңның балаларын араб тіліне сауаттандырып, ересектерге мұсылмандық ілімдерін таратып, жас балаларды сүндетке отырғызып, жаңа үйленген жастардың некесін қиып, жұма намазы күндері азан шақырылып, мұсылманның бес парызын, оның орындалу жолдарын насихаттайды. Жаңа мешіт іргетасы табиғи тілім тастармен қаланып, қабырғалары саз балшықтан өрілген. Көлемі: ені 8 м., ұзындығы 15 м., биіктігі 3 м., 10 терезесі, 1 үлкен есігі бар. Мешіт ғимараты 2 бөлмеден тұрады: үлкен намаз оқитын бөлме және кіре беріс бөлме [8, 326 б.].



Қызыл империяның дінге қарсы әйгілі қаулылары шыққанға дейін, атағы дүрілдеп, ел құрметтейтін орын болған. Архив мәліметтеріне сүйенсек 1929 жылы 8 сәуірде БОАК РКФСР ХКК-нің қабылданған «Діни бірлестіктер туралы» қаулысымен дін қызметіне шектеу қойылып, шіркеулер мен мешіт ғимараттары мәдени-ағарту орындарына беріледі. Қазақ өлкелік комитетінің барлық діни мектептерді жабу туралы қаулысы шыққан. Құдайға құлшылық жасау, діни жиналыстар, діни мерекелер өткізу кеңестік жүйеге жат деп саналып, оған мүлде тиым салынды. Осы қаулылардан кейін барлық шіркеулер, мешіттер, храмдар жабылып, оның дүние-мүлкі мемлекет меншігіне көшіріліп, дін қызметкерлері және олардың отбасыларына да қысым көрсетіле бастаған.



Бұл кезеңдерде Бисен хазірет мешіті жабылып, мемлеттік мекеме есебінде контора, кейін тұқым сақтайтын қамба болған Совхоздың ірі-қара малы да қамалған. Бір ғажабы, қай кезде де есігіне құлып салынбайды, ешнәрсе де жойылмайды. Бисен Абдоллаұлы дін өкілі ретінде қоғамға қауіпті жан есебінде сайлау салу құқығынан айырып, көпшілік орындарға баруға тиым салып, өкіметтің назарында болған [9, 12 б.].

1929 жылы Өтешсай ауылдық кеңесіне келген тізімде Бисен хазіретке 58 бабпен «Халық жауы» деген жала жабылып, дүние-мүлкін тәркілеу, өзін жер аударуға нұсқау келеді. Қуғында жүрген хазірет замандастарына өз басындағы жайды баяндай келіп: “Соғыс кезінде өкімет имам-ишандармен ісі

болмай қалды-ау,”- дейді екен [10, 327 б.]. Елге бейбіт өмір келген кезде ұлы Османғалы Орынбор облысы, Ақбұлақ ауданына қоныс аударып, жаңадан ашылған Бор зауытына өз мамандығы бойынша қызметке тұрады. Енді естерін жиып, еңбек майданына араласқан кезде, іздеуде жүрген Бисен Абдоллаұлы ҰҚК құрығына ілінеді. 1951 жылы жасының қартайған шағына қарамастан «Халық жауы» деген желеумен тұтқындалып, Орынбор қаласындағы түрмеге жабылады. Арада айлар өткенде 58 бабпен жазаланып, жазасын өтеуге Сібірге Иркутск өлкесіне, Тайшет түрмесіне қамалады. Бұл тозақтан тек 1956 жылы бостандыққа шығады.



Бисен Хазірет. Иркутск өлкесі,

Талайлы тағдыр иесі замананың сан түрлі сынағынан өтіп, 1963 жылы ұрпақтарымен тарихи Отанына, Қазақстанға қоныс аударады. 1969 жылы 91 жасқа қараған шағында өмірден өткен. Өзінің өсиеті бойынша Құмсайдағы Бірман ұстаның қасына жерленген. Еліміз тәуелсіздік алып, колхоз-совхоздар тараған кеткен кезде Жаманкөлдегі Бисен хазірет мешіті күтімсіздік күй кешкен. Ашық аспан астында Қобда өзенінің бір саласында, иен дала болып қалған аймаққа қорымға жалғас жетімсіреп тұрған мешіттің төбесіндегі ағашын, жабынды темірлерін әлдекімдер құрылысқа, әлде отынға пайдалануға алған [11, 12 б.].



“Бұл мешіт ғасырдан астам ашық аспан астында тұрса да, басқа аймақтардағы салынған мешіттерге қарағанда әлі де біраз жасауы мүмкін. Бабамыз Бірман ұстаның қолынан шыққан құрылыстың мығымдығы сонша, күтімсіздік күй кешкенімен төбесі ашық, қабырғалары әлі де жақсы күйінде сақталғандығы табиғи материалдардан жасалынып, сапасын сақтауы және ұзақ жасауы да ғажайып құбылыс” - дейді, әйгілі шебер Бірмағамбет ұстаның ұрпағы шөбересі көзі тірі 88 жастағы Ғалымжан Бірманов.



Қасиетті қазақ жеріне Тәуелсіздік таңы атқан кезде ұрпақтары бабалар аманатын орындау мақсатында 2005 жылы Құмсайдағы Бисен хазірет бейітіне Абдолла хазіреттің қажылық сапарда Жерорта теңізіне кеткен жерінен теңіз тастары әкелініп, құлпытас етіп, ескерткіш қойылды. 2015 жылы Жаманкөлдегі Абдолла қажы Амандықұлы тас белгісіне Жерорта теңіз тастары әкелініп салынып, Бисен хазірет мешітіне «Бисен хазірет мешіті» - деген тақта қойылды [12, 49 б.]. Мешіт киелі халық қастерлер орын. Сол заманнан қалған



сәулет ескерткіші. Ата-баба рухын құрметтеп өтер келер ұрпақтың жадында сақталар ғибарат. Мешітке таяу жерде қажылық сапарда опат болған Абдолла қажыға арнап Тарақты руының таңбасымен, араб жазуларымен жазылған биік құлпытас көрнекті жерден орын алып, мен мұндалап алыстан көрініс береді.



2021 жылы сол елдің азаматтары ақылдаса келе көне қорымды, мешіт тұрған аймақты қоршау жасап, Бисен хазірет мешітін де қалыс қалдырмады. Қауым басына шағын үй салынды.

Бүгінгі күні халқымыз қастерлейтін жәдігерлердің асыл қазынасы екендігі Аллаға да, адамға да аян. Өңдеу-жөндеу жұмыстарын жүргізбегенімен мемлекет қамқорлығына алынса нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені, мұндай көне мешіт үйлерінің сонау ғасырдан бүгінге дейін сақталып қалуы саусақпен санарлық.

НҮРҒАСЫР МЕШІТІ – ХАЛЫҚ АЙНАСЫ

2010 жылы Ақтөбе қаласының орталығынан халықтың қалауымен сәнді ғимарат «Нұрғасыр» мешіті ашылып, төменгі қабатынан «Руханият» музейі өз алдына облыстық музей болып ашылды. Алғаш жабдықталған кезде көркемдеу әсемдеу жұмыстарын музей директоры «ҚР Мәдениет қайраткері» зергер-шебер Атыраубаев өз қолымен жасады. Музейге қажетті экспонаттар мен діни қайраткерлер мен Алаш ардагерлері туралы мәліметтер жинастыру мақсатта көп жұмыстар жүргізілді. Музей басшысының ұйғаруымен қоғамдық негізде клуб жұмысы қолға алынды.

Шеберлер клубы – ұлттық қол өнері мен киім-кешек тігу, зергерлік, мүсіншілік, тері өңдеу түрлері. Бұл клуб жұмысын шеберлер, өрімшілер мен киім тігетін бойжеткендер жүргізіп, шеберлік сағаттарын өткізіп, көрме ұйымдастырылып, наурыз мерекелерде, жәрмеңкелерде өнімдерін сатылымға шығарып отырды.

Сырласу клубы – жасөспірім қыздар мен келіндер мектебі, сол кезеңдегі бүркеншек орамал тарту, отбасы жанжалдары мен зорлық-зомбылық туралы сырласу сағаттары жүргізілді. Облыстағы жоғары оқу орындарынан, колледж, мектептерден озық психологтар қатысып, мешіттерден имамдар, ортаға ойларын салып отырды. Тыңдармандар «Аңсар» орталығынан, студент жастар, оқушылар.

«Руханият» клубы – өткен ғасырдың 20-50 жылдарындағы сталиндік репрессияға, қуғын-сүргін құрбандары ұрпақтарымен кездесіп, олардан ата-бабалары туралы мәліметтер мен тұтынған заттарын жинастырумен айналысады. Ақтөбе өңіріндегі Алаш ардагерлері мен қазан төңкерісіне дейінгі уақытта мешіт-медіреселердің пайда болуы, дін өкілдерінің сабақ жүргізіуі мен қуғынға ұшырағандардың өмірін зерттейді.

«Руханият» клубының жұмысы аясында діни қайраткерлер мен Алаш ардагерлері ұрпақтарын іздестіріліп, дін өкілдерінен сақталған, олар тұтынған құран, жайнамаз, тәспі, киім-кешектері музейге тапсырылып, хазірет, ахун, имам,

молдалар өмірінен мәліметтер жинастырылады. Көктем, жаз, күз мезгілдерінде аудандарға сапарға шығып, көне мешіт орындарын іздестіріп, картаға түсіріп, экспедициялар ұйымдастырылады. 2017 жылы республикалық «Тұран» телеарнасымен бірлесіп бес бөлімнен тұратын діни қайраткерлер мен ел арасында атағы қалған емшілер сынықшы және репрессия азабын бастарынан кешіп қуғындалған имам, ишан, хазіреттер өмірінен деректі фильм түсірілді. [13]

Қобда ауданының құрылғанына 90 жылдық мерейтойына тарту

«Батырлар елі» атанған Қобдалықтар үшін 2019 жыл есте қалар елеулі жыл болып тарих төрінен орын алды. Ол Қобда ауданының құрылғанына 90 жылдық мерейтойы. Осы орайда аудан әкімшілігі қолдауымен ауданның мәдени рухани дамуына, көркеюіне зор көңіл бөлініп, бірнеше нысандар пайда болды. Адамдар игілігі үшін демалыс орындары бой көтерді.



Сол игілікті іс-шаралардың бірі - Қобда селосына кіре берістегі тоғыз жолдың торабында тұрған "Шәріп молда" мешіті жанына «Туған жерге тағзым!» акциясы аясында діни қайраткерлер ұрпақтарының демеушілігімен жаңа заманауи талаптарға сай жабдықталған «Руханият әлемі» аллеясы. Ол маңға Ұлы Октябрь революциясына дейінгі заманда Қобда өңірінен шыққан 23 дін өкілдеріне ескерткіш тақта қойылып, құран бағыштады.

2022 жылдың 8-сәуірінде Ақтөбе өңірінде орналасқан киелі орындар, мешіттер мен қорымдар және 19-20 ғасырларда облыс аумағында рухани-ағартушылық қызмет жасаған діни қайраткерлердің өмірі жайында жазылған Жібек Абдуллинаның «Руханият әлемі» атты кітабының тұсаукесері өтті. Кітапта Ақтөбе өңірінде өмір сүрген 65 дін өкілі және 13 мешіт туралы деректер қамтылған. Олардың арасында Қазақай ахун, Досжан ишан Қашақұлы, Ешнияз ишан Пұсырманұлы т.б. дін өкілдері бар. Облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен «Руханият» танымдық клубының және «Аманат» экспедициясы аясында жүргізген зерттеулердің негізінде жазылған жаңа кітап аталмыш музейдің қолдауымен шығарылды. Шара аясында қатысушыларға «Аманатқа адалдық» бейнефильмі және «Аманат» экспедициясының материалдарынан жасақталған фотокөрме ұсынылды [14]. Жібек Абдуллина бірнеше жыр жинақтарының авторы («Өмір өрнектері», «Жүрек мұңы», «Қобда бойы – Жаманкөл ел жайлауы», «Дін сәулесін түсірген», «Менің атам-майдангер» «Руханият әлемі» т.б. шағын кітапшалар.) облыстық, қалалық әкімшіліктен Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттардың, Қобда ауданының 90 жылдығына орай «Қобда-90» 2019ж., «ҚР патриоты» 2021 ж. «Тәуелсіздікке қосқан үлесі үшін» 2022 ж. төсбелгілерінің иегері, «Руханият» танымдық клубының және «Аманат» экспедициясының жетекшісі.

Тарихи тұрғыдан алғанда осынау аз ғана жылдар ішінде еліміздің экономикалық дамуы да, саяси-әлеуметтік келбеті де, мәдери-рухани ұстанымдары мен өлшемдері де зор өзгеріске ұшырады. Соның нәтижесінде еліміз бүкіл әлемдік кеңістік пен әлемдік саяси аренадан өз орнын бекітті. Адам рухани тұрғыдан

жетілген сайын оның рухани құндылықтарға деген сұраныстары ұлғайып, олар бірте-бірте өмірінің мәнді өзегіне айналды. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған. Өз елін сүю, өз халқын құрметтеп, оған адал болу, Отанды қорғауға әзір тұру халықтар арасындағы достықты нығайту, бейбітшілікті сүю, ел үшін жанын пида ету, ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыру ғылыми, шығармашылық-ізденімпаздық көзқарасты қалыптастыруды тәрбиелік іс-шараларда үнемі жүзеге асырып отыру қажет. Отанын, елін, жерін, халқын, тілін, дінін сүйетін ұлтжанды жас ұрпақты тәрбиелеу бүгінгі күннің басты мәселесі деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Діншілдік, дінаралық келісім және рухани тәрбие» ғылыми конференция материалдары, Ақтөбе, 2016.
2. «Қазақстандағы «Дін дүрбелеңі»: кеңестік биліктің дінге қарсы репрессиялық шаралары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, Алматы 2021.
3. А.Мусаев, Шығармалары 2-том, Алматы 2009.
4. А.Мусаев, Шығармалары 2-том, Алматы 2009.
5. А.Мусаев, Шығармалары 2-том, Алматы 2009.
6. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Діншілдік, дінаралық келісім және рухани тәрбие» ғылыми конференция материалдары, Ақтөбе, 2016.
7. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Діншілдік, дінаралық келісім және рухани тәрбие» ғылыми конференция материалдары, Ақтөбе, 2016.
8. А.Мусаев, Шығармалары 2-том, Алматы 2009.
9. Ақтөбе қалалық мұрағат. «Дело 3-2-25. “Список лиц, лишенных избирательного голоса на основании ст.65 Конституции СССР. №44. Абдуллин Бисен. Причина отвода – имам. Адрес. №2 аул. Хабдинская волость»
10. А.Мусаев, Шығармалары 2-том, Алматы 2009.
11. А.Мусаев, Бисен Хазырет, Ақтөбе 2008.
12. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Діншілдік, дінаралық келісім және рухани тәрбие» ғылыми конференция материалдары, Ақтөбе, 2016.
13. Рухани саяхат. Ақтөбе сапары ТұранТВ. URL: <https://youtu.be/w4sNjRdHxeE>, кіру күні 13.01.2020
14. 65 дін қайраткерінің дерегі қамтылды, Ақтөбе газеті. URL: <https://aqtobegazeti.kz/?p=111680>, кіру күні 12.04.2022

Сайынов Дәурен

магистр истории

член региональной комиссии

по реабилитации жертв политических репрессий

Актобе, Казахстан

АҚТӨБЕ Өңіріндегі діни тұлғалардың құдалануы (XX ғ. 20-30 Ж.Ж.)

XX ғасырдың 20-30 жылдары кеңес билігі құдайсыз қоғам құруға бағыт алды. Діни тұлғалармен және діндарлармен күресу үшін аймақтарда дінге қарсы ұйымдар құрылды. Сондай ұйымның бірі Қазақстан Аймақтық Комитетінің (Казкрайком) жанындағы «Уағыз-насихат» бөлімі болды. Бұл ұйым қазақ даласындағы діни ахуалды саралап, орталыққа келесі мәліметті жолдаған. «XX ғасырдың басынан бастап қазақ жастары арасында мұсылмандыққа еген қызығушылық артып келеді. Қазақ ауылындағы қоғамдық және экономикалық қарым-қатынастардың барлығы ислам дінімен тікелей байланысты. Ауылдағы діндарлықтың артуына мұсылмандық ұйымдар (мусульманское духовенство) және діни тұлғалардың (ишан, молда) ықпалы жоғары. Олар ауылдағы ұсақ және ірі буржуазиялық, ұлтшылдық ұстанымдарға рухани қолдау беруде. Жалпы бұл құжатта қазақ қоғамындағы діни сананы кеңестік шығыс елдеріндегі мұсылмандықпен салыстырғанда қазақтар жартылай патриархалдық рулық қарым-қатынаста діннің ықпалы ерекше делінеді» (әр рудың молдасы бар). Сонымен қатар, қазақ қоғамында діни фанатизм қалыптасқан, кеңестік қоғамда сопылар, ишандар қозғалысы сақталған. Кеңес билігі әлсіз өңірлердің ауылдарында кеңестік құқық нормаларының орнына шарифат соты мен ақсақалдар, ру басшылары мен байлардың қоғамдағы ықпалы жоғары екендігі баянадалады. Қазақ ауылындағы тұрғындар арасындағы діндарлықтың артуы мен мұсылмандық қозғалыстың дамуы сырттан келетін мұсылмандық ұйым өкілдерінің (татар және өзбек) консервативтік діни қайраткерлердің белсенді діни қызметтерінің орны ерекше екендігін көрсетеді.

Қазақ қоғамындағы мұсылмандық ұстанымның дамуының басты себебі, қазақтарды Орталық діни басқармаға кіргізуі (Уфа қаласындағы ОДБ) үлкен қателік болды деп көрсетіледі. Қазақ қоғамындағы діннің дамуын тежеу мақсатында, әсіресе мұсылмандық қозғалыстың қызметін тоқтатуда, кеңес билігі дінге тікелей шабуылға кірісу керек деп, келесі Қазақстан Аймақтық Комитеті келесі төмендегі 20 бағыттан тұратын шешім қабылдайды.

1. Орталық Комитеттің шешімімен 18 жасқа дейін діни білім алуға тыйым салу.
2. Қазақ қағамынан мұсылмандық діни басқарманы ажырату, діни қызметтің басшылық жүйесін, діни қайраткерлердің қызметін тоқтату, оларды жою, бірін-біріне қарсы қою.
3. Қазақ ауылында партия қызметін жандандыру, тек қазақ қоғамында ислам дінін теріс түсіндіру, ислам дінін материалистік идеялармен түсіндіріп, қоғамдағы шарифат туралы түсініктерді жою.
4. Қазақ ауылында діни

қайраткерлерді, молдалар, ишандар мен сопылардың діни сезімі мен ар-ожданынына қайшылық келтірмей, олардың қоғамдық, хұқықтық, білім-ағартушылық, емшілік-тәуіптік қызметімен күресуді жүйелі жүргізуді ұйымдастыру. Ол үшін, қазақ ауылында кеңестік қоғамды дәріптейтін, қазақ тіліндегі мерзімді баспа, театр, жастар арасында комсомол ұйымын, кеңестік халықтық сот жүйесін құру. 5. Қазақ ауылында кеңестік мектептердің қызметін күшейту. Бүкіл кеңестік мектептер қазақ ауылында мәдени-ағартушылық пен саяси-ағартушылықтың орталығына айналуы қажет. Ол үшін мектептерде тұрғындардың, оқушылардың басын қосатын неше түрлі ұйымдар ұйымдастырылу керек. Мысалы, табиғатты аялаушылар, өлкетану, ауыл шаруашылығы, сауаттылық, хұқықтық сауаттылық және т.б. кружоктар шығармашылық ұйымдар ұйымдастыру. 6. Жалпы білім беру мектептері мен сауат ашу курстарында белсенділік танытқан тұрғындарға әрдайым материалдық қолдау беру, оқулықтармен қамтамасыз ету. 7. Кеңестік мұғалімдердің саяси тәрбиелік, саяси сауаттарын арттыру. Кеңестік қоғамды діннен бөлу, педтехникумдарда білім және тәрбиелік мазмұндағы жұмыстарды жүйелеу. «Жаңа-Мектеп» журналында үнемі кеңестік білім мен қоғамды дәріптейтін мақалаларды жариялау. 8. Заң актілері негізінде мешіттердің жанындағы мектептерді кеңестік мектеп типінде реформалауға жол бермеу. Олардың жалпы білім беруін және халықты сауаттандыру жұмыстарын тоқтатып, тек діни рәсім орнымен шектеу. 9. Тұрақты немесе уақытша оқытушыларға мұсылмандық діни білім беруге рұқсат етпеу. 10. Мешіттерде діни білім алуды ұйымдастыруды губерниялық әкімшілік бөлімдерден ғана рұқсат сұрауды ұйымдастыру. 11. Мұсылмандық сенім бойынша заңбұзушылықты діни қауымның мүшелеріне емес, діни қызметкерлерге жекелей жауапкершілікті арттыру. 12. Мешіттен тыс жерлерде заңсыз ашылған мұсылмандық мектептердің қызметін тоқтату. НКВД мен ППОРПУ-дың басшылығымен ауылдарда тексеріс ұйымдастыру. 13. Қазақ қоғамындағы мұсылмандық діни басқарманың қаржылық жұмысы өте белсенді. Діни басқарманың материалдық базасын тексеру, жұмысын бақылау, салық салу. Халық арасында молдаларға қаржылық көмек беру және садақа, қоғамдық қорлар қызметін тоқтату. 14. Мұсылмандық діни басқармалар мен ишандардың мүлкін, жерлерін тәркілеу. 15. НКВД-ң және (ГИК) көмегімен қазақ қоғамдағы молдалардың «неке және отбасы» қызметін толық тоқтату. 16. Мұсылмандық діни басқарманың қызметін толық тоқтату мақсатында, олардың өкілдерін қазақ халқының бас қосатын орындардан шектеп. Жәрменкелер, ұлттық мейрамдар, әртүрлі съездер, жиналыстарда кеңестік қоғамды дәріптейтін саяси-ағартушылық жұмыстарды ұйымдастыру. 17. Мұсылмандық діни басқарманың (мусдуховенство) жастар мен әйелдер арасындағы белсенділігі артқандықтан Крайком мен Женотдел Крайком құзіретіне бір ай көлемінде нақты кеңестік қоғамды дәріптейтін іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жастар мен әйелдер арасында антидіни үгіт-насихатты арттыру қажет. 18. Қазақстандағы антисламдық жұмыстарды арттыруда келесі іс-шараларды атқару қажет. Атап айтсақ, 1927-28 жылдары барлық мектептер, техникумдар, жоғары оқу орнындарында әсіресе педагогикалық бағытта білім алушыларға антиисламдық үгіт-насихаттағы

бағдарламаларды құру, әдіснамалар мен әдебиеттерді баспадан шығару және қамтамасыз ету мақсаты қойылған. 19 және 20-шы бағыттары, Қара-Қалпақ өңіріндегі діни ахуалды зерделеу мен ондағы мұсылмандық қозғалыспен күресудің жолдарына баса назар аударылған [1, 11-18 пп.]. Осылайша, ХХ ғасырдың 1930-34 жылдары Қазақстандағы мұсылмандық қозғалыс жойылды. Діни қайраткерлер оның ішінде ишандар, хазіреттер, молдалар, сопылар қудаланды, дауыс беру құқынан айырылды, кеңестерге саяси көзқарасымен қарсылық пікір білдіргендерді «халық жауы» деген қара тізімге іліктіріп көзін жойды, ату жазасына кесілді, кейбірі 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге еңбек лагерлеріне айдалды. Жалпы жазықсыз жапа шеккен діни қызметкерлер кеңестік билік қылмыстық заңының 58,59-баптарымен айып тағылды.

Көненің көзін көрген ақсақалдарының айтуынша Қазан төңкерісіне дейін Ақтөбе өлкесінде шамамен 240 мешіттің болғаны айтылады. Бірақ, анықталған мұрағат деректерінде ХХ ғ. 20 жылдарында тіркеуге алынған 204-ке жуық мешіт болғандығын айғақтайды [2, 3-4 пп.].

1930 жылдары кеңес билігі дін қызметкерлерін, діндарларды азаматтық құқық пен еркін ойшылдықтан ажыратты, қазақ қоғамына дін мен діни тұлғалардың ықпалын жойды. Дін қызметкерлерін қоғамға қауіп төндіретін топқа, қылмыскерлерге теңестірілді. Әсіресе көпшілік мойындаған ишандар, молдалар тергеуге алынды, жеке мүліктері тәркіленді. Сайлау құқынан айырылып, тәркілеуге ұшыраған ишандар, хазіреттер және молдалар тізімдері жасалынды. 1927 жылдың 15 қаңтарында Ақтөбе өңіріндегі кеңестер билігі дайындаған құжатта, дауыс беру құқығынан айрылған кейін тәркілеуге ұшыраған ел ішінде беделді ишандар мен молдалардың тізімі берілген. Тізімнің алдыңғы сапында ишандар көрсетілсе, кейін хазреттер мен молдалар, дін қызметкерлері жазылған - Дощанов Ғабдулла, Абаниев Әлекар, Айлитов Жүздібай, Ақтанов Шұлан, Бітімбаев Абдулла, Баламбетов Сүлейман, Досмағұлов Жоламан, Жамансарин Айнағұл, Жакебаев Абдулла, Істлеуов Сағидулла, Қошмухамедов Мұхаметдин, Құлмағамбетов Айтхожа, Күйшубаев Мирман, Наурызғалиев Ибат, Ташкенов Баймағамбет, Таубаев Телмағамбет, Сейтғазиев Дошан. Имам-Хазіреттер Шагимарданов Абдулхаким, Нұртазин Абдрахман, Қошмухамедов Хайрулла, Ізтлеуов Жантлеу, Өркенов Сүлейман, Тлеубаев Сафарғалий, Жұмағұлов Сағидулла, Исанғалиев Ғалым, Оразалин Оразмухамед, Төребаев Жұмағалий, Абдуллин Бисан, Абдрахманов Хажғазы, Адиев Жұмаш, Дюсенов Нұрмухамед, Рахманқұлов Мубарак, Сарқулов Абдул-Кәрім, Абдрахманов Хажғазы, Умбетов Нұрмухамед, Исембеков Күрбан, Мұхамедов Тагир, Хасанов Моллағазы, Байқадам Шакиратдин, Табажанов Салмен, Жленалин Хұсаин, Абдыров Әжігерей, Исказин Самбай, Сафин Заяляги және т.б. [3, 315 п.].

Құжаттың алғашқы тізімінде аса қауіпті, кеңес қоғамына зиян келтіреді, шет елдермен байланыстары бар. Қазақ ауылында белсенді, мәртебесі жоғары ишандар тұрса, одан кейін молдалар мен хазіреттер тізімге кірген. Негізінен бұл діни қызметкерлердің кейбірі кеңес үкіметі құрылмай тұрып қажылық сапарына барып, парызын өтеген тұлғалар болатын. Сондықтан көптеген діни қызметкерлер кеңес

үкіметі құрылмай тұрған уақыттағы өмірі, қоғамдық қызметі зерделеніп НКВД-ң бақылауында болды. Жалпы мұрағат дерегінде Ақтөбе өңірі бойынша қудалауға ұшыраған жалпы сайлау хұқынан айырылған, және тәркілелеуге ұшыраған діни тұлғалардың саны бес жүзден артады. Сондықтан да, аталған дін қызметкерлердің қоғамдық қызметі мен тарихын зерттеуді қажет етеді.

Жоғарыда келтірілген кейбір діни қайраткерлердің қоғамдық қызметі мен өміріне тоқталсақ. Ақтөбе өңірінде 20 жылдары кеңестер билігі күшейіп, дін қайраткерлердің қызметін қызыл әскер сынға алды. Қудалауға түскендердің бірі Сары ишан еді. Оның бабасы Әбілхайыр хан ордасында қызмет жасаған Керейт Мүсірәлі шайхы Әзиздің (1856-1934) ұрпағы Қожахмет Үмбетұлы бұрынғы Қарабұтақ (Әйтеке би) ауданының жерінде өмір сүрген. Қайтыс болар шағында «Шаңғытбай қажы жатқан жерге жерлендер» деген ұрпағына өсиет қалдырған екен. Сары ишан жастайынан діни оқыған, патшалы биліктің нұсқауымен 1893 жылы Қарабұтақ ауданына келген дін қызметкері. Ыскөл, Сарыоба деген жерлерге мешіт-медресе салдырып, бала оқытқан. Халық оның даналығына, діншілдігіне риза болып. Көпшілік оны құрмет тұтқандықтан Сары ишан болып аты аңызға айналған. 1912 жылы Сары ишан Ырғыз уезінің мұхтасибі болып қызмет атқарған. Ал 1928 жылы Сары ишанның мешіті құлатылады. Кеңестің жендеттерінен тығылып, тасаланып жүрді. Қырғын тәркілеу кезінде 1929 жылы мал-мүліктері тіркеуге алынып, тәркілеуге ұшырады. кеңестердің дінге қарсы ызғарынан алыстау үшін кейін Нұраға, одан соң Нөкіске (Өзбекстан, Қара-қалпақстан АР) қаласына көшеді. 1933 жылы ата қонысын аңсап еліне оралады. Имансыз қоғамның, биліктің дінге, дәстүрге қарсы озбырлық амалдарды көрген дін қайраткері өкінішпен қайғыра, науқастанып 1934 жылы дүниеден озған [4, 95 б.]. Сары ишанның ұлы Әбдіғани (1884 жылы Ыскөлде дүниеге келген, 1937 жылы шейіт болды. Ол Самарқанд, Хиуа, Бұқар қалаларында 15 жыл жүріп жоғары діни білімге ие болған, әкесінің ишандық дәстүрді жалғастырушы. Оқуын бітіргеннен кейін 1912 жылы Уфа қаласында өткен діни қайраткерлердің құрылтайына қатысып, Ырғыз уезінің солтүстік аудандарына бас имам болып тағайындалған. Әбдіғали молда 1927 жылы ұсталып жер аударылған. 1930 жылы елге оралған. 1937 жылы Шаңғытбай қажының екі баласы ұсталып, айдалғанын көрген Әбдіғани молда бүкіл діни кітаптарды әкесінің тамына көміп, діни қызметін тоқтатқан. 1937 жылы Әбдіғаниды қызыл әскер ұстап әкету туралы мынадай деректер бар: Қожахметов Әбдіғани (Әбдіғали) 1902 жылы Қарабұтақтың 18-ауылында туылған. Кәсібі ұста, малшы. 1937 жылы қыркүйектің үшінде Ақтөбе облысының УНКВД ұсталып КСРО-ң ҚҚ 58-1 бабы бойынша, астыртын үгіті үшін ату жазасына кесілген. 1965 жылы 19 маусымда Ақтөбе облыстық сотының шешімімен қаралған істе қылмыстық құрам анықталмағандықтан ақталған. Ақтөбе өңіріндегі атақты ишандардың бірі Балмағамбет ишан (1855-1918 ж.ж.) Қазанда діни білім алады. Жоғары діни білім алған Балмағамбет ишан ауылда мешіт салған. Мешіт құрылысының қашан басталғаны туралы деректер сақталмаған. Бірақ, ишанның немересі, қазір 80 жастағы Жәлел Сүлейменұлының айтуынша, 1916 жылы аяқталып, мешітті екі жыл ишанның өзі ұстаған. Мұнда бала оқытып, шәкірт

дайындаған. Кейін оның бұл жолын жалғыз ұлы Сүлеймен мақсұм (1896-1937 ж.ж.) жалғастырады. Балмағамбет ишан мешіті өзінің архитектуралық келбеті жағынан Темір қаласындағы қазірге дейін сақталған мешіт үлгісімен салынған деседі. Айшығы биік, үлкен ғимарат болған. Елде кеңес өкіметі өз билігін орнықтырып, ұжымдастыру науқаны басталғанда, ишанның баласы Сүлеймен мақсұмның мал-мүлкі: мешіт ғимаратынан басқа 600 бастай қой, 300 бас ірі қара, тәркіленіп, көршілес Карл Маркс колхозының 20-шы ауылына жер аударылады. Ақыры 1937 жылғы саяси науқанның құрбаны болады. 1940 жылдар басында мешіттің алдымен есік, терезе, ағаш тақтайлары тоналып, кейінірек айшығы құлатылып, кірпіштерін жергілікті совхоз елуінші жылдары мал қораларын салуға пайдаланған. Дегенмен, Ембі қаласынан батысқа қарай 18 шақырым, бұрынғы Ембі совхозының орталығы – Родник ауылына баратын жол бойындағы бұл жерді жергілікті халық әлі күрге дейін мешіт деп атайды [5, 38 б.] .

Ақтөбе өңірінде танымал болған тақуалығымен тәнті болған молда Құрманалы Нұртай (1882-1949 ж.ж). Ол көкірегіне дін жолын, иман жолын түйіп, құдайға құлшылық еткен. Дүниәуи тіршіліктен бас тартып, дінін берік ұстаған адам. Ғалым Уфада Ғалия медресесінде дәріс алған. Ақтөбе өңіріндегі Жұрын ауылы маңында мешіт ұстап, ислам дінін насихаттап, ел арасында уағыз айтып, діни бала оқытқан. 1914 жылы Ташкент қаласында өткен Орта Азия мұсылмандарының құрылтайына қатысқан. 1929 жылы заман зұлматы құдалау кезінде ұсталып, Қарқаралыға жер аударылады. Кейін 1937 жылы тағы ұсталып, түрмеге қамалады. Дініне берік Нұртай ата түрмеде отырса да, намаз оқуын жалғастыра берген. Діни сауаты мықты, дұғаларды жатқа білетін Нұртай ата түрме күзетшілерін үлкен таңқалысқа қалдырады. Оны күзетшілер қараңғы темір торға қамап, есігін бекітіп қоятын болған. Ол әр намаздың уақыты болғанда далаға шығып, жайбарақат намазын оқып отырады екен. Оны көрген түрме қызметкерлері оны «әулие» деп санаған [6, 5 б].

Ақтөбе өңірінде ишандық дәстүрмен танымал болған діни тұлғалардың бірі – Қозайдаұлы Пәтуәлі ишан (Муханбетуәлі) 1862 жылы туылған, Шалқар ауданы, №7 ауыл - 03.11.1937 жылы, Ақтөбе қаласы). Пәтуәлі ишан Бұхарадағы Хазірет Рахымберді медресесінде оқыған. Оқуды бітіргеннен кейін Өзінің туған өлкесіне келіп, Шалқарға келіп, атақты би Мырзағұл Шыманұлы, Тотан бай салдырған мешітте бала оқытып, ұстаздық қызмет атқарды. Емші, көріпкел, сол кезде айтқан пәтуәлі, дуалы сөздері үшін, оны халық Пәтуәлі ишан деп атап кеткен. Атақты би Шыманұлы Мырзағұл, ақын Кердері Әубөкір, Тотан бай, Батақтың Сарысы, Сарышолақ шайыр сияқты елге белгілі адамдармен араласқан. Дала Комиссары Ә.Жангелдинмен кездесіп, оған ақыл-кеңес берген деген де дерек бар. Пәтуәлі ишан – мұсылманшылық сабақ үйретумен қатар мешітке жақын жерге бау-бақша салып, халықты диқаншылық кәсіпке үйреткен. Кезінде ауыл жұртын мұсылманшылыққа уағыздап, бала оқытып, адам емдеп, халыққа мәлім болған. Пәтуәлі ишан туралы әңгімелер, оның көріпкелдігі, айтқан болжамдары мен пәтуәлі сөздері халық арасында кең таралып ұрпақ санасында қалған. Н. Байғаниннің «Ақын» атты Сарышолақ Боранбайұлы және халықтың көтеріліске шығу оқиғасы

турасындағы поэмасында «Пәтуалы ишанның» есімі көрсетіледі. Қуғын-сүргін заманында Пәтуәлі ишан 03.11.1937 жылы халық жауы ретінде танылып атылған, кейін оның ісінде қылмыстық әрекеттің жоқтығы анықталып ақталды. Қудалауға ұшыраған келесі діни тұлға, хазірет Байгелдинов Хусайн Накешұлы 1893 жылдың 15-сәуірінде, Ойыл ауданының бұрынға №6 ауылында (Ащыойылда) дүниеге келген. Жоғары діни білімді, бірнеше тілді меңгерген діни қайраткер. Уфада оқыған, бала оқытқан. Бекет Әулиенің шәкірті Шектібайдың ұрпағы. Бекет әулиенің аса таяғын ұстаған төртінші ұрпақ. Ол ХХ ғасырдың 20-жылдардың соңына қарай Ащықарадағы (қазіргі аты Ақыраб) тумаларымен бірігіп, Хобда ауданы, Ақыраб жерінде мешіт салған. Ол мешіттің ашылуында болып, қысқа мерзім мешітті басқарды. Бұл 1924-27 жылдарда болатын. Хусайнға кеңес заманының қиын кездері яғни репрессия, 1921-22, 1931-33 жылдардағы аштық ауыртпалықтары дәл келді. Ол Уфаның қаласының соборлық мешітінде 1927 жылдан 1934 жылға дейін қазі (муфтияттың діни соты) қызметін атқарып, «хазірет» (исламның жоғарғы дін қызметшісі) атанды. Хазірет бай-кулактарды тәркілеу, 1927-37 жылдардағы діни адамдарды қудалау заманында өмір сүрді. 1928 жылдан бастап оны НКВД, ОГПУ (мемлекеттік саяси басқарманың бөлімі) қудалады. 1929 жылы оны алғаш рет Ойылда тұтқындап 1 ай абақтыда ұстаған. Тергеуден шыққан соң қашып жүрген. Бірақ елде НКВД мен ОГПУ оны исламның теріс уағыздаушысы, билікке қарсы шығушы деп қудалауды тоқтатпады. 1938 жылдың 13-мамырында Орынбор түрмесіне қамауға алынған және осында ату жазасына кесілген [7, 38-45 б.].

1937-1938 жылдары дін қайраткерлері кеңес үкіметіне астыртын үгіті үшін деген жалаумен олардың кейбірі Сібір, Қазақстандағы лагерлерге, абақтыға жабылса, көпшілігі имандылығы мен сеніміне берік болғандығы үшін өкінішке орай атылып кетті. Ақтөбе өңірі бойынша анықталған архивтік құжаттардың бірінде, 1927 жылдың 15 қаңтарында дауыс беру құқығынан айрылған және де 1931-38 жылдар арасында саяси қуғын-сүргінге ұшыраған 400-ден астам діни қызметкерлер мен дінді ұстанушылар кеңестердің зұлмат саясатының құрбаны болғандығын дәлелдейді [8, 315-330 п.]. Осылайша, ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қуғын-сүргін – тарихымыздың жанындағы жазылмаған жара. Сот процестерінің жабықтығы, істердің құпиялығы өкінішке орай, көптеген ақтаңдақ қалдырды. Кінәсіз қуғын-сүргінге ұшырағандардың барлығы бірдей ақталған жоқ. Бүгінгі қоғам халқымыздың жарқын болашағы мен құқықтары үшін күрескендерді ақтауға тиіспіз. Бірақ, тарихты өзгертіп, тас-талқан болған тағдырларды қалпына келтіре алмаймыз, өлгендерге қайта өмір беру де мүмкін емес. Бірақ, олардың ұрпақтары және келешек қазақстандық ұрпақтар алдындағы парызымыз - кінәсіз сотталғандардың жарқын бейнесін сақтау. Бұл - тарихи әділдікті қалпына келтіру ісіндегі еліміздің кезекті қадамы.

Әдебиеттер тізімі

Что касается непосредственно спорта, то на данный момент, ввиду глобальной популяризации ММА, большая часть молодых людей предпочитает следить за смешанными видами единоборств. Подобного рода тенденцию, можно объяснить всплеском «романтизации brutality», что в свою очередь обуславливается кризисом маскулинности [3, с. 181]. То есть, если раньше в примеры «настоящих мужчин» приводились – солдаты, воины, герои, то на данный момент эту функцию начали выполнять бойцы ММА.

Следствием чего стало то, что спортсмены стали своего рода носителями пропаганды идеальных мужских качеств, в том числе и религиозных идей. Ключевым моментом влияния в религиозном контексте на молодых людей стала демонстрация своей приверженности к религии. На пресс-конференциях, на взвешивании, после боя, в социальных сетях и интервью спортсмены регулярно произносят фразы и совершают жесты, показывающую их религиозность и частенько бывает «постят» высказывания радикальных проповедников, используя ссылки на деструктивные сообщества, что в свою очередь ведет к популяризации последних. Молодежь воспринимает успешных спортсменов как кумиров, после чего молодые люди начинают проявлять интерес к исламу, и как показывает практика, начинают искать религию в социальных сетях, и зачастую сталкиваются с вербовкой деструктивных религиозных течений.

Пятая причина – маркетинг. Даже при совершенствовании модерлирующих систем в социальных сетях и интернете, авторы радикального контента умудряются их обходить и даже рекламировать через таргетированную рекламу. Обычно, фото и видео загружаются в «таргет» под видом «мирных» толкований, ответов на «интересные» и популярные вопросы, к примеру «Как правильно

экономить в исламе?», «Почему нельзя обижать жену?», «Как относиться к родителям?» и т.д. И, к сожалению, эта схема довольно действенна, так как если Вы знакомы с таргетом, то Вы знаете что его довольно легко настроить, для воздействия именно на ту конкретную целевую аудиторию которая Вас интересует. Пройдя по ссылке, молодой человек, обнаружит группу или канал, с довольно интересным и зрелищным контентом, после ознакомления с которым, запустится процесс радикализации с возможной последующей вербовкой.

Приведенные выше причины популярности радикальных материалов, ясно и наглядно показали, что «мир не стоит на месте», и деструктивные течения вторгаются в религиозную жизнь сообществ и личности, изменяя и преобразовывая мировоззрения, влияя на разум и поступки людей. При этом используя наиболее действенные и современные способы коммуникаций и вербовки. Причины популярности контента ДРТ очень много, и в данной статье была описана лишь малая часть, показавшаяся автору наиболее интересной и познавательной.

Также стоит помнить, что несмотря на все усилия государства по блокировке запрещенного контента, всегда остаются различные каналы и лазейки, через которые люди самостоятельно идут в расставленные сети. В случае возникновения желания изучать религию, необходимо обращаться в зарегистрированные религиозные учреждения и не подвергать себя риску из-за непроверенного контента в интернете.

Список литературы

1. Клейберг Юрий Александрович, Шогенов Мурат Замирович Молодежный экстремизм: опыт социально-психологического исследования личности экстремиста // Общество и право. 2011, №1 (33) стр. 237-241.
2. Под радикальное влияние чаще всего попадает молодежь до 35 лет- Алим Шауметов (МИА «Казинформ» Дата публикации 08.09.2020 г. 13:41 ч.) https://lenta.inform.kz/ru/pod-radikal-noe-vliyanie-chasche-vsego-popadaet-molodezh-do-35-let-alim-shaumetov_a3692096
3. Белинская Д. В. Институциональные практики маскулинности / Д. В. Белинская // Вестник Тамбовского университета. Серия Гуманитарные науки. – 2012. – № 1 (105). – С. 180–184.

Синяков Олег

*магистр религиоведения
аспирант ОмГУ им. Ф. М. Достоевского
ТОО «Центр изучения религий»
Нур-Султан, Казахстан*

**ПЕРСПЕКТИВЫ СОВРЕМЕННОГО РЕЛИГИОВЕДЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ**



PROSPECTS FOR MODERN RELIGIOUS EDUCATION IN KAZAKHSTAN

Abstract

The article is devoted to the restructuring of religious studies in the Republic of Kazakhstan, new tasks that need to be quickly resolved in connection with the difficult religious situation. The key factors in the field of improving the educational process are the development of modern methodology and the training of highly qualified specialists. Also, the latest research in the ethno-confessional sphere will help to effectively overcome the escalation of social conflicts, awakened by pseudo-religious destructive organizations.

Введение. В контексте Послания Президента РК Касым-Жомарта Токаева запланирована модернизация и интенсификация демократических, политических и социальных процессов в стране. В релевантной проблематике геополитики религия является ее важнейшим особо значимым фактором для осмысления внутренних детерминаций основных процессов современности. Все мы помним трагические события января 2022 года, ставшие шоком, переломным моментом для всех казахстанцев, столкнувшихся с открытой угрозой религиозного экстремизма и терроризма. Напряженность проблемной ситуации спровоцировала контрмеры, поэтому религиоведы также не останутся в стороне. Формирование мирной межконфессиональной диалоговой площадки, повышение религиозной грамотности и духовной культуры нашего народа является важнейшим инструментом по противодействию деструкции. В этой связи назрела необходимость в проведении академических исследований и генерации качества образовательной системы. Сегодняшний дискурс по совершенствованию данного процесса, проводимый кафедрой религиоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева и НАО «Центр Н. Назарбаева по развитию межконфессионального и межцивилизационного диалога», находится в эпицентре политических реформ теологического и религиоведческого образования.

Теоретико-методологические принципы. Религиоведение для Казахстана хотя и сравнительно новый научный предмет, однако признан отечественными экспертами эффективным средством в борьбе с религиозным невежеством. И.Н. Яблоков, профессор, религиовед, социолог религии дает следующее определение: «...предметом религиоведения являются закономерности возникновения, развития и функционирования религии, ее многообразные феномены, как они предстали в истории общества, взаимосвязь и взаимовлияние религии и других областей культуры» [1, с. 10]. Новый общеобразовательный предмет очерчивает также и широкий круг проблем. Обозначим некоторые из них.

Одной из основных задач является выработка фундаментальных теоретико-методологических принципов при исследовании религиоведения, которые основаны на толерантности, вневероисповедальности и нейтральности по отношению ко всем конфессиям, либо секулярному (безрелигиозному) типу

мышления, с соблюдением конституционных и законодательных основ нашей страны.

Необходимо отметить, что, встраиваясь в ряды современной гуманитаристики, для религиоведения особую значимость приобретает принцип междисциплинарности, благодаря чему происходит расширение и углубление знаний, аккумуляция опыта и разрешение поставленных задач. К примеру, познавая догматику мировых религий, мы обращаемся к множеству наук – литературе, истории, географии, феноменологии, этике, культурологии, философии, антропологии, психологии, семиотике, герменевтике и т. д. Более того, вопросы религиоведения становятся все более злободневными и в медийном пространстве, и в политической элоквиции, и в научных дискурсах.

Также для предотвращения обострений межэтнических и межконфессиональных отношений в казахстанском обществе в настоящее время необходимо углубить специализацию студентов по таким направлениям, как история, культура конфессий, проживающих в регионах Казахстана, их народные обычаи и традиции, догматику. С позиции классика исследования религий Мирча Элиаде «обнаружение священного в профанном, воскрешение забытых смыслов, обретение утраченных ориентиров, восстановление онтологического статуса священного – вот, что должно быть главной задачей религиоведения» [2, с. 129-130]. Профессиональная подготовка требует следования принципам, которые позволяют понять сущность, систематизировать происходящие прецеденты и исторические явления действительности. Так, по мнению канадского социолога и религиоведа Грегори Баума «научное изучение любого феномена не должно ограничиваться его описанием и объяснением, оно должно включать оценку данного явления, даваемую на основе сложившейся в научной среде морали» [3, с. 194]. Выпускники наших ВУЗов должны обладать наивысшей мировоззренческой компетенцией, уметь прогнозировать межэтнические и межконфессиональные ситуации в местах своей предстоящей деятельности внутри страны, а так же и на международном уровне.

Есть такой негласный закон, что без знания идеологии изучаемого объекта, невозможно выиграть даже партию в шахматы. Поэтому одним из важнейших принципов методологии религиоведения является исследование идеологии, или догм верований, функционирующих в нашей стране, их влияния на своих адептов и общество в целом, выявление позитивных и негативных факторов воздействия на верующих в связке с глубоким пониманием региональной специфики. Компетентность религиоведа в догматике, являющейся основанием веры, и позволяет определять его как высококвалифицированного специалиста.

И, наконец, еще одним актуальным принципом в исследовании современного религиоведения стал принцип темпоральности. «Классикой жанра» в этой области до сих пор остается небольшое отставание учебника от новейших исследований. В этом плане имеет смысл инкорпорировать в сферу изучения феномен современной религиозной ситуации. Являясь практиком в данной области, могу со всей ответственностью заявить о необходимости включения в данный процесс

методологии масштабных социологических исследований. Провоцируя и наблюдая мыслительный процесс общества в ответах на социально-религиозную тематику, сам исследователь не должен отходить от эпистемологического базиса. Данный постулат наблюдается у американского профессора Ph.D., Princeton University, Б. Грегга: «Ученые конструируют свои частные подходы, выбирая из вариаций эпистемологических строительных блоков» [4, р. 8]. Прогрессивность этого метода заключена в том, что сам исследователь может наблюдать и изучать эти процессы вживую, эксплицитно. Так, общеизвестно, что Казахстан славится отсутствием острых конфронтаций на религиозной почве. Однако при изучении современной этнической и религиозной ситуации всплывают совсем нерелигиозные факторы, негативно воздействующие на казахстанцев: безработица, инфляция, социальное неравенство, низкий уровень религиозной грамотности, миграционные процессы, распространенность уничижительных этноконфессиональных стереотипов, проникновение чуждых и деструктивных идеологий. Поэтому главный принцип в данном вопросе – умение религиоведа выявлять соотношение спокойного и взрывоопасного проявления периодов, как в социуме, так и в республике, и обезопасить его.

Реализация государственно-конфессиональной политики в соответствии с новыми казахстанскими реалиями ставит задачи изучения как традиционных, так и новых религий. В этой связи, занимаясь вопросами исследования современных религий, меня лично заинтересовал вопрос религиозной конверсии, механизмы влияния и методы религиозных переходов, а самое главное – необходимость оценки конверсионных последствий. Возник вопрос: почему, если религиозные источники принимают за истину только приватную догматику, происходит трансформация религиозного сознания? Обращаясь к классической философии Макса Вебера, который в своем труде «Протестантская этика и дух капитализма» охарактеризовал данную тенденцию, как «освобождение мира от тайн и сакральности». Более подробное описание по «освобождению от истины» мы находим в философском труде английского теолога Райта: «Мы с удивлением обнаруживаем, что независимая личность, которая столь высоко ценилась в XVIII–XX вв. в западном мире вообще и в некоторых направлениях христианства в частности, разрушилась и превратилась в беспорядочное смешение противоборствующих сил и внутренних импульсов» [5, с. 170]. Нами проведены конкретные онтологические исследования и аксиологические измерения религиозной конверсии в казахстанском обществе. Выявлены формы деструктивных обращений, не только исламистских, но и прикрывающихся христианством. Важно пресекать эти явления и всегда помнить, что в знаменателе стоит человек, наш с вами гражданин, а не какая-либо абстракция, на которую направлена деструкция, приводящая к моральному релятивизму. Совершенно ответственно можно заявить, что религиоведение, как наука, способна дать научное обоснование данному феномену и выработать способы устранения негативных проявлений в казахстанском обществе. Все мировые религии учат добру и миру: «Основными нравственными заповедями христианства и ислама,

возведенными в ранг Закона Божия, являются: «Не убивай», «не кради», «не лжесвидетельствуй» и другие. Однако мировая история знает немало примеров, когда люди, преследующие свои политические цели, в угоду личным амбициям использовали и используют Священные книги и их моральные постулаты. Их игра на религиозных чувствах верующих приводила и приводит к возникновению конфликтов и войн» [6, с. 228]. Учитывая социальные парадигмы прошлого, законодательство нашей страны запрещает религиозным объединениям заниматься политической деятельностью. Принимая во внимание вышесказанное, соответственно религиоведение должно научить молодежь противостоять проявлениям религиозного деструктивизма и радикализма, учиться чувствам сопереживания другому человеку, дружбы, толерантности.

Наряду с усовершенствованием методологи в области религиоведения необходимо также обозначить и проблемы развития духовной сферы в нашей стране, поскольку квинтэссенцией научного исследования религии является ее сущность. Какова высшая миссия любой религии? «Спасение души – единственный смысл всех трудов человека на земле» [7, с. 2]. Что нужно делать для этого? «Тем, кто творил в этом мире добро, будет воздано добром!» [8, аят 30]. И нам преподавателям этой науки необходимо не только обеспечивать научный прагматизм, но и воспитывать, бороться за души молодежи. Данную проблему поднимает и доктор философских наук А. Косиченко: «Например, мы осуществляем анализ религиозно мотивированного теракта. Какие только обстоятельства и детали не вводятся в оборот этого анализа! Но глубочайшим контекстом этого теракта на самом деле являются не многочисленные обстоятельства, сопутствующие ему, а цель и смысл религии – душа, приготовленная для вечности. Шахида убеждают в том, что, совершив теракт, он попадет в Рай. Так почему же аналитики не имеют в виду эту цель, как контекст теракта? Она могла бы многое прояснить в структуре и деталях теракта» [9, с. 170]. Религия уже стала частью нашего общества и думается, что нужно включить данный потенциал мировых религий в научную сферу, поскольку в каждом вероучении можно найти ряд положительных моментов, позитивно влияющих на развитие нашего общества. Например, занимаясь, исследованием образа жизни религиозных конфессий, в своей магистерской диссертации «Религиозные и спортивные организации: основные аспекты взаимодействия» и на основании результатов социологического опроса сделал вывод, что приверженцы ислама должны быть «добрыми, трудолюбивыми, уважать старших, соблюдать традиции, уделять серьезное внимание своему здоровью, чистоте и личной гигиене – «тахара» (очищение) – основа этого вероучения. Мусульманская религия призывает полностью отказаться от алкоголя. Христиане также относятся положительно к ЗОЖ» [10, с. 66]. Формула «в здоровом теле – здоровый дух», работает как в религии, так и в светском обществе.

Сплочению казахстанцев может способствовать и интегрирующая роль религии. В совместной работе с профессором А.В. Никифоровым «Параллели Библии и Корана и этноконфессиональное согласие в Казахстане» (учебно-

методическое пособие) мы установили, что ислам и христианство имеют множество тождественных черт: «Бог – Яхве – Элохим – Аллах», архангел Гавриил – Джибрил, Йаджудж и Маджудж – соответствуют библейским Гогу и Магогу, Сатана – Шайтан, Адам – Адам, иудейский Ноах и мусульманский Нух (христианский Ной); иудейский Абрахам и мусульманский Ибрахим (христианский Авраам); Захария – Закарийа; Иисус – Иса и т.д.» [11, с. 54]. «В Библии и Коране так много консолидирующего. И мусульмане и христиане верят в Бога, в рай и ад, Судный день, в ангелов и злобных духов. Все это говорит о том, что людям не нужно враждовать, религия едина и должна объединить все народы.

Трудно не согласиться с тем, что на духовных ценностях базируются культура и народные традиции – любовь к Родине, нравственность, семейные ценности, трудолюбие, память предков и многое другое. В свете философских подходов данных концептов, сплоченность народа Казахстана, союз его этнических и религиозных звеньев, соединение светского, нравственного и духовного – реально решаемая задача, поставленная перед религиоведами.

Заключение. Для успешного решения амбициозных задач, выдвинутых Главой Государства, религиоведение должно стать не просто научным предметом, оно должно воспитывать нашу молодежь в духе толерантности и на основе объединяющих общечеловеческих духовных ценностях. Осуществляя свою трудовую деятельность в Северном Казахстане, мне часто приходилось общаться с учителями, родителями, студентами и школьниками. Предмет интересен и познавателен, однако выделю два основных минуса – низкокачественные учебники и слабо разбирающиеся в религиях преподаватели. Обратим внимание преподавателя. Понятно, что он должен уделять равнозначное внимание всем религиям, без выказывания предпочтений. Но самое главное – уроки должен вести специалист высшей квалификации, компетентный в вопросах религии. Не имеет значения, верующий ли он или нет: главное – «человек знающий». Такие знания очень важны в воспитании культурного подрастающего поколения.

А учебники должны написать опытные ученые-религиоведы, взяв за основу мировой опыт в соответствии с казахстанскими реалиями. Думаю, что для этого у нас есть огромный потенциал.

Учитывая трансформацию общества в целом со времен рухнувшего Советского строя, изменилось многое – условия труда и быта, культурные и народные традиции, уважение к религии и потребность в ее изучении. Отсюда и вопросы изучения религиоведения становятся важными для настоящего момента. Казахстан открыт для всех религий – мировых, традиционных, новых, поэтому к нам стараются проникать и такие, которые приносят разрушение. Ученым необходимо принимать меры для толерантного воспитания молодежи, но и не допускать возникновения угроз терроризма на основе вероисповедания.

Список литературы

1. Религиоведение: учебное пособие / под ред. И.Н. Яблокова. М., 2005. С. 10.

2. Элиаде М. Священное и мирское. М.: Издательство Московского университета, 1994. С. 129-130.
3. Красников А.Н. Методологические проблемы религиоведения: Учебное пособие. М.: Академический проект, 2007. 239 с.
4. Gregg B. Adjudicating among Competing Systems of Belief // International Review of Sociology. March 1999. V o l . 9 . № 1.
5. Райт Н. Т. Иисус. Надежда постмодернистского мира. Черкассы: Коллоквиум, 2006. С. 170.
6. Никифоров А.В., Синяков О.В. Параллели Библии и Корана и этноконфессиональное согласие в Казахстане. (Учебно-методическое пособие). Издано по решению научно-методического объединения кафедры «Ассамблея народа Казахстана Северо-Казахстанского государственного университета им. М. Козыбаева (протокол 3 от 15.06.2018 г.). УДК 291. ББК 86.3. Н 62 Петропавловск: СКГУ им. М. Козыбаева, 2018, – 254 с.
7. Святитель Николай Сербский. Page 2. Православное слово. URL: <https://kgsxa.ru/files/karavaevec/ps-2020-04.pdf>, дата обращения 04.04.2022
8. Коран (сура «ан-Нахль», «Пчелы», аят 30). URL: https://islam-today.ru/blogi/asya_gagieva/dobro-porozdaet-dobro/, дата обращения 04.04.2022
9. Косиченко А.Г. Религия: сущность и актуальные проблемы / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2012. – 220 с.
10. Синяков О.В. Религиозные и спортивные организации: основные аспекты взаимодействия. Сборник материалов II Международной научно-практической конференции «Современное образовательное пространство: теория и методика обучения и воспитания». Караганда, Республиканский ин-формационно-методический центр «Первое сентября». УДК 37.0 ББК 74.00 С 56. ISBN 978-601-06-4943-9. Караганда: THESIS, 25 января 2019, 580 С.
11. Никифоров А.В., Синяков О.В. Параллели Библии и Корана и этноконфессиональное согласие в Казахстане. (Учебно-методическое пособие). Издано по решению научно-методического объединения кафедры «Ассамблея народа Казахстана Северо-Казахстанского государственного университета им. М. Козыбаева (протокол 3 от 15.06.2018 г.). УДК 291. ББК 86.3. Н 62 Петропавловск: СКГУ им. М. Козыбаева, 2018, – 254 с.

Мұхан Исахан

Ph.D.

*преподаватель кафедры религиоведения
Египетского университета исламской культуры
«Нур-Мубарак»
Алматы, Казахстан*

Сманов Рахматулла

докторант

Египетского университета исламской культуры

«ИШАН» ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҰРПАҚТАРЫ «МАҚСҰМДАР» ЖӨНІНДЕ: ИШАН ӘБІЛХАЙЫРҰЛЫ МАҚСЫМ ӘБУЛ-АСТЫҢ ҒҰМЫРЫНАН МЫСАЛ

Abstract

The article defines the terms "ishan" and "maksym", the place and role of these titles in Muslim society. Basically, the terms "ishan" and "maksym" are found in the religious practice of the Persian and Turkic peoples. Especially in the 19th-20th centuries, the titles "ishan" and "maksym" were widely used by Muslims in Central Asia and the Caucasus and the Volga region. They were more prominent in ethical matters within the clergy. Sometimes they even performed religious rites. We give these questions on the example of the life of the Turkestan Abul-as Abulkhairovich.

«Ишан» парсы тілінде «олар» деген мағынаға саяды. Шағатай тілінде «ишан» дегеніміз «әулие» ұғымын білдіретін немесе тариқат көсеміне берілетін атау [1]. «Ишан» атауының тарихи-хронологиясына мән берсек, зерттеушілер бұл терминді алғаш рет Бахауаддин Нақышбанди (1318-1389) мен Хожа Ахрарға (1404-1489) қатысты тазкрийа жанрында жазылған әдебиеттерде кездестіретінін айтады. Кейін XVI ғасырдан бастап ишан атауы Орталық Азияда кеңінен қолданысқа ене бастады. Әсіресе, Ясауи және Нақышбанди тариқатының жер-жердегі көшбасшыларын ишан деп атайтын. Мысалы, Ясауи тариқатының Қырғызстанның Ош өңіріндегі көшбасшылары XVIII ғасырдан бері ишан деп аталады.

Ишан – дін жолындағы кім-көрінге берілетін атау емес. Ишан болу үшін арнайы діни мектепте оқып, діни ұстаздан теориялық білім алып, оны тәжірибесімен сабақтастырып, рухани ілімді жан-жақты игеру шарт. Рухани ілімді толық игерген кемел адам ғана ұстазынан иджаза (диплом) алып, ишан атанып, бұл ілімді паш етуге рұқсат алатын. Мысалы, XVIII ғасырдың аяғында Ауғанстандағы атақты ғұлама Ислам Шайхтың дөргәһында қазақтан Құлболды, Марал, Қосым, Айқожа атты кісілер оқып, шатыр-хат (иджаза) алып, елге ишан болып оралған.

Қазақ даласында әр ғасырда қалың елге аты мәшһүр – Мүсірәлі ишан, Қосым ишан, Марал ишан, Айқожа ишан, Аппақ ишан, Ахмет ишан, Әбілақым ишан, Керей ишан, Қожаназар ишан, Тілеулес, Әзілхан ишан, Сүлеймен ишан, Оспан ишан, Өтеп ишан, Ақмырза ишан, Шабар ишан, Досжан ишан және т.б. да көптеген ишандар өмір сүрген. Олардың әрқайсысы сөз жоқ өткен тарихымызда Алаш жұртына рухани қызмет еткен діни тұлғалар болатын. Өкінішке қарай, XX ғасырдың басында Кеңес үкіметінің орнауымен дін адамдары қуғындалып, ишандық мектеп ауыр соққыға ұшырады [2].

Ишанның баламасы болған әулие ұғымына келер болсақ, бұл арабша «уәли» (дос) деген сөздің көпше түрі. Терминдік сөздікте әулие [3, 56 б] деп – иманында нұқсан болмаған (кәламді білуші), харам түгілі кіші күнәлардың өзінен бойын аулақ ұстаған (шариғатты білуші және ұстаушы), парыз пен сүннетті, қала берді нәпіл құлшылықтарды мүлтіксіз орындаған (абид), Хаққа ғашық болып (уәли), қара

басынан халықтың қамын жоғары қойып, соған сай қарекет қылған (зиялы) рухани тұлғаны айтады.

Әулиелер мен ишандардың ілім деңгейі қандай дәрежеде болған дегенге келетін болсақ, олар Құран, тәпсір, хадис, фикһ, кәлам, ихсан ілімдерін меңгеріп, ғұмырын дүниеуи мақсатқа емес, рухани салаға арнағандықтан, халық «әулиелер мен ишандарды ілімді» деп санаған. Әсіресе, әулиелер мен ишандар жүрек көзі ашылғанда сезінетін құпия ілімді (илму-ләдуни) игеруге ерекше мән берген.

Әйтсе де, әулиелер мен ишандар мүлде дүние ісімен шұғылданбады деп айта алмаймыз. Олар да қалың бұқарамен қарым-қатынас жасау үшін белгілі бір кәсіп иелері болған. Мысалы, Уайсал Қарани әулие түйеші болған, Зеңгі ата сиыршы, Шопан ата қойшы, Қамбар ата жылқышы, Суксук ата ешкі баққан, Қожа Ахмет Ясауи ұсталық, Баһауаддин Нахшбанди зергерлік жасаған. Бірақ, олар фәнилік кәсіппен бай болып, балшекер өмір сүру үшін шұғылданбаған. Әулиелер мен ишандар дүние ісін халықпен қарым-қатынас жасаудың құралы деп түсінген. Бір сөзбен айтқанда әулиелер мен ишандар халықпен осылайша қарапайым түрде қатынас жасау арқылы өздерінің рухани ілімімен, парасатымен, дегдарлығымен, ықыласымен, махаббатымен Хақты насиқаттаған [1].

Қазақ даласында әр ғасырда қалың елге аты мәшһүр – Мүсірәлі ишан, Қосым ишан, Марал ишан, Айқожа ишан, Аппақ ишан, Ахмет ишан, Әбілақым ишан, Керей ишан, Қожаназар ишан, Тілеулес, Әзілхан ишан, Сүлеймен ишан, Оспан ишан, Өтеп ишан, Ақмырза ишан, Шабар ишан, Досжан ишан және т.б. да көптеген ишандар өмір сүрген. Олардың әрқайсысы сөз жоқ өткен тарихымызда Алаш жұртына рухани қызмет еткен діни тұлғалар болатын. Өкінішке қарай, ХХ ғасырдың басында Кеңес үкіметінің орнауымен дін адамдары қуғындалып, ишандық мектеп ауыр соққыға ұшырады.

Мұсылман қоғамында ишандардың діни қызметті жалғастырған ұрпақтарын «мақсым» деп атайды. «Мақсым» – араб тілінде (mahdum) «еркек ұл» [4] мағынасын білдіреді. Діни терминде «ишанның ұлы» [5] мағынасына саяды.

Кеңес үкіметі ишандық қызметке тыйым салғаннан кейін олардың діни тәлім-тәрбие алған ұрпақтары конспирациялық жолмен халыққа рухани қызмет етті. Солардың бірі ХХ ғасырда өмір сүрген түркістандық мақсым – Әбул-ас Әбілхайырұлы еді.

Әбул-ас Әбілхайырұлы Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Ызғар ауылында 1904 жылы дүниеге келген. Ата-тегі қазақ халқына ежелден дін үйреткен Сунақ елінен, ал әкесі Әбілхайыр ишан Бұқарадағы Мір-әмір медресесінде 20 жыл діни білім алып, ауылына келіп бала оқытқан, өз заманының діни ғұламасы еді [6].

Әбул-ас Әбілхайырұлы алғашқы діни білімді өз әкесінен алады. Тоғыз жасынан бастап діни құлшылықтарды атқарып, араб тілі, сира, кәлам, фикһ, хадис, тәпсір және т.б. исламдық пәндерді оқи бастайды. Алайда, Әбул-ас Әбілхайырұлы ржеткен шақта, Кеңес үкіметі орнап, дінге қысым көрсетіледі. Сонда да Әбул-ас Әбілхайырұлы әкесінен үйде діни білім алуды жалғастыра береді. Алайда, Кеңес үкіметі 1929 жылы «Діни бірлестіктер туралы» қаулы қабылдап, діни рәсімдер атқару мен діни білім беруге ада-күде тыйым салады. Қазақстанда жүргізілген

Голошекиннің «кіші октябрь» реформасы қазақ халқының дәстүрлі өмір сүру шаруашылығына салқынын тигізіп, оның соңы елді алапат аштыққа ұшыратады. Осы кезде Әбілхайыр ишан бала-шағасын алып, Өзбекстанға үдере көшеді. Онда Қашқадария облысы Яккабак ауданына барып тұрақтайды. Жасы 26-ға келген Әбул-ас Әбілхайырұлы отбасын асырау үшін астық жинайтын қамбаға арбакеш болып жұмысқа тұрады. Бірнеше жылдан кейін бастықтары Әбул-ас Әбілхайырұлының адалдығын ескеріп, оны қамбаға қоймашы етіп жұмысқа тағайындайды. Осында жүріп түбі Жаңақорғандық Киікші руынан Жібек Шегебайқызымен шаңырақ көтереді.

Әбул-ас Әбілхайырұлы Сурхандарияда жүріп бұрын Бұқара хандығының әмірі Әлім ханның діни істер бойынша хатшысы болған Салих Мақсұммен танысып, одан жасырын түрде 15 жыл сабақ алады. Әкесінен алған ілімін одан арықарай жетілдіріп, араб тілі, парсы тілі, шағатай тілдерін терең меңгеріп шығады. Ханафи мәзһабына тән классикалық кітаптардың бәрін оқып тауысады. Шарифат ілімдерін игеріп болған соң хәл ілімін меңгеруге ықылас танытады. Осы кезде Нахшбандия тариқатының құпия пірі Абдрахман ишанмен танысады. Әбул-ас Әбілхайырұлы Абдрахман пірге қол тапсырып, ұстазы қайтқанға дейін одан хәл ілімін үйренеді [6].

Әбул-ас Әбілхайырұлы 1950-шы жылдардан кейін Яккабақтағы ауылында жасырын түрде бала оқыта бастайды. Әуеліде оның ғұламалығы Яккабаққа, сосын Қашқадария тараса, кейін Әбул-ас Әбілхайырұлының аты күллі Өзбекстанға танылады. Әбул-ас Әбілхайырұлының сұқбатында болып, сабақ алған Тұрғын ишан, Мансұрхан ишан, Мулла Абдулла, Мулла Досмұхаммед (бұрынғы Өзбекстан муфтиі Мұхаммед Садық Мұхаммед Юсуфтың ұстазы) қатарлы дін ғұламалары болады. Алыс-жақын елдерден Әбул-ас Әбілхайырұлын арнайы іздеп келіп, діни сұқбат құратын ғұламалардың саны көбейеді. Яккабақ ауданының басшылары Әбул-ас Әбілхайырұлын құрметтегендіктен, сондағы қазақтар туратын қышлаққа ресми түрде «Жамбыл» деп қазақша ат қойып береді.

Әкесі Әбілхайыр ишан 1953 жылы қайтыс болған соң Әбул-ас туған жері Жаңақорғанға жиі келіп-кетіп тұрады. Түркістан қаласы «Хилует» мешітінің діни қызметкері Абдулла қаримен 1957 жылы танысып, екеуі жиі діни сұқбаттар құрып, тұрақты байланыс жасайды. Ақыры туған жерге деген сағынышын баса алмай 1971 жылы зейнетке шыққаннан соң Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласына көшіп келеді. Әзірет Сұлтанға жақын тұру үшін 1976 жылы Түркістан қаласына қоныс аударады. Осында тұрып, өмірден өткенге дейін 300-ден астам шәкірт тәрбиелеп шығады [6].

Кеңес үкіметі 1970-шы жылдары «Варшава фактісі» ұйымына араб елдерін тарту үшін халықтың ислам дінін ұстануына біршама кеңшілік бере бастайды. Осы жылымықтан кейін Түркістан қаласындағы Әзірет Сұлтанға зиярат етушілердің саны күрт өседі. Алыс-жақын елдерден келген зияратшылар «Қазақстанда ислам діні дамымай қалған екен» деген пікірде болмасын деп, Қазият басшысы Р.Нысанбайұлы Әбул-ас Әбілхайырұлының ғұламалығын ескеріп, оны 1984 жылы Түркістан қаласы «Хилует» мешітіне найб-имам етіп тағайындайды. Әбул-ас

Әбілхайырұлы Түркістанға келген бірқатар айтулы ресми тұлғалармен және дін ғұламаларымен жолығып, талай рет мәжіліс жасайды. Қонақтар Түркістандық қазақ имамның ғұламалығына тәнті болып қайтатын.

Әбул-ас Әбілхайырұлы Нахшбандия тариқатының пірі Абдрахман ишаннан иджаза алған құпия пір болатын. Осы себептен, шәкірттеріне діни іліммен қатар хәл ілімін үйретуге тырысады. Ол 1980-шы жылдары Хусайния-Мужаддадия тариқатының пірі Ибрахимжан ибн Маматқұл әл-Қоқандимен кездеседі. Екі пір бұл дүниеден қайтқанға дейін бір-біріне құрмет көрсетіп өтеді. Ибрахимжан ибн Маматқұл әл-Қоқанди Құсшы атаға келсе, алдымен Әбул-ас Әбілхайырұлына сәлем беретін. Қайтарында да А.Ә-тің батасын алмай кетпейтін. Сондай-ақ, А.Ә. Орталық Азияға танымал Р.Нысанбайұлы, Абдулқадыр қари, Көр қари, Әбубәкір қари, Мамун Мақсұм, Сұлтанқұл Мақсұм, Сабыр домла, Сәрсенбай молда, Дүйсен молда, Сыздық молда, Молда Берді-Рахман, Қасым ишан, Молда Тілеу, Қ.Ахметов, Абдулла қажы, Насруддин баба және т.б. ғұламалармен және діни қайраткерлермен жылы қатынаста болады [6].

Әбул-ас Әбілхайырұлына денсаулығына байланысты 1996 жылы мешіттегі имамдық қызметтен босайды. Одан кейін үйінде бала оқытып, уағыз-насихат айтады. Алла нәсіп қылып, 2000 жылы 96 жасында Меккеге аттанып, қажылық парызын өтейді. Негізінен Әбул-ас Әбілхайырұлынан көбіне-көп Өзбекстан азаматтары діни білім алған. Нахшбандия тариқатының хәл ілімін үйретуді жалғастыруға Өзбекстандық мүриті Мулла Досмұхаммедке шатырхат береді. Ал, Қазақстанда оның діни тәлім-тәрбиесін алған Д.Рысбаев, К.Мурзабаев, С.Олжабаев, А.Керімбеков, О.Елеуұлы, Б.Абдусаттаров және т.б. азаматтар бүгінгі таңда еліміздің әр өңірінде діни қызметтер атқаруда. Өз немересі Исмайыл қари Әбілхайыров пен бел шәкірті Қ.Салықбаев елімізге танымал теолог-мамандар.

XX ғасырда Кеңес үкіметіндегі дін мамандарының үстінен құс ұшырып, астынан ит жүгіртіп қойған алмағайып заманда Хақ діннің туын жықпай, тік ұстаған Әбул-ас Әбілхайырұлы 2003 жылы 99 жасына қараған шақта қайтыс болады. Ол дүние салғанда, жаназасына Орталық Азия елдерінен 5000-нан астам адам жиналады. Азалы жиында Ауғанстандық молда Мұхаммед Тілеу: «Бүгін Хақ діннің тірегі құлап түсті» – деп қатты қайғырып, Түркістандық ұлы ғұламаның лайықты бағасын берген болатын [6].

Қорытынды

Жалпы, мұсылман қоғамында діни династиялардың алтын арқауы үзілмей ғасырлай бойы ел руханиятына қызмет еткен. Ал, діни қызметтің әулеттік жалғастығын білдіретін «ишан» және «мақсым» титулы қазақ қоғамында биік руханияттың көрінісі ретінде қабылданған. Қазақстанның әр аймағында діни қызмет жасаған ишандар мен олардың мақсым ұрпақтары өте көп болған. Түркістандық Әбул-ас Әбулхайырұлының ғибратты ғұмыры сол династиялық діни қызметтің бір мысалы ғана. Әбул-ас Әбілхайырұлының саналы ғұмыры Кеңес үкіметінің қылышынан қан тамып тұрған дәуірде өтті. Сол себепті, ол конспирациялық жолмен діни қызмет етті. Дегенмен, дінге қысым жасалғанына

қарамастан, Әбул-ас Әбілхайырұлы төңірегіне нұрын шашып, Хақ діннің туын жықпай, өз заманына сай діни қызме ете алды. Көптеген шәкірттер дайындап шығарды. Ол Қазақстанмен бірге көрші Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстанға танымал діни тұлғаға айналды.

Әдебиеттер тізімі

1. Мұхан Исахан. Ишан атауы кімдерге берілген?
<https://kazislam.kz/ishan-atauy-kimderge-berilgen-2>
2. Мұхан Исахан, Рахматулла Сманов. «Ишан» және «ахун» діни лауазымы мен мәртебесінің шығу тегі, ұғымы, сипаттамасы. Исламтану және араб филологиясы мәселелері атты халықаралық конференция материалдары. Нұр-мұбарак ЕИМУ. Алматы, 2021 ж. 75-83 бб.
3. «Мухитдинов Рашид Сражович. Қазақ тіліндегі ислам діни сөздерінің қолданылу тарихы. «Рухани құндылықтарды қолдау қоры». Астана, 2018. 260 б.
4. <https://www.luggat.com/mahdum/1/1>
5. Берекет Көрібаев. Тілеуқұл ишан.
<https://anatili.kazgazeta.kz/news/1697>
6. Мұхан Исахан. Түркістанның соңғы әулиесі – Әбул-ас ибн Әбілхайыр ат-Түркістани. <https://kazislam.kz/turkistannyng-songghy-auliesi-abul-as-ibn-abilhajyr-at-turkistani/>

Мирзаходжаев Абдулла

кандидат Ph.D.

Международной исламской академии

Ташкент, Узбекистан

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДІНТАНУ ПӘНІНІҢ ОРНЫ (ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАН МЫСАЛЫНДА)

THE ROLE OF RELIGIOUS STUDIES WITHIN THE EDUCATION SYSTEMS (ON THE EXAMPLES OF KAZAKHSTAN AND UZBEKISTAN)

Abstract

The article is dedicated to the role of religious studies and religious scholars in the education systems of Kazakhstan and Uzbekistan. Religion and religious identity play an important role in the formation of state integrity and unity of peoples. The article focuses on the role of the discipline of religious studies and the training of modern theologians, to its current position in universities and colleges, schools, the role and task of teachers and teachers of religion. The role and significance of religion and religious studies in the modern XXI century, as well as the role of religion and teaching in the preparation of modern personnel is very important. The system of education of

Kazakhstan and Uzbekistan is considered in more detail. And so about the importance and role and perspectives in science and education.

Keywords: religion, modernity, offline, online, specialist, international, process, importance, confession.

Дін және дінтанудың зерттейтін мәселелері мен оған қатысты сауалдар қазіргі таңда кез келген мемлекет үшін өзекті де маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Аталмыш мақалада Қазақстан мен Өзбекстан секілді бауырлас, мәдениеттері жақын, діні бір, ділі бір, көпұлтты, көпконфессиялы елдердегі білім беру жүйесіндегі дінтану мен дінтанушылардың орны мен дінтану пәнінің оқытылуына тоқталуды жөн көріп отырмыз. Жалпы дінтану пәніне келсек, посткеңестік кезеңдегі жаңа әрі тың мамандық болғандықтан, тәуелсіз мемлекеттердегі жаңа жолға қойылып отырған басты мақсаттардың бірі болып табылады. Негізінен дін мәселесі әлемдік деңгейдегі күрделі де маңызды мәселелердің қатарында, ал білім беру мен білім беру жүйесі елдегі жастардағы тәрбиелеудегі ең басты тетік болып саналады. Сондықтан да білім беру саласындағы дінтануға қатысты өзгерістер мен оң қадамдар елдің тұтастығы мен бейбітшілігі үшін, оған бастайтын тың әрі дұрыс қадамдардың орнығуына қажетті құбылыс. Қазақстан мен Өзбекстан секілді көп ұлтты, көпконфессиялы елдердің білім беру жүйесіндегі дінтану пәні мен дінтанушыларды даярлаудағы рөлі сөзсіз құнды болып тұр. Олай болса, осы тұрғыдағы мәселелерге кеңірек тоқтала кетейік.

Білім беру жүйесі кез келген елдегі басты да маңызды міндеттерінің бірі. Әрбір мемлекет үшін сауаттылық пен білімді де білікті мамандар даярлау маңызды да басты бағдар болып саналады. Білімді де білікті мамандар мықты да мығым, мызғымас елдің іргетасын қалаушылар болатыны сөзсіз. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев алғашқы күннен-ақ Қазақстанда білікті мамандар даярлау мен білім саласын әлемдік стандарттарға сай реформалау мәселесіне баса назар аударды. «Қазақстан-2030» Стратегиясында Елбасы: «Ел келешегі жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне тікелей байланысты», - деп айрықша атап айтқан болатын [1]. Қазақстан білім беру саласында көптеген жетістіктерге жетті. Ол жетістіктердің бірі де бірегейі «Болашақ» бағдарламасы деп айта аламыз. Болашақ бағдарламасы шетелде білім алу мүмкіндігі. Осы орайда Өзбекстандағы шетелде білім алу бойынша статистикаға көз жүгіртсек, 2019 жылы Өзбекстан жоғары оқу орындарының 300-ге жуық түлегі қатысты.

Әлемдегі болып жатқан соңғы жағдайлар мен өзгерістер жалпылама өзіндік әсерін тигізері сөзсіз. Қазіргі таңда COVID-19 індетінің салдарынан дүниежүзі бойынша білім беру жүйесінде үлкен өзгеріс енді. Сондай өзгерістердің бірі білім жүйесіндегі әдеттегі оқу үрдісінен қашықтықтан оқуға өтуі. Әлемдегі болып жатқан өзгерістермен қатар, маңызды әрі тосын өзгерістердің бірі білім жүйесіндегі бүкіләлемдік пандемияға байланысты оффлайн режимнен онлайн режимге көшуі болып отыр. Әдеттегі оффлайн режимнен онлайнға режимге көшу қиын да күрделі, созылмалы үдеріс болды десе де халық онлайн режимдегі білім беру үрдісіне де үйреністі. 2020 жылдың 14 наурызынан бері созылып келе жатқан карантин режимі

мақаланың арқауына айналып отырған екі елдің де білім жүйесіне, экономикасына, сауда-саттық саласына өзіндік салдарын тигізгені құпия емес. Дегенмен де үйде отырып қашықтықтан оқудың оң әсерлерінің бірі жасөспірімдердің көлік кептелістері мен түрлі көлік апаттарынан алатын жарақат немесе басқа да дене ақауларынан ада болуы, көшеде орын алатын түрлі бұзақылықтардың азаюы. Сонымен қатар бұл пандемия адамзат баласына рухани жағынан дамуға, отбасылық құндылықтарды түсінуге мүмкіндік берді, дінге, рухани жаңғыруға бетбұрыс жасауға септігін тигізді. Осы тұрғыда діннің, діни сенімнің адамзат баласының санасындағы рөлі, оның адамның өмір сүруге деген құлшынысын арттыратын құралы ретінде маңыздылығы артты. Осылайша дінтану мен дінге қатысты пәндердің құндылығы уақыт өткен сайын артпаса, кемімек емес.

Осы орайда Өзбекстандағы білім беру жүйесінің жетістіктері де аз емес деп айта аламыз. Өзбекстан Республикасының білім саласы мен халықтың сауаттылығы тұрғысында ерекше көңіл бөліп, елеулі істер атқарып жатқанына көңіл бөлуі мен ықыласын келесі түйіннен көруге болады: «Өзбекстан Республикасының 2019 жылғы мемлекеттік бюджетін жобалау жоспарында шығынның 54% әлеуметтік салаға, оның ішінде 26,5% білім беру саласына жұмсалып жоспарлануда» [2]. Бұл дегеніміз білім беру жүйесінің дамуының айқын көрінісі деп айта аламыз. Олай болса екі елдегі білім беру жүйесінің жай-күйіне тоқтала кетейік.

Қазақстан мен Өзбекстан Республикасының білім беру жүйесінде соңғы 30 жылда іске асырылған реформалардың негізгі қорытындылары ретінде ең алдымен орта білім берудің нормативтік ұзақтығын 12 жылға дейін арттыра отырып, жоғары орта мектеп деңгейінде бейіндік білім беруді енгізуді, жоғары білім беруде даярлаудың барлық бағыттары мен мамандықтары үшін екі деңгейлі біліктілік жүйесін (бакалавр – магистр) белгілеуді, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің екі деңгейлі жүйесін енгізуді атап өтуге болады.

Орта Азия мемлекеттерінің жастардың білім алуы жолында тұрған барлық мүмкін болатын кедергілерді ескеруі және оларды еңсеру үшін қажетті шаралар қабылдауы қажет. Білім берудің барлық деңгейінде – бастауыш, орта, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі гендерлік теңдікті қамтамасыз ету. Тек білім беру жүйесінің дамуы ерлер мен әйелдердің қалған құқықтары мен мүмкіндіктерінің кеңеюіне алып келуі мүмкін. 2019 жылы Өзбекстан Республикасы Жоғары және орта арнайы білім министрлігінің сайтынан 88 жоғары оқу орны көрсетілген [3].

Келесі тоқталатын басты мәселе білім беру жүйесіндегі дінтанудың рөлі мен маңыздылығы. Дінтану пәні мен оның маңыздылығы екі ел үшін де зор екені даусыз. Дінтану мен діни білім берудің екі елге ортақ міндеттері мен мақсаттары болғандықтан жалпылама сипаттама берген көңілге қонымды әдіс болып тұр. Көпконфессиялы мемлекеттердегі дінаралық татулық, ұлтаралық бейбітшілікті орнатудағы дінтану пәні мен дінтанушылардың үлесі айқын. Дінтану посткеңестік елдердегі жаңа ашылған мамандық. Бұл мамандықтың білім беру бағдарламасы жоғары білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына сай негізделген. Діни білім беруді әлеуметтік ұғым, ол білім алу қызметінің рухани әрі зайырлы кешендік құрылымын білдіреді десек, білім жүйесінің мұндай түрі діндер туралы

оқытуды, олар туралы ақпарат беруді, діни сезім мен сананы тәрбиелеуді білдіреді. Атақты ғалым Мирче Элиаденің еңбегінде былай делінген: «Діни білім беру терминіне анықтама беруші әр адам әдеттегіден тыс қиындықтарға тап болады». [4, 318 б]. Сонымен, дінтану пәнінің ең басты мақсаты мен мәні неде деген сұраққа жауап издесек, діндердің шығу тарихын, дін туралы ілімдерді, діни қарым-қатынастарды, діни көзқарастарды, діннің түрлерін оқытатын ғылым деген жауап келеді.

Дінтану мамандығының қолданылу аясына дінтанушы мамандардың қандай салаларда қызмет ету мүмкіндігіне келсек, дінтанушылар мемлекеттік, діни және қоғамдық ұйымдарда бұқаралық ақпарат құралдарында тәуелсіз сарапшы ретінде және сарапшылар комиссиясы құрамында; ҰҚК және ІІМ сараптама қызметінің, мемлекеттік басқару, сыртқы және ішкі саясат бөлімінің, дін істері комитетінің қызметкерлері; Дін тарихы мен теориясы, заманауи өркениеттің діни - философиялық мәселелері бойынша ғылыми - зерттеу жұмыстарында ғылыми қызметкер; мемлекеттік және мемлекеттік емес жоғары және орта арнаулы оқу орындарының оқытушылары ретінде қызмет атқара алады.

Бітіруші магистратура мен PhD білімін жалғастыра алады және халықаралық жобаларды іске асыруға (БҰҰ, ISESKO, Ашық қоғам институты және т. б.) қатыса алады.

«Халал» стандарттау комитетінің, ҚМДБ қызметкерлері және басқа да мемлекеттік, мемлекеттік емес мекемелер мен халықаралық ұйымдардың қызметкерлері. Дінтану мен дінтану мамандығы қазіргі тілмен айтқанда заманауи мамандықтардың қатарына жатады, сонымен қатар сұранысқа ие деуге болады.

Сонымен мақаламызды қорытындылай келе, дінтану – бұл діни ілімдер тарихын және діни өмірдің институциялық формасын діни - мәдени мұра, діни өнер, діни жазба ескерткіштерін, діни білім және ғылыми зерттеу қызметі, дінге тән құқықты, діндер тарихының археологиялық ескерткіштерін, түрлі діни ілімдер мен діни ұйымдар арасындағы өзара қатынас тарихы мен қазіргі ахуалын зерттейді.

Қазақстан мен Өзбекстан секілді көпконфессиялы, көпұлтты елдердің тәуелсіздік алған 30 жыл төңірегінде бейбітшілікте өмір сүруі мен өзара ынтымақтастықта болуы діни идеологияларының ортақтығында. Өзбекстан тәуелсіздік алғалы білім беру жүйесінің жетілуіне, сапасының жақсаруына көп мән беріп келе жатыр. Елдегі алғашқы заңдардың бірі «Білім туралы» және «Өзбекстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңдардың қабылдануының өзі де кездейсоқ емес. 1991 жылы 20 қарашада Өзбекстан Республикасында «Өзбекстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының негізі» туралы заң қабылданды, бұл деген елдегі жастардың шағармашылық өрісін ашу елдің басты саясаты екенін көрсетті [5].

Екі елде де жоғары кәсіби білім беру жүйесінде дінтану зайырлы тұрғыдан оқытылады. Сондай-ақ, дінтану пәні діни оқу орталықтарында теологиялық тұрғыдан оқытылады. Дінтану пәні – тарихтың сан ғасырлық мұрасында жинақталған діни тәжірибе, діни мәдениет ескерткіштері, интеллектуалды және рухани мұралар болып табылады. Зайырлылық та діндарлылық ұғымымен қатар

келе жатқан құбылыс, зайырлылық ғылымының тақырыбы мен мазмұны атеистік немесе дінге қарсы емес. Университетте оқытылатын діни ғылымдардың тақырыбы мен мазмұны қайырымдылық, ізгілік, адам сүйгіштік, патриотизм, толеранттылық, басқа дін өкілдеріне құрметпен қарау қағидаттарына сүйенеді деп айта аламыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан -2030» Стратегиясы, Жолдау. URL: <http://www.press-service.uz/ru/lists/view/420>
2. Бюджет для граждан ПРОЕКТ 2019. URL: https://static.norma.uz/raznoe/03.12.2018/budget_2019.pdf
2. Eliade M7 editor in chief. Religious Education the Enciclopedia of Religion. V.1-16-New York: Macmillan, 1987
3. Өзбекстандағы жоғары білім беру жүйесінің дамуының ерекшеліктері. URL: <http://edu.e-history.kz/en/publications/view/1308>

Асхатұлы Жалғас

*Докторант кафедры религиоведения
Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева
Нур-Султан, Казахстан*

ЛАҢКЕСТІК ИДЕОЛОГИЯ: ИСЛАМ МЕН БАТЫС ТЕКЕТИРЕСІ

IDEOLOGY OF TERRORISM: THE CONFLICT BETWEEN ISLAM AN THE WEST

Abstract

The article describes that terrorism today is a widespread socio-political phenomenon. The article also draws special attention to the political component of the so-called “Islamic terrorism”. A historical review of modern Islamic and Christian values and principles is carried out.

To confirm the hypothesis put forward, the author uses reliable information from the Holy Quran and hadith. The classical views of the Muslim and Western scholars who defended the religion of Islam from various misconceptions, are also presented as sources.

The author conducted an etymological and hermeneutic analysis of the theory of “terrorism” and religious concepts distorted for various political reasons. The features of the impact of the microenvironment and individual factors affecting the radicalization of a person are determined.

Террористік идеология қылмыстың ең сорақы түріне алып баратын аса қауіпті құбылыс. Оның арбауына түскен әрбір кісінің алдымен ауызы жабылады, ойлау еркіндігінен айрылады, ақылы шектеледі. Мұндай адамдардың көбеюі тұтастай қоғамның интеллектуалды сипатына нұқсан келтіріп, халықтың шығармашылық түйсіктерін жоғалтады.

Өкінішке орай, аталмыш кесір идеология бүгінде әлемнің барлық жерінде бар. Әсіресе, өзара қарым-қатынасы мен диалогы төмен дамыған және ұлттық идеология дағдарысының көрсеткіші жоғары елдерде әртүрлі сипатта жиі көрініс табады.

Қазіргі таңда әр елдің идеологиясы түрлі болғандықтан террористік идеологияға мамандар тарапынан берілген нақты ортақ анықтама жоқ. Қоғамдардағы діни сенімдердің, саяси бағыттардың, философиялық көзқарастардың, ұлттық дүниетаным мен бағдарлардың санқилы болуы террористік идеологияға әр ел өзінше баға беріп келеді. Кейбір мемлекет бір кісінің немесе қоғамның жоспарлы түрде жасаған әрекетіне қарап террористік акт десе, енді бірі мұндайды тіпті лаңкестікке жатқызбайды. Қалай дегенмен, көпке мәлім қылмысқа жетелейтін мұндай жат құбылыс тұтастай адамзаттың болашағына қауіп төндіріп тұрғанын ешкім жоққа шығара алмайды.

Расында, террористік идеологияға нақты анықтама бермей, онымен күресудің басты тетіктерін таба алмау – лаңкес содырлардың көбеюіне алып келеді.

Бүгінде әлемдік БАҚ беттерінде «терроризм» сөзі ең көп қолданысқа енген сөздердің бірі екенінде дау жоқ. Аталмыш сөз осындай дәрежеде танылғанымен оған терминдік нақты ортақ мағынасы берілмеген. Анықтамалардың барлығы дерлік тілдік мағына шеңберінде қарастырылып келеді. Тіпті, соңғы кезде батыстық мамандар тарапынан оның терминдік мағынасын мұсылмандармен байланыстырып үлгерді. Енді осындай әлемдік БАҚ өкілдерінің қыруар жұмыстарының арқасында қарапайым халық мұсылмандарды фундаменталистер, фанатизм мен экстремизм жақтаушылары, лаңкеске жетелейтін дін ұстанушылар ретінде танып жатыр.

Кейде батыстық академик – Питер Аткинс, саясаткер - Анн Мари Уотерс, жазушы – Даниел Жонсон секілді ықпалды кісілер ислам төңірегінде сөз қозғағанда зорлық-зомбылықтың негізін қалаушы ретінде көрсетуге тырысады. Осындай Батыс пен Шығыстың көзқарасы ұштаспағандықтан «терроризм» сөзіне халықаралық деңгейде ортақ анықтама беретін негізгі стандарттардың болмауы заңды жағдай.

Дегенмен, ақиқатты іздеген адам үшін ислам ол өзге діндер секілді бейбітсүйгіш дін екендігінде дау жоқ. Мұны біз Құранның мына бір аятынан нақты көре аламыз: «Кімде-кім жер жүзінде бұзақылық қылмаған бейкүнә жанды нақақтан-нақақ өлтірсе, барлық адамзатты өлтіргенмен теңдей болады. Сол сияқты кімде-кім біреуді өлімнен құтқарып қалса, барлық адамды құтқарғанмен тең» (5:32).

Жалпы «терроризм» сөзіне БҰҰ тарапынан бейкүнә адамдардың жанын қиып, бостандық пен еркіндіктің тамырына балта шаба отырып, адамзат құндылығын

жоюды көздейді, деп баға берген. Ал, ислам ғалымдары жеке адам немесе топ болып өзгенің дініне, намысына, нәсіліне тіл тигізе отырып қорқыту, үркіту, себепсіз қан төгу, зорлық зомбылық көрсету секілді әрекеттердің барлығы лаңкестік қылмыс болып саналады деген.

Терроризм кесірінен діндердің ішінде – ислам, мемлекеттер арасында – араб елдерінен артық зардап шеккендер жоқ шығар сірә. 1998 жылдың 22-ші сәуірінде Араб елдерінің лигасы тарапынан 17 ел қол қойған «Араб елдерінің терроизмге қарсы келісімі» атты декларация қабылданған болатын. 42 тармақтан тұратын бұл келісім аясында араб елдері терроризммен қанша күрес жүргізіп жатса да, мұсылман лаңкестерінің ошағы сол елдерден шығып жатқаны жасырын емес.

Осындай идеологияны дәріптейтін содырлардың басты сипаты – өзгенің пікіріне құлақ аспастан адамның ақысына қол сұғу, өзінің көзқарасымен санаспайтындарды жау тұту. Олар ұлттық мәдениет, тарих және өркениет дегенге құрмет көрсету дегенді мүлде білмейді [1].

Терроризм идеологиясы заманауи термин ретінде қарастырылғанымен оның түбірі ертеден келе жатыр және ол бүгінгідей емес басқа атаулармен аталған. Оның астары бірінші жағынан, өзге жерді жаулап алуға бағытталған әлдебір елдің саяси құрылымына негізделсе, екінші жағынан сол саясатты жүзеге асыруды көздеген саясаткерлер, заңгерлер мен құқық қорғаушылардың атқарған жұмыстарының нәтижесі десе болады.

Терроризм идеологиясының басты себептері:

Терроризм идеологиясы әлемнің барлық жерінде таралған дедік. Алайда, олар әр елде түрлі сипатта көрініс тауып отырады. Олардың қоғамда бой көтеруіне бір жағдай емес, бәлкі жылдар бойы қалыптасқан бірнеше факторлар себеп болады. Соларға қысқаша тоқталып кетелік.

1. Фанатизм (өз көзқарасына деген ұстамдық)

Кез-келген тұлға өз көзқарасын алға тартып, ақиқатқа тоқтамай өзгенің ойымен санаспайтын дәрежеге жететін болса онда ол фанатизмнің алғышарты болып табылады. Адамның жеке пікірінде қалуы оның заманға сай ойлау қабілетін тежейді әрі қоғамдық мәселелерге объективті тұрғысынан қараудан тосады. Осылайша, адам ортақ диалог құратын қоғамнан ажырай береді. Уақыт өте ол өзгемен сұхбат құру барысында жеке көзқарасын алға тартып, агрессия таныта бастайды. Нәтижесінде ол сұхбаттасушыны надан, білімсіз деп айыптауға көшеді. Бұл өз кезегінде фанатизмнің ең қауіпті тұсы (2).

2. Діни мәтінді өз ойымен түсіну

Кез-келген діни мәтін қасиетті болып саналатыны сөзсіз. Алайда, оларды дұрыс бағытта түсіну үшін белгілі бір дәрежеде білім керек. Өкінішке орай, бүгінде дінге бет бұрған кісілер білім деңгейін шыңдаудан бұрын, діни мәтіндерді өз беттерімен түсінуге тырысады.

Ертеден бері белгілі бір ел патшасының немесе мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғаларының сөздері халықтың арасында салмақты болатыны жасырын емес. Әсіресе, олардың ықпалы дін өкілдерінен басым келеді. Олар

қандай шешім шығарса да халық қарсыласпай қабылдау керек еді. Бұл тұрғыда діни фанатизм өкілдері олармен келіспеді. Олардың пікірінше Құдайдан түскен діни қағидаларды жаратылған адамның шешімімен байланыстыру мүмкін емес. Салдарынан қоғамдағы көзқарас екіге жарылды.

Мұның басты себебі, дін өкілдерінің қасиетті мәтіндерді өз беттерімен түсіндіруде еді. Себебі, ешқандай діни мәтін қоғамда іріткі салуды көздемейтінін ескерсек, Жаратқан мен жаратылғанның арасында қандай да компромисс болуы шарт. Алайда, дінде асыра сілтеушілер мұны жоққа шығарып, Құдайдың заңдылығынан басқа заң шығарушыларды діннен шығарып, олармен қасарыса түсті. Мұндай көріністі әсіресе ислам тарихында әділетті халифаттардың тұсында бой көтерген хауариждердің әрекетінен көруге болады.

3. Ұлттық идеология

Ұлттық идеология ол халықтың иммунитеті болып саналғандықтан, оған арқа сүйеу арқылы әрбір ел болашаққа нық қадам баса алады. Қоғамды арнайы арнаға салып отыратын осындай идеология болмаса, ондай жерде терроризм идеологиясы тез тарай бастайды. Мұндай қоғам құнарлы жер секілді. Онда қандай да бір идеяның ұшын шығарсаң иммунитеті жоқ халық оған тез нанады. Нәтижесінде елді құрдымға кетіретін идеология тарап, халықтың барлығы дерлік оның құрбанына айналады.

Бұл бір 1991 жылы дербестікке қол жеткізген Қазақстан секілді. Алғашқы жылдары қазақ халқын дұрыс бағытқа жетелейтін ұстанымды идеология болмағандықтан, рухани азығы жоқ әрбір азамат діни білімді өз қалаған жағынан іздей бастады. Салдарынан жан-жаққа жұлмаланған ислам ортаға келіп, әркім өз деңгейінде дінді таратты. 2000 жылға дейін қоғамға көптеген діни топтар еніп үлгерді. Оның зардабын бүгінге дейін тартып отырған жайымыз бар.

Қазіргі Таяу шығыста орналасқан мұсылман елдерін алып қарайтын болсақ, исламның ортақ идеологиясын әрқилы түсіндірілгендіктен халық қырық пышақ болып, қоғамда уахабизм, Ислам мемлекеті, мұсылман бауырлар және т.б. сынды бірнеше діни топтар бой көтерді.

Өкініштісі, осындай топтардың ықпалы біздің елді айналып өтпеді. Себебі, бүгінде қазақ қоғамында жүрген уахабизм өкілдері өздерін ақиқат жолындамыз деп нақты сеніммен айтып жүр. Олар діни диалогқа келмейді әрі өзгені мүлде тыңдамайды, ортақ сұхбатқа келмейді. Фанатизмнің нақ өзі. Мұндай бағыттағы мұсылмандар ертең 2011 жылы орын алған әрі терроризм идеологиясының құрбаны болған Рахымжан Мақатов секілді азаматқа айналып, қоғамға қауіп төндіруі әбден мүмкін.

4. Әлеуметтік мәселелер

Әрбір қоғамда жұмыссыздық, отбасында ажырасу, бала тәрбиесі сынды әлеуметтік мәселелер шешілмей көптеген келеңсіздіктердің орын алуына алып келуі мүмкін [3]. Бұл туралы Мағриб елінің жазушысы, философ Мұхаммед Абид әл-Жабири былай деген: Егер радикализм қоғамдық проблемаға айналса оның шешімін діннен емес елдің экономикасынан, демократиясынан немесе адам

құқығынан іздеу керек. Демек, әлеуметтік мәселелерді мемлекеттік тұрғыдан реттеу қоғамның тұрақты дамуына елеулі ықпал етеді екен.

5. Діннің бұрмалануы

Жоғарыда атап кеткеніміздей, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары атеизмді дәріптеген Кеңестік дәуірден азаттыққа жол ашылғанда елімізде білікті дін мамандары тапшы болғаны белгілі. Халықтың барлығы рухани азық іздеумен әлек болды. Себебі, қазақ әлмисақтан мұсылман дегендей, ислам діні ұлттың болмысына, дүниетанымына ежелден сіңісіп кеткен болатын. Алайда, 90-шы жылдары қазақ исламның көлеңкесінде қалып қойды. Мұның орнын толтыру үшін аталған болмысты қайта жаңғырту кезінде тиісті бағдарламалар дер кезінде қабылданып, жұмыс жасайтын мамандар тапшы болды. Салдарынан қазақтың діни сенімі шайқалып тұрды. Бұл жат идеологияның қоғамға оп-оңай еніп кетуіне себеп болды.

Әйтседе, қазақ азаттықтың дәмін сезумен қатар рухани болмысына қайта қауышу үшін исламның өзегін іздей бастады. Жастардың көбі діни білім алу мақсатында шетел асып жатты. Өкінішке орай сыртқы дін таратушылардың күші басым болып, рухани иммунитеттен жұрдай қазақ қоғамына жат сенім идеологиясы басып кірді. Бұл қазақтың 21-ші ғасырды еңсергендегі басты қасіреті десе болады.

Нәтижесінде, сенімі мен заңдылығы бұрмаланған уахабизм, хизбут тахрир, таблиғи жамаған секілді діни топтар идеологиясы тарады. Бұл жамағаттың басты мақсаты бейбітшілікті насихаттайтын исламды негізге ала отырып, оны өз көзқарастары бойынша бұрмалап халыққа түсіндіру және қоғамда террористік идеологияны жақтаушылардың ошағын құру болып табылатынын кейін түсіндік.

Осындай кемшіліктің орнын толтыру үшін мемлекеттік деңгейде заңдар қабылданып, қоғамдағы діндер мен діни бірлестіктердің жұмысына қатысты тұжырымдамалар қабылданды. Терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша бағдарламалар түзіліп, еліміздің барлық өңірінде дін мәселесінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бұл ұзақ жылдарға созылған әрі кешенді жұмыс жасауды талап етті. Салдарынан халықтың көзі ашылып, діни сауаты артып, белгілі бір деңгейде діннің теріс насихатталуына қарсы иммунитет қалыптасты. Ал, сәйкесінше діндегі қасиетті мәтіндерді бұрмалап, әрқилы насихаттау – лаңкестік көзқарастың таралуына басты себеп.

6. Ақылды шектеу

Ақыл ол адамзат өркениеті дамуының негізгі қайнар көзі. Ақылсыз адам баласы ешуақытта даму белестеріне жете алмайтыны анық. Адамның ақылы қандай бағытта қорек жинаса сол бойынша жұмыс атқарады.

Қандай да бір қоғамда діннің, әсіресе лаңкестік топтардың ықпалы жоғары болатын болса онда адамдардың ойлау қабілеті тежеліп, кері даму үдерісі басым болады. Мұндай жағдайда өзгенің көзқарасымен санасып, халықаралық ынтымақтастық орнату, сұхбат алаңын құры әсте мүмкін емес. Бұған мысал ретінде Жапоняда Аум синрикё, Нигеряда Боко Харам, Сирия мен Иракта Ислам мемлекеті, Израилда Ках секілді халықаралық террористік ұйымдарды жатқызуға

болады. Бұлардың барлығы қоғамға өздерінің діни доктриналарын енгізуді көздеп, халық арасында манипуляция жасауға тырысады.

Аталған діни ұйымдардың доктринасында адамның санасын бағындырумен айналысады. Мәселен, Боко Харам содырларды дайындау үшін ең алдымен тек діни әдебиеттерді оқытумен айналысады. Мұндағы діни әдебиеттер дегеніміз өз мүдделеріне сәйкес мазмұны бұрмаланған кітаптарды айтамыз. Сәйкесінше, мұндай жолмен тәлім алған кез-келген адам бір жақты ойлау қабілетіне ие болады. Оның ақыл кеңістігі шектеледі. Нәтижесінде, содырлардың нағыз қол шоқпарына айналады.

Ислам және террористік идеология

Ислам діні басқа діндерге қарағанда Құран мәтіндеріне негізге ала отырып террористік идеология анықтамасына нақты әрі түсінікті анықтама берген. Исламда өзгенің көзқарасын құрметтеуге шақырады және адамның дініне, нәсіліне, ұлтына қарамастан онымен сұхбат құруды маңызды санайды. Сондай-ақ, өзге дін өкілдерімен де диалог құру мұсылмандықтың сипаты екендігі жайында Құран нақты баяндайды.

Құран логиканың күшін емес, күштің логикасын жақсы қолданады. Яғни, мұсылман өзгемен сұхбат құру барысында алдымен қарсыласының ойына зер сала отырып, толық тыңдауға міндетті. Мұнда қандай да бір асыра сілтеушілікке, күш көрсетуге жол жоқ.

Десе де, ислам тарихы радикалды көзқарастың кесірінен былғанған тұстары жоқ емес. Омейядтар мен Аббаситтер кезінде мұсылмандардың өзі жік-жікке бөлініп жатты. Құранда «Дінде зорлық жоқ» деген нақты қағида болғанымен теріс идеологияға малынған лаңкестер, әсіресе XVII ғасырда араб түбегінде уахабизм атымен танылған радикалдар өзге мұсылмандарды ұзақ жылдар бойы сөйлеу мен ойлау еркіндігінен тыйып, үрейде ұстап отырды. Бұл өз кезегінде қоғамдық көптеген проблемалар тудырды.

Батыста қайта өрлеу дәуірі жүріп, ғылымға ден қойылып жатқанда мұсылмандар бір-бірімен араздасып, түрлі әлеуметтік мәселелердің шырмауында қалып қойды. Олар қол астындағы жерлерді өркендетудің орнына бір ғана ислам дінінің ішінде қырық-пышақ болып жатты. Бұған шектен шыққан радикалды көзқарасты мұсылмандардың ықпалы өте жоғары еді. Салдарынан ислам әлемі дамудың артында қалды.

Осыдан кейін ислам идеологиясы Орта ғасырға тартады деген исламофобия сипатындағы жансақ пікірлер ортаға шығып, ендігі жерде мұсылмандармен ешкім санаспайтын дәрежеге жетті. Бұған қазіргі Таяу шығыста оқшауланып өмір сүріп жатқан араб елдерін келтіруге болады. Олардың қолындағы табиғи көгілдір газ бен қара алтын – мұнайдан басқа Батыс елдерін ештеңе қызықтырмайтыны жасырын емес.

Мұндай олқылықтардың орнын толтыруды көздеудің орнына бүгінгі уахабизм өкілдері өздерінің улы идеологиясын жалпы мұсылман әлеміне тарату үшін үлкен медиа орталықтар, кітапханалар мен мешіт-медіреселер ашып халықпен тығыз

жұмыс жасауды қолға алғаны қашан. Бір ғана мысал, қазір ғаламтор беттерінде «google» іздеу жүйесі арқылы қандай да бір діни үкім немесе мәлімет іздейтін болсақ, міндетті түрді алдыға кем дегенде уахабизм идеологиясын насихаттайтын 5 сайтқа сілтеме шығады. Құдды бір ислами сұрақтың барлығына солар жауап беріп жатқандай әсер қалдырады.

Осылайша олар ғаламторды өте тиімді пайдаланып, қоғамда уахабизмнің дәнін егіп, болашақ ұрпақты өздеріне қаратуды көздейді (4).

Ең өкініштісі, олар барша адамзатқа тура жол көрсету үшін түскен Құранның мазмұнын бұрмалап, тәпсірлеп, өздерімен келіспейтін адамзаттың барлығын дұшпанға айналдырып, исламды зорлық-зомбылықпен тарататын дін іспетті етіп алған. Мұндай қасқой мақсатқа жету үшін «Дұшпанға қарсы қолдарыңнан келгенше күш-қуат сайлаңдар және соғысу үшін ат дайындандар. Сол арқылы дұшпандарды қорқытыңдар» (8:60) секілді аяттарды қазіргі заманмен байланыстырып, буквалды түрде түсіндіреді.

Негізінде, аталмыш аят егер қарсы дұшпан тұтастай қоғамға қауіп төндірсе, мал-мүлікті тартып алып, мұсылмандардың түгелдей жойылып кетуіне әрекет жасаған жағдайда ғана оларды **қорқыту** үшін, қарсы тұру керектігі айтылған. Мұндай қарсылық әрекеті кез-келген уақытта, заманда өзекті екені белгілі.

Бүгінде «терроризм» сөзі араб тілінде «ирһаб» сөзімен айтылып келеді. Дәл осы анықтама жоғарыдағы аятта «қорқыту» сөзімен түсіндірілген. Алайда, аят туралы Шейх Макарим былай деген: Аяттың мазмұны мұсылмандар қару-жарақ алып, өзгенің жеріне басып кіруге немесе әлемде үстемдік орнатуға жігерлендіру емес. Бәлкі, Аллаһтың тыйған ескертулеріне құлақ аспай, күш-көрсетіп, зорлық-зомбылық жасаудан басқа ештеңе білмейтін дұшпандарға қарсы тұруға шақырады. Бұл ретте, олардың осындай қасқой мақсаттарын жүзеге асырмас бұрын, олардың жүрегіне үрей салу үшін, **қорқыту** әрекеті қылмыс емес, керісінше, қоғамда қауіпсіздік орнатып, өзгелердің жаман ниетінен тайдырып, оларды тәрбиелеу болып саналады [5].

Құрандағы «ирһаб» сөзіне араб тілінде екі түрде анықтама беріледі. Біріншісі, қарсы тұратын дұшпанның көптігінен сезген уақытта, оларға қарсы тұру кезіндегі кеудедегі үрей. Жоғарыдағы аятта дәл осындай қорқыту түрі меңзелген. Екіншісі, қазіргі заманауи анықтама. Яғни, белгілі бір адам немесе топтар құрылған күш арқылы арнайы мақсатқа жету үшін қоғамға үрей салу, тыныштықты бұзу, зорлық-зомбылыққа бару сынды террористік актілер жасау. Уақыт көрсетіп отырғандай қорқытудың мұндай түрі белгілі бір елдер арқылы геосаяси бағытта да жүзеге асып жатады.

Осыған байланысты қоғамда тыныштық сақтаудың маңыздылығы турасында Құранда нақты айтылған аяттар бар. Оны діни терминде «Ифсад фи ард» (жер бетінде бүлік шығару) деп атайды. Бұған егін алқапты жою, адамға яғни, белгілі бір нәсілге, ұлтқа себепсіз қарсы шығу, қоғамға үрей салу, мал-мүлікті күш көрсетіп тартып алу және осы секілді т.б. амалдар бүлік саналады және бұлардың орын алуына ислам қарсы тұруға шақырады. Демек, ислам адамның тыныш өмірін сүруді көздейді және бұған кез-келген жаман әрекеттің жолын кесуге шақырады [6].

Мұхаммед пайғамбар заманында мұсылмандар тарапынан халықты қорқыту, қоғамға бүлік салу, күш көрсету сынды теріс әрекеттер мүлде болған емес. Бұған кез-келген ислам тарихына қатысты әдебиеттер куә. Керісінше, мұндай әрекеттер мұсылмандарға қарсы жасалды. Ол заманда мұсылмандарды басқару жүйесі тек исламды жұмсақ жолмен тарату ғана көзделді. Себебі, ондағы исламның басты мақсаты халықты діннен қашырып, исламды құбыжық етіп көрсету емес, керісінше дінге адамдарды үгіттеу, насихаттау, барынша көркем қарым-қатынаспен таныту болды. Бұған қатысты Құранда нақты айтылған аяттар бар: «Уа, Кітап иелері! Бізге де сізге де ортақ болған: Аллаһтан басқа ешкімге табынбайық және оған ешқандай серік қоспайық. Сондай-ақ, Аллаһты ұмытып бір-бірімізді тәңір тұтпайық, - деген сөзге келейік» (3:64). «Кітап иелерімен тек ең жақсы жолмен ең жақсы тәсілді қолдану арқылы пікірталасқа түсіңдер» (29:46). Егер олай болмаған жағдайда ислам 14 ғасырдан бері дін ретінде тұрақты сақталмас еді.

Әрине, пайғамбар өмірден өткеннен кейін исламның қоғамдағы жағдайы едәуір өзгерді. Мұсылмандардың билік мәселесінде көзқарастары екіге жарылды. Әркім дінді өз бетінше түсіндіре бастады. Мұндай келеңсіздіктің соңы ақырында жан-жалға ұласты. Ислам тарихында ең алғашқы болып «қорқыту» әрекетін жүзеге асырған әрі аса қауіпті хауариж деген топ бой көтерді. Олар мұсылманды кәпір деп айыптағандардың ең алғашқысы.

Сол уақытта мұсылмандардың әміршісі атанған Әли ибн Әбу Талибқа қарсы шығып, оны да кәпір деген болатын. Хауариждер өздерін Мұхаммед пайғамбарға ең жақын болған әрі тура жолда жүргендер деп санады. Осылайша олар билік жүйесін қолға алуды көздеді. Олар қоғамға іріткі салып, мұсылмандардың ауызбіршілігіне бұзғанымен алдымен Әли ибн Әбу Талиб олармен жақсы мәмілеге келуге тырысты. Абдулла ибн Аббасты оларға елші етіп жіберіп, бұзақылықты қойып, ортақ шешімге келуді көздеді [7].

Қалай дегенде де, осы секілді топтардың арқасында Құран мәтіні бұрмаланып үлгерді. Өкінішке орай, тамырында уы бар мұндай идеология XVIII ғасырдың басында Мұхаммед ибн Абдул Уаххаб тарапынан қайта жаңғырып, қоғамды жақсы жағына өзгертеміз деген жалған ұранның үні бүгінге дейін созылып келеді. Бұл жалпылама исламның атынан сөйлейтін идеология болғанымен, жекеше келгенде пайғамбардың тікелей «Әл байт» ұрпақтарының тамырына балта шапты десе болады.

Қазіргі уахабизмді жақтаушы мұсылмандардың арасында мұндай теріс идеология жиі кездеседі. Олар алғашында Нажд жерінен аз болып бойы көтергенімен, бүгінде тұтастай Таяу Шығыстағы араб елдеріне үстемдік жүргізіп отырғаны жасырын емес.

Бүгінде әлемдік БАҚ беттерінде ислам сөзіне терроризм және экстремизм секілді сөздердің тіркесіп келуіндегі басты мақсат – адамдарды исламнан жирендіру. Бұған уахабизм идеологиясының тікелей ықпалы бар екендігі туралы заманауи Рамазан әл-Бути, Мұхаммед Шағрауи сынды ғалымдар айтып, оларға қарсы «Уахабизм исламды қаралаушы» деген еңбектер жазып кеткен.

Бұл ХІ ғасырда бастау алған крест жорықтарынан бергі мұсылмандарға шүйліге қарайтын батыстық саясатқа өте тиімді болды. Олар тіпті мұсылмандары бөліп-жармай тұтастай терроризмге қатысы бар адамдар деп біржақты жарнамалап үлгерді. Алайда, олар қазіргі иудейлер тарапынан мұсылмандарға қарсы жасалып жатқан түрлі зорлық-зомбылыққа көз салуға асығар емес [8].

Бір жағынан, бүгінде мұндай қарым-қатынасқа мұсылмандардың еті үйренген секілді. Бейбітшілікті дәріптейтін ислам дінінен лаңкестікті қанша алыстатқысы келгенімен батыстық БАҚ беттерінің ықпалы зор болып отыр. Әйтседе, Батыс халқы исламды ұнатпағанымен, террористік идеологияның қауіпінен үрейленіп өмір сүруге мәжбүр қалуда.

Қалай дегенімен, бүгінде мұсылмандар негізсіз жабылған жалаға үйреніп, өз өркениетін жаңғыртып, дамудың қадамдарын шапшаң басып келеді. Исламның ғасырлар бойы артта қалуының негізгі себебінің бірі – ақылды тежеу екенін енді түсінгендей еді. Өйткені, уахабизм өкілдері қоғамды тұтастай дінмен байланыстырып, насты (діни мәтіндерді) ақылдан басым етіп келді. Бұл өз кезегінде мұсылмандардың дінмен ғана шұғылданып, заманауи мәселелерге ден қоюмауына алып келді.

Бүгінгі мұсылмандардың жағдайы басқа. Олар ақылдың өмірдегі рөліне аса мән беруге көшті. Пайғамбардың «Адамның тірегі ақыл. Ақылы жоқтың діні жоқ» (قوام المرء عقله، ولا دين لمن لا عقل له) деген сөзінің мағынансын түсінген мұсылмандар ендігі жерде ілгері дамудың жолдарын жан-жақты қарастырып, заманауи технологияны өте тиімді пайдалануда.

Әрине, мұсылмандар толықтай лаңкестіктің ықпалынан шығу үшін ұзақ уақыт керек. Десе де, олар консерватизм көзқарасынан арылуға жаймен мән беруде. Мәселен, уахабизмнің дінгегі тараған Сауд Арабиясының Тақ мұрагері Мұхаммед ибн Салман 2017 жылы «Болашақ инвестициялық бастама» форумында әлемдік деңгейдегі түрлі 160 мамандардың алдында: «Біз тағы лаңкестердің идеологиясын қолдау арқылы тағы 30 жыл артта қалғымыз келмейді. Біз енді бұрын болған орта бағытты исламды ұстана отырып, ашық әлемге ұмтылуымыз керек» [9], деген болатын.

Батыс және террористік идеология

Батыс әлемі террористік идеологиядан ешқашан жырақ қалмаған. Керек десеңіз аталмыш идеология сан ғасырдан бері онда терең тамырын жайған. Қайта өркендеу дәуірінде еуропа елдері саяси үстемдік жүргізген бағытпен санаспағандарды қудалап, қоғамда басқа саяси оппоненттерге/оппозицияларға қарсы күш қолданылды. Бұл турасында Батыс тарихы көптеген қанды оқиғалармен есте қалған.

Қоғамда орны бар шіркеулер халықтың ақылын, сана-сезімін барынша шектеуге тырысты. Олар қоғамдық көзқарасты өздерінің назарына аударту үшін дінде философиялық түрлі ойларды алға тартып, халықты соған сендіруге тырысты [10]. Басқаша айтқанда, шіркеу бұл өмірдің және өмір сүруші тұлғаның жалған әрі түзеуге келмейтін кемшіліктері барын айтып, адам үшін екі өмірдің де қадірі жоқтығын түсіндірумен әлек болды. Расында бұл жоспар жүзеге асты. Нәтижесінде,

дінге бет бұрған адам жалған өмірде өз орнын табу үшін шіркеу ұсынған альтернативті жол - монахтарша өмір сүруді құп көрді. Бұл өз кезегінде екі дүниеде де жақсылыққа жеткізетін жол саналды. Осылайша еуропадағы шіркеулер адамның болмысын құнсыз етіп, оны саяси өмірге араластырмауға итермеледі [11].

Расында, Батыс қоғамында шіркеу үстемдік жүргізгені жасырын емес. Халық барлық жағдайда шіркеумен санасуға мәжбүр болды. Егер қарсы келсе оның арты түрлі жазаға алып барды. Еуропалық билік үшін бұл өте тиімді болды. Олар шіркеу қызметкерлерінің арасында өздерінің адамдарын орналастырып, дінді пайдалана отырып бұл дүниеде күш көрсетумен, арғы дүниеде тозақпен қорқыту арқылы халықты толықтай бақылауға алатын саясат жүргізді. Ендеше, мұндай қорқыту ісі қазіргі «терроризм» анықтамасына толықтай сәйкес келеді [12].

Бұған қоса шіркеу Орта ғасырда Аристотель, Клаудий Птолемей секілді философтардың болмыс, табиғатқа (күн, жерге) қатысты көзқарастарын/тұжырымдарын ғылымға айналдырмай, тікелей дінмен байланыстырып, христиандық діни сенімнің негізіне ендіруге тырысты. Сәйкесінше, шіркеу бұған қарсы келгендерді діннен шығады, - деп үкім шығарды.

1183 жылы Еуропа халықтарының арасында бұл турасында сауалнама жүрді. Оның мақсаты адамдардың қаншалықты дінге беріктігін анықтау еді. Бұл ұзақ уақытқа созылған процес болды. Нәтижесінде, XVI ғасырда аталмыш пікірге қарсы келген 300 мыңға жуық адам тұтқындалып, оның 32 мың адамы тірідей өртеп жіберілді. Олардың ішінде «жер күнді айналады», - деп жар салған әйгілі италияндық ғалым Жордано Бруно (1548-1600) және Галилей (1564-1642) құрбандардың қатарында болды [13]. Бұл Батыстың Орта ғасырдағы террористік идеологиясы еді.

Ал, бүгінгі таңда аталмыш идеология Батыста басқаша жолмен астыртын тарап жатыр. Бұл әлі де болса билік үшін өте тиімді жоспар. Оны терең зерттеп, талдау жұмыстарын жасамасақ анықтау қиын. Олар:

Біріншіден, АҚШ-тағы Орталық барлау агенттігі секілді жасырын жұмыс жасайтын құпия ұйымдар арқылы. Олардың әр елдерде өкілдіктері белсенді жұмыс жасайды [14].

Екіншіден, Еуропа халқының көзқарасын бір арнаға салу үшін БАҚ беттерін тиімді пайдаланады. Онда жазбаша болсын, бейне түсірілім болсын өзге дінді, халықты басқа қырынан «жарнамалап» көрсетеді. Бұл тұрғыда әлгі халықтың қарсы әрекеті қандай болатыны маңызды емес, керісінше басты мақсат еуропа халқының көзқарасын елең еткізу.

Үшіншіден, Батыс елдері белгілі бір елдермен достық қарым-қатынасты желеу ете отырып, онымен ынтымақтастыққа келіп, астыртын жоспарларды жүзеге асыру. Бұған мысал ретінде кезінде Таяу Шығыстағы табиғи байлыққа қол жеткізуді көздеген Ұлыбритания Әл Сауд ұрпақтарымен мәмілеге келіп, онда дін тұрғысынан болсын, саяси тұрғысынан болсын Нажд пен Хижаз жеріндегі халыққа күш көрсетіп, үстемдік жүргізгені айтуға болады. Нәтижесінде, Осман империясынан азаттық алуды аңсаған Әл Сауд ұрпақтары Батыспен байланысып, 1932 жылы Сауд

Арабия патшалығын құрды. Бұл туралы Сүлеймен ибн Абдулауххабтың «Сауаиқ әл-Улуһия» кітабы секілді көптеген тарихи деректерде нақты айтылған.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, терроризм идеологиясына қатысты Батыс пен мұсылмандардың көзқарасы екіге жарылатындығын аңғаруға болады. Батыс шіркеулері терроризмді алғашында индоктринация ретінде әдейілеп дінмен ұштастырса, кейін оны өзге елдерге қолдана бастады. Мұндай жоспардың құрбаны болмас үшін бастысы батыстық идеологияны толықтай құптап, оның дегенімен жүру керек болды. Ал, егер шеңберден шығып кететін болса онда халықаралық деңгейде лаңкес атанасың. Демек, бұл жерде тек батыстық мүдде ғана көзделеді.

Ал, ислам тұрғысынан келетін болсақ терроризм идеологиясы мүлде басқаша талқыланады. Бұған дейін ескергеніміздей Құран мазмұны мейлі ол мұсылмандардың немесе өзге дін өкілдерінің қоғамы болсын онда тұтастық, ынтымақ, бірлік сақтауға үндеп, бүліктің (ифсад) орын алуына жол бермеуге шақырады. Сәйкесінше, егер қоғамға қандай да қауіп төнген жағдайда оған қарсы қорғану мақсатында соғысу керектігін алға тартады. Құранның дәл осы тұсын батыстық күштер өте тиімді пайдаланып келеді. Олар Құрандағы соғысқа қатысы бар аяттарды буквалды түрде түсіндіріп, жалпы мұсылмандарды соғыс құмар, қасқой, лаңкес етіп көрсетуде белсенділік танытты.

Қорытынды

Мұхаммед пайғамбар өмірден өткеннен кейін мұсылмандар терроризмнің шырмауында әсіресе өзара бүгінге дейін арпалысып келеді. Бұның басты себебі біріншіден, әр мұсылман дінді өз бетінше талқылаудан туындаса, екінші жағынан адамның ойлау еркіндігінен тосатын ақыл тежегіш корсервативті идеологиялар болды. Бұл екі себеп мұсылмандардың ең осал жері. Салдарынан бүгінде олар ақылды қолдану немесе қолданбау, сондай-ақ, діни үкімдерде, сенім мәселесінде түрлі талас-тартысқа түсіп, өркендеудің бел ортасында қалып отыр. Әрине, болашаққа нақты қадамдар жасамай, осылай ескіше қоғамда дін мәселесін көтере берсе, мұсылмандар үшін даму белестері бұлыңғыр қала беретіні анық. Мұндай осал қоғамда террористік идеологияның таралуы өте оңай және оған төтеп беру тұтастай ауызбіршілікті талап етеді.

Сонымен қатар қазіргі таңда кей адамдар Батыс елі молшылықты, татулықта, демократияның астына өмір сүріп жатыр деп ойлайды. Алайда, жоғарыда атап кеткеніміздей терроризм идеологиясы барлық жерге тамырын жайған. Бірақ, Батыс пен Шығыс терроризмінің айырмашылығы жер мен көктей.

Өзін демократия үлгісін дәріптеуші санайтын Францияда мұсылман әйел қоғамдық жерде еркін орамал тағып жүруге тыйым салынған кездер көп болды. Есесіне, өзге әйелдер қалаған киімін киіп жүре береді. Ендеше, бұл өзгенің құқығына тікелей қол сұғатын террористік идеологияның алғышарттары емес пе?

Сондықтан бүгінде бір-бірімізді айыптауды доғарып, терроризмнің шығу тегін бір жақтан іздемей, оған алдымен нақты ортақ анықтама беріп, қары күресуде күш біріктірсек қана оңтайлы нәтижеге қол жеткізетініміз анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Almasalah. URL: <https://rb.gy/wypkei>
2. Хасан ибн Идрис, Қадай әл-Ирһаб (терроризм мәселесі), Әл-Карауин университеті, Фас, 2004 ж. 71 б.
3. Исам ибн Һишам, Лаңкестік және оны себебі мен шешімі, 16 б.
4. Салех Уирдани, Дифа ан Расул, Марказ әл-Абхас, 304 б.
5. Сайд Ахмет, Хуар байна жамаат әл-исламия (ислам жамағаты арасындағы диалог), Мұхамадия, 1997 ж. Каир, 40 б.
6. Ахмет Хусейн, Хукм ан-Наби ала әл-Ирһаб (пайғамбардың терроризмге қарсы үкімі), Дар әл-Ислами, Ливан, 18 б.
7. Али ибн Найф, Маусуат әл-ғазу фикри уа сақафи уа асаруһу ала муслимин (интеллектуалды және мәдени басқыншылық энциклопедиясы және оның мұсылмандарға әсері). 70 б.
8. Ауд ибн Мұхаммед, әл-илмания тарих уа фикр, (зайырлы тарих және сана), 17 б.
9. Саудовская Аравия хочет уйти от экстремистской идеологии. URL: <https://rossaprimavera.ru/news/ac8ca3ac>
10. Мұхаммед Құтб, Мазһиб фикрия муасира (заманауи мазһабтардың идеологиясы), 127 б.
11. Сүлеймен ибн Салих, Нақд Усул ақланиин (рационализм өкілдерінің негізіне сын айту), Дар улум, Ливия, 4 б.
12. Али ибн Найф, Маусуат әл-ғазу фикри уа сақафи уа асаруһу ала муслимин (интеллектуалды және мәдени басқыншылық энциклопедиясы және оның мұсылмандарға әсері). 81 б.
13. Разоблачаем! Галилея сожгли за фразу «А все-таки она вертится!»? URL: <https://masterok.livejournal.com/2617259.html>
14. Л. Иванов, Америкалық терроризмнің тарихи, Дар Хиуар, Сирия, 2б.

Захай Бибігүл

магистр педагогика

докторант Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева

Нур-Султан, Казахстан

ТАНКА МӘДЕНИ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІГІ

SPECIFICITY OF TANKA AS A CULTURAL PHENOMENON

Abstract

A person has his own religious beliefs. People always live by worshipping the images of God in order to overcome the difficulties they face in life and ask for salvation from them.

Моңғолияда буддизм таралу тарихы бірнеше кезенді қамтиды. Әр кезеңнің әлеуметтік, мәдени, экономикалық және рухани жағдайына байланысты өзіндік бояуы бар. Сонымен бірге буддисттік ілімдер, мәдениет, білім және классикалық дәстүрлер сақталған. Тарихы қалыптасу кезеңде буддизм Моңғолияның мәдениетіне зор ықпалын тигізді.

Моңғолия мәдениетінің бейнелеу өнерінде ғибадхана құрылысы мен құдайлар бейнесін салу кең таралған. Буддизм дінді ұстаушы әрбір моңғолдың шаңырақ төрінде құдайлардың суреттерін іліп қою заңды дүние. Құдайлар суреттерге табыну арқылы өз отбасына, өз шаңырағына, балаларына, өзіне денсаулық байлық пен жақсылықты және барлық пәле жала жамандықтан қорғауды сұрайды. Құдайлардың суретін салу олардың наным сенімдермен байланысты. Моңғолияда құдайдың суретін салу үрдіс Тибет құдай суреттерді салу нұсқасымен ұқсас болып келеді және өзінің түсі, құдайды бейнеленуі, сипаттауы нышанында өз дәстүрлерін қалыптастыру арқылы дамыған. Суреттерді құдайдың сурет, будданың суреті деп атаған. Портреттік яғни "танка" деп аталатын тибеттің осы сөзі жазықтықта салынған сурет деген мағынаны білдіреді.

Тибеттің танкасында арты жағы фонда қарлы жота төбелер салынса моңғолдардың құдайлық портретінде арғы жағы фонында жазық дала төбелер басым болады. Сонымен қатар портреттің фонында бейнеленген кішкентай адамдардың бет әлпеттері мен портреттік құдайлардың бейнесі моңғолға ұқсастау келеді. Басты құдайдың бейнесі бет әлпеті де домалақтау етшін болады. Танка суреттеріндегі боялар да алуан болып келеді. Танканың орталық композициясында құдайдың бейнесі тұрады, ал айналасында түрлі жағдайында тұрған адамдар мен жануар және өсімдіктер жайғасады. Аспан бұлттар иірленіп жайма шуақ немесе табиғаттың тылсым күштеріне енуге дайын тұрғанын байқауға болады. Сонымен қатар жын, пірлерді өзінің күш қуатымен бағындырып отырғанын құдайдың ашуланып тұрған түрін немесе қимыл қозғалысы арқылы жеткізеді. Танка суретін салу әдіс XVII ғасырда Моңғолияда ғибадатхана салумен байланысты және ғибадатханада құдайдың сурет, қасиетті діни жазбаларды көптеп жаза бастаған. Будданың бейнелері барлық буддисттік дәстүрлерде кездеседі және тибет буддизміндегі сияқты құдайлар бейнеленеді. Портреттік танка салу XIX-XX ғасырда жоғары шегіне жетеді. Ал 1930 жылдың аяғында құдайдың суретін салу өнері азайса да 1990 жылдан кейін қайта жаңғыра бастаған. Қазіргі кезде діни мектептерде қолөнер шеберханалар мен сыныптар ашылған соң құдай суретін салатын шәкірттер де көбейді.

XIX ғасырда моңғол билеушілері тибеттік немесе ламаистік буддизмді мемлекеттік дінге айналдырды. Қазірге дейін Моңғолияда ламаистік буддизмнің ізгілік мектебі жұмыс жасап келеді. Тибеттік буддизм осы күнге дейін бар болғандықтан бақсылық дәстүрі де әлі күнге дейін жалғасып келеді. Оларды аспанға табынуымен және табиғат күштері мен табиғат рухтарға сенумен қорғап қолдайтын құдайларға құрметпен қарауға, ата-бабаларының аруақтарына табынумен сипаттайды. Жердегі және жердегі емес барлық күштер мәңгі "көк

аспанға", "көк лам тенгери" сияқты күштерге бағынады. Шаманизм қарапайым төмен халықтың ортасында кең таралды. Шаманизмдегі бақсылардың міндеті зұлым жындармен өздерінің қамқоршы рухтарының көмегімен күресу болды. Ата-бабалардың рухтары арқылы сиқырлы әрекеттерге көмектесу. Сонымен бірге олар ауру адамдардың жандарын қайтарып, қайтыс болғандарды сапарға шығарып салу. Соңғы кезде суретшілер портреттік танка суреттерін матаға гуашь арқылы салып келеді. Портреттік танка құдайлардың суреттер өте көп. Олардың әрбірінің өз мағынасы бар. Танка сурет салушылардың бірі суретші Э.Отгонбаяр. Ол соңғы 20 жылын құдайлар суреттерін салумен шұғылданып келеді. Солардың ішіндегі кейбір суреттерін сипаттауға болады.

Моңғол портреттік танка суреттердің ішінде матаның үстінде гуашьпен салынған «Ақ әулие ана»-ны ерекше атауға болады.

«Ақ әулие ана» яғни "Цагаан дарь эх" буддизмнің 21 әулие ананың бірі, бейбіт бодхисаттва, ол мінсіз тазалықты білдіреді, діни идеяларға сәйкес ұзақ өмір береді және аурулардан қорғайды. Ол лотос гүлдің үстінде парасатты түрде отырған сұлу бойжеткен қызы бейнесі. Аққұба бетті, қыпша белімен иірімдеген қыздың сол қолы жүрек деңгейінде лотос гүлдің сабағын ұстап төртеу түгел болсын деп махаббат пен сүйіспеншілігін білдірген тәрізді болса, ал оң қолының алақаны ашық, қолын созып садақа беріп тұрған тәрізді бейнеленеді. Ол медитация позасында отырады, ішінара лотос тағында оң аяғы көтерілген. Ерекшелігі-оның жеті көзі. Жеті көзі кез келген азапты көру қабілетін білдіретін жоғары сананы білдіреді. Қалыпты екі көзден басқа маңдайдағы бір көзі, алақандар мен аяқтардан басқа көзді табуға болады. Әрі мойын, қол мен аяқтарын түрлі әшекей бұйымдармен сәнденген және қыздың үстінде сәнді белдемшесі бар. Ақ әулие ананы пір тұтса, қауіп те, ауырсыну да болмайды және бақытпен ұзақ ғұмыр жасайды деп сенеді. Ақ әулине ананың отырған лотос гүлден басқасы гүлдерін аспаған.

Тағы да бір құдайы суреті "Манджуршири, Манджушир" деп аталатын керемет сұлулық трансценденталды бодхисаттва. Оң қолында отты қылыш, онымен жындармен қараңғылықты қуады. Сол қолында трансцендентальды даналық кітабы орналасқан лотос сабағын ұстайды. Ол будда ілімдерін әлемге тарататындарға шабыт пен шешендік береді.

Үшінші бір құдайы суреті "Майтрея Майдер" құдайы болашақта пайда болатын құдайы. Ол еуропалық тақта жайғасып отырады және де оның бас бармағы мен сұқ саусағыменен лотос сабақтарын ұстаған. Лотос гүлдердің басында кемелдік пен бақыт жолына жетудің дхарма чакра, жаттығу чакра, балшылырын чакра ыдыстарын бейнелейді. Оның қолының қимылы дхарма чакрасының басталуын білдіреді. Майтрея Будда құтқарушы жаңа жолды көрсете алады дейді.

"Улаан сахиус" яғни "Қызыл қорғаныс рухы" құдайы бар. Ол соғыс құдайы буддистер ілімінің қорғаушысы. Екі аяғымен көк қызыл түсті адамдар мен жылқыларды басып тұрғаны бейнеленген. Көтерілген оң қолында қылыш болса сол қолында күш жинау үшін жеңілген адамдардың жүрегін ауызына салайын деп тұр. Сол қолдың үстінде садақ, иығында жебе мен найза бар. Үш тісті найза ол үш зұлымдықты білдіреді, яғни ашкөздікті, жеккөрушілікті және белгісіздікті жояды.

Қанжардың көмегімен жындарды Будда іліміне бағындыру. Сонымен қатар суретші адамның жартысын, қаңқаның жартысын психикалық аурудың символы ретінде көрсеткісі келді.

Соңғы жылдар осы сияқты құдайдың суреттін салатын басқа да суретшілер моңғол портреттік танка дәстүрлі өнерді насихаттау және моңғол мәдени мұрасын қорғауды қолға алып жатыр.

Қорытындылай келе әр адамның өзінің діни наным сенім бар. Ал табиғи апаттар, әлеуметтік әділетсіздік, өмірдегі қиындықтар, аурулар, кедейлік және моральдық деградация - мұның бәрі діни нанымдардың пайда болуына ықпал ететін факторлар. Адамдар әрқашан өмірде кездесетін қиындықтарды жеңу үшін құтқарылуды іздеп көріпкерлерге, астрологтарға, бақсыларға жүгінеді. Ал кейбір буддизм дінді ұстаушылар жоғарыдай аталған құдай суреттеріне табыну арқылы өмір сүре береді. Бірақта барлық діни ілімдердің ортақ нәрсе ол дін. Дін адамдарды тыныштандырады, сабырлыққа шақырады және ойландырады. Дін қоғамның дамуына оң әсер етеді, өйткені ол сенімге негізделген моральдық стандарттарды қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі

1. С.Б. Балшықбаев Дінтану негіздері Қарағанды 2012
2. «Дінтану негіздері» практикалық құрал / құраст. Ыбраев Е.Е., – Астана: ФЗТО, 2014.
3. Электрондық дереккөз -Э. Отгонбаяр. Уран зураг
4. БУДДИЗМ: ДІНИ ІЛІМІНІҢ НЕГІЗДЕРІ, ТАРИХЫ. URL: <https://jasgalym.kz/studentterge/dintanu/225-buddizm-dni-lmn-negzder-tarihy.html>
5. Буддизм антропологиясы: тұлғалық рухани жетілу мен өмірмәнділік мақсаттар. URL: <https://jasgalym.kz/studentterge/dintanu/473-buddizm-antropologiyasy-tulgalyk-ruhani-zhetilu-men-omirmandilik-maksattar.html>
6. Буддизм. ULAGAT. URL: <https://ulagat.com/2021/08/29/%D0%B1%D1%83%D0%B4%D0%B4%D0%B8%D0%B7%D0%BC-3/>
7. Urlag. URL: http://www.mongolianart.de/02_mongoliin_urlag/uran_buteel_burhad/index.htm
8. Бурханы ном шүтэхүйн учир шалтгаан. Buddhism. URL: <https://www.buddhism.mn/info/8/902>
9. Буддын шашин Монголд дэлгэрсэн нь. Buddhism. URL: <https://www.buddhism.mn/info/8/568>

Темирбаева Айгерим

докторант кафедры религиоведения

Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева

Нур-Султан, Казахстан

INTERNATIONAL EXPERIENCE IN THE STUDY OF RELIGIONS IN GENERAL EDUCATIONAL INSTITUTIONS IN EUROPEAN COUNTRIES

Abstract

In many countries, there is a growing understanding that education is an area of profitable long-term investment and effective investment of capital. The high educational potential of the nation is one of the main components of the success of our country. In the modern world, knowledge is the most mobile resource, a source of enrichment not only for an individual, but for society as a whole. With the beginning of the formation of a post-industrial society, the role of information technology and human knowledge in the production of highly efficient goods and services has sharply increased.

Intellectual capital replaces expensive equipment and becomes the main resource of the modern economy, the value of which is constantly growing. In connection with the ongoing civilizational changes, the system of educational programs should be revised. The creation of a knowledge-based society requires the organizers of education, participants in the educational process, state structures to optimize the technologies of the modern educational process, which should come from stimulating the creative activity of students.

The goal of this article is to consider the positive international experience in the study of religions in general educational institutions in European countries. The materials of this article are based on the results of a comprehensive analysis of the current situation and prospects for the development of religious and religious education in the Republic of Kazakhstan published in 2020 [1].

Introduction

The change in the role of religion in the public space that has taken place in recent years led to increasing recognition of the need for dialogue between different religious traditions, which should contribute to the prevention of conflicts. And achieving peaceful coexistence in a multi-confessional society.

Today, the need to teach religion in schools is due to new factors, associated with the advent of the post-secular era, which is characterized by a change in the place of religion in the public space and an increase in its social significance [2, p. 362].

The study of religions in general education institutions is a subject of discussion in different states. So, some support only objects of a secular nature within the framework of the school educational process, others advocate the need for the study of religions from objective positions: broadening one's horizons, freedom of conscience, access to information, etc.

In addition, there are different approaches to this issue; experts cannot always come to a common opinion regarding the content, forms and key goals of the teaching of



religions in educational institutions. It should be noted that in each country, historical and cultural traditions and socio-political situation are taken into account.

In connection with the increased external threats of extremist activities and cyber-attacks, national security issues are becoming relevant for states, and precisely the prevention, suppression and prevention of the spread of radical ideas among the population. On the other hand, developed countries, including Kazakhstan, are trying to ensure the rule of law, in particular, respect for the right to freedom of conscience and religion of its citizens. Accordingly, the study of international experience helps to navigate in the study of the foundations of secularism and religions in our country.

Key aspects that influence to the form and content of training

The teaching of religions in schools depends on many different aspects.

The following main factors influencing to the form and content of training can be distinguished:

- religious affiliation of the society (mono-confessional or poly-confessional society);
- the relationship between the religious and secular components of a particular country;
- the historical tradition of a particular country;
- the nature and goals of public education in the sphere of religions.

In addition, Western researchers in the field of education distinguish four types discourse of the content of any subject, including the teaching of religions. This theoretical and methodological basis is of particular interest, as it allows typology and classification of different paradigms of teaching religions both in schools and in higher educational institutions.

The four categories are as follows:

- 1) academically traditionalist curriculum - a program where the main focus is and the landmark is directed to the object under study from academic, scientific positions;
- 2) socially effective curriculum - a program where knowledge for the future citizens are the most important and valued above all;
- 3) humanistic curriculum - a program where knowledge allows you to develop to each individual separately, are valued above all;
- 4) a socio-reconstructivist curriculum, which emphasizes the social and political potential of the program.

Experience of teaching religions in schools on the example of European countries

The need for the presence of religions in education, as many European researchers, politicians, representatives of civil society and teachers believe, directly follows from the real socio-political situation in Europe countries. Moreover, the issue of religious education is discussed in close connection with citizenship education, which includes education:

- in the field of human rights;

- civil rights and freedoms;
- peaceful coexistence;
- global problems;
- intercultural dialogue;
- the focus of education on the ability to «live together» of people representing different cultural traditions.

The presence of religions in the school education of European countries, as well as the content and forms of religious education reflect the constitutional foundations of a particular state, features of national identity and confessional preferences [3, p.137].

In general, there are the following types of teaching religions in school:

- confessional religious education;
- non-confessional religious education;
- inclusive religious education.

Confessional education is characterized by the fact that the process of religious education is controlled by religious organizations, which are responsible for the training and selection of teachers, for syllabus and selection of sources (Austria, Belgium, Cyprus, Spain, Greece, Malta, Poland, Portugal, Czech Republic). Religion teachers must be certified by religious organizations. In some countries (Hungary, Italy, Latvia, Lithuania, Germany, Finland) the state and religious organizations cooperate in fulfilling the task of providing religious education. In most cases religion is an elective subject. In Italy, the teaching of Catholicism is provided by the state at all levels of the educational system, starting from the age of 5, with the exception of universities. In many countries, changes in educational programs, including those related to the study of religions, are actively discussed with the public.

In addition, *non-denominational systems* function in European countries, that is, when there is a strong policy of separation of the state from religions and religious organizations do not play any role in school education. With this system, the study religions are organized and controlled by the state. This control includes teacher training and program development. For example, in France they do not teach religion, but in such subjects like history, literature, art elements of religious knowledge are affected.

Along with the above systems, there are «*mixed*» systems, for example in

England and Wales, where preferences in teaching a particular religion may be associated with the presence or absence of a school sponsor in the form of a religious organization. Where in it is established that «the main goal of education is the «spiritual, moral, cultural, mental and physical development of students in school and in society» [4, p.27].

Discussion

Experts discussing the study of religions in schools. Interesting remark was made by a professor at the University of London on problems of religion and civil society by Adam Dinham, who claims to know about religions insufficient, and points to the need to improve religious literacy among students and the general population [5, p.115]. In

addition, the American researcher Bruce Grell indicates the importance of a critical approach in the study of religions in schools [6, p.83].

In addition, there are other problems in the study of religions in schools. For example, these-scientific, legal and pedagogical aspects in the process of teaching religions in general educational institutions. International organizations also welcome the study of religions in general education institutions. So, at the heart of the document «Toledo principles», developed by the European scientific experts, it is recommended that in the process of teaching religions it is necessary to observe human rights to freedom of conscience and religion, and to help societies get rid of negative stereotypes and prejudices [7].

Conclusion

Based on the above, the following conclusions can be drawn:

1. In most countries, religious education is seen as an important part of integral part of educating schoolchildren as responsible citizens of a pluralistic society.
2. There is no single approach to religious education.
3. Questions of the study of religions are always in the focus of attention of scientists and educators.
4. In Europe, study of the process of educational interaction between religion, society and the state, as well as public opinion on this matter is constant. World practice has developed the creation of common platforms (centers, associations, forums).
5. Teachers and scientists involved in the study of the teaching of knowledge about religions in schools.
6. Today, Western countries are involved in a single process of bringing educational systems in accordance with the changing nature of modern society, in which there is a process of weakening the level of traditional religiosity, on the one hand, and strengthening the presence of religious minorities, on the other.
7. Every country is looking for its own way solving the problem of correspondence between education and religion, depending on the specific historical tradition of state-confessional relations.

Thus, it should be noted that all over the world, in general, the practice of religious education is preserved quite widely, but its principles and methods are being rethought flow, are in the field of discussions of scientists, teachers, the public and are optimized according to changing conditions.

Bibliography

1. Analysis of the current situation and prospects for the development of religious and religious education in the Republic of Kazakhstan. URL <http://religions-congress.org/ru/news/publikacii/998>. accessed 01.04.2022.
Мемлекет ұғымының қалыптасуына қатысты ғалымдар көптеген пікірлер мен теориялар қалыптастырған. Солардың арасында Платонның және Ежелгіүнділердің, Ежелгіқытайлықтардың, Теологиялық пайда болуының теориялары аңыздық астарға ие. Мысалы, Ежелгіүнділердің аңызы бойынша, ведалық «Барлығына ие» Индра мен Варуна барлық ғаламдық және жер ғаламшарындағы тәртіпті қалыптастырып, жауапкершіліктерді бөліп алған. Индра мемлекетті сыртқы күштерден сақтаса, Варуна Құдай мен адамның арасындағы қарым-қатнастың иесі болып табылады [2, 56 б.].

Бізге маңызды болып табылатын, тағы бір теория бұл – мемлекет ұғымының қалыптасуындағы теологиялық теория. Бұл теорияны алға тартушылар мемлекет Құдайдың қалауымен халықтармен, жануарлармен, жермен бірге жартылған. Ал зайырлы биліктің қоластындағылар, діни сеніміне немесе шіркеуге баруына рұқсат еткендіктен, барлық мемлекеттің бұйрықтарына көнуі қажет, себебі бұл құдайдың қалауынан болған әлеуметтік-экономикалық сенің шынайы өмірің дейді. Мемлекет концепциясы – Құдайдың қалауынан болған өнім, басқару формасы Құдайдың араласуынан туындаған [3, 224 б.].

Теологиялық теорияға қарама-қарсы болған маңызды теорияларды бірі бұл Маркстың материалистік теориясы. Бұл бойынша, бірінші кезекте мемлекет ұғымының пайда болуы жекеменшіктің пайда болуымен, екінші кезекте әлеуметтік-таптық бөлініс пен әлеуметтік-таптық қарама-қайшылықтардың негізінде пайда болған дейді [4, 22 б.]. С. С. Алексеев пен В. М. Корельскийлердің пікірінше, бұл теория, бір жағынан, өте нақты, логикалық, анық сипатта болса, екінші жағынан, мемлекеттің қалыптасуына тек қана әлеуметтік-таптық бөліністің рөл ойнағанын айту дұрыс емес, себебі жалпылама факторлардың маңызын айту қажет дейді [5, 12 б.].

Діннің басқа да анықтамалары бар, мысалы Фома Аквинский кітабында ол «дін бұл сыртқа белгілер арқылы сену» дейді [6, 158 б.].

Дін - ұлы күштерге реттелген түрде сиыну. Дін тек қана жоғарғы, тылсым күштерге сеніп қана қоймай, оларға деген ерекше қарым – қатынас қалыптастырады: еріктің сол күштерге бағытталуы [7, 39 б.].

Адамның құндылықтары мен нормаларының жоғары күшке және тылсым реттілікке негіздеуін дін деп атаймыз [8, 45 б.].

Діндегі басты ұғымдар жақсылық пен жамандық, әдептілік пен ар-ождан, мақсат пен өмірдің мәні түсініктерінің жанына жинақталған. Көптеген діндерде діни сенуші адамдардың құқықтық мүмкіншіліктері қасиетті деп табылатын кітаптарда жазылған. Дәнде сокрализация түсінігі жол сілтегіш бағыттардың бірі. Кітаптардың иесі және авторын анықтауда әрбір діннің өзінің жеке позициялары бар. Кейбір діндердегі түсінік бойынша ол Құдайдан жеткен делінсе, басқа діндерде ол кемелденген рухани лидерлердің тарапынан жазылған дейді.

Діндердің біршамасында діни қызметкерлердің рөлі өте жоғары, және сокрализациялау процесі де байқалады [9, 115 б.].

Жылпы алғанда, қазіргі ғалымдардың діннің шығу тегі мен этимологиясына қатысты пікірлері бір жерден шығады.

Исламды «дін» сөзіне алғашында «мойынсұну», «салт» деген мағына берсе, нәтижесінде қазіргі қолданыста ол Аллаға шартсыз бағыну мен оның шексіз билігін мойындау, өзін жаратушыға толықтай арнау, діни догмалар мен парыздарды орындау, және Құдай алдында шынайы болу сияқты кең мағынада қолданылады Сол себепті оның бірнеше мағынадағы нұсқалары қолданыла бастады: иман – сенім, ислам – өзіңді Құдайға толықтай тапсыру, кішіпейілділік, діни парыздарды орындау, ихсан - шыншылдық, ар-ождан, адалдық пен мұсылманның сенімінің шынайылығын жетілдіруі [10, 3 б.].

Діннің қоғамды реттеудегі рөлі өте зор. Дін реттуші қызметін, жеке тұлғалардың немесе әлеуметтік топтардың мінез-құлқын белгілі бір шектеулер кою арқылы жүзеге асырады. Келесі қызметі – орын толтыру, ол адмға өміріндегі қиыншылықтарды бастан жеңіл өткізуге, психолгиялық шаршау мен қамығу барысында сабырға мән беріп, адамды тыныштандырады, көмектеседі. Өмірге деген көзқарастарды қалыптастыруда да адамдар дінге жүгінеді. Ол тұлғаның көңіл көкжиегін ашып, әлемдегі жағдайларды анық көруге, жалып құндылықтарын қалыптастыруға, өзінің орнын табуға жол көрсетеді. Интеграциялық және коммуникативті көмегі ретінде, адамға бірдей ойлаушыларды тауып, өз өмірінің әлеуметтенуін қамтамасыз етеді. Мәдени аспектіде адамдардың, ұлттардың эксклюзивті, ешкімге ұқсамайтын идентикасына негіз болады [11, 16 б.].

Сонымен қатар, дін түсінігі кейбір ғалымдармен, космогония мен антропологиядағы ғылыми жаңалықтарға қарсы болуының негізінде, сынға алынады. Ондай мысалға діндердің көбінің креационизмді жақтауы мен эволюция теориясын мойындамауын жатқызуға болады. Осы себептен, американдық генетик дін мен ғылым бір бірімен тоғыспайды деген теорияны алға тартады [12. 55 б.].

Барлық дәстүрлі діндерде бала туу деңгейі өте жоғары, оның себебі діндердің жасанды түсікке қарсы болуы мүмкін дейді дінтанушы Р.А. Силантьев. Атеисттармен салыстырғанда діндар отбасыларда бала туу көрсеткіші өте жоғары,

және бұл ғылыми дәлелденген. Мысалы, Израильдегі ортодоксалды еврейлерде бала туу деңгейі басқа әлеуметтік топтардан жоғары. Жоғары туу көрсеткіші мұсылмандарға да тән. Босны және Герцоговина еуропалық екі мәдени, идеологиялық түйіспейтін, мұсылман-боснялықтар мен православ-сербтердің ерекше өмір сүру аймағына айналып отыр. Осы мемлекетте мұсылман қауымының бала туу көрсеткіші басқа топтардан қарағанда әлде қайда жоғары. Бұл христиан дініндегілердің тарихи-діни идеологияларының әлсіреп бара жатқанының көрсеткіші [13. 23 б.].

Джереми Бертолеттің жаһандық өзін өзі өлтіру эпидемиологиясына жасаған шолуға арналған салыстырмалы талдауында әртүрлі дін ұстанушылар мен дінге немесе құдайға сенбеушілердің арасындағы көрсеткішті анықтады. Талдау нәтижелері бойынша, өзін өзі өлтіру көрсеткіші атеисттерде ең жоғары болса, мұсылмандарда бұл көрсеткіш керісінше ең төмен болған.

Келесі кезектегі өзекті ұғым бұл зайырлылық. Зайырлы ұғымымен әрқашан мемлекет түсінгі қатар жүреді. Себебі тарихт тұрғыда зайырлылықты қалыптасуында мемлекеттер, елдер мүдделі болған және алғышар ретінде басты рөл ойнаған. Зайырлылықтың пайда болуының негізінде мемлекеттің діннен бөлу процесі тұрған. Сол себепті зайырлылықты «мемлекет», «дін» ұғымдарынан бөліп қарастыру мүмкін емес.

Зайырлы мемлекет дегеніміз мемлекеттен дін бөлінген және әрқайсысы өз алдына тәуелсіз субъект ретінде қалыптасқан мемлекеттік құрылым. Мемлекеттік биліктің іске асырылуы азаматтық нормалардың шеңберінде жүзеге асады, діни қағидағандар ешқандай маңызға ие емес және мемлекеттік органдардың шешім шығаруы діни негіздемемен қарастырмайды.

«Ешқандай да дін немесе діни ілімге ерекше статус бермейтін және оған халық міндеттелмеген, ресмиленбеген мемлекетті зайырлы мемлекет деп қабылдау қазіргі таңда ғылымда дәстүрге айналған. Мемлекеттің іс қимылдарын діннің , сәйкесінше, діннің де догмаларына мемлекеттің кірісуіне тиым салынған секулярлы жүйе» [14. 20 б.].

Мемлекеттік жүйе діннен бөлінгенімен, халықтың түсінігі мен өмірге деген көзқарасынан дінді кетіру өте қиын. Осы мысалды ежелгі Грекияны алуға болады. Ол мемлекетте мемлекетке діннің ешқандай қатысы болмаса да, адамдар мемлекет басшысын құдайға балау, өзіне сәкес құдайға бағынуы деген сияқты процестер болған. Халықтың тұрмыс-тіршілігіне діни салт пен жоралғылардың кіріп кету деңгейі соншалықты жоғары, тіптен оны заңнан биік әрі жаннан қымбат көргендей де беректер бар. Зайырлы билік бәрібір де ол кезде діни мекемелерден алшақтай алмаған.

Аврелий Августинді дін мен мемлекетті бөліп қарастыру керек деп айтқан, және тұжырымдаманы дайындаған алғашқы ойшылдардың бірі деп санайды. Оның ойынша, мемлекет пен дін бөлек өмір сүруі қажет, бірақ қиыншылықтар туындаған сәтте бір біріне көмек қолын созып, тығырықтан шығарып, халықтың жағдайын жақсартуға бірігіп кірісуі керек деген. Оның еңбектерінде, зайырлы мемлекет деген

термин айтылмаса да, идеялары соны баяндайды. Бірақ бәрібір де шіркеуді мемлекеттік биліктен жоғары қойған.

Әйгілі протестанттық діннің негізін қалаушы Мартин Лютер де осы идеяны қолдайды, бірақ Шіркеудің мәртебесі мен құзіреттілігі ең жоғағы статусын сақтап қалуы керек дейді. Мемлекеттің қызметі Құдайдың істеріне қатысы болмайтынын, және мемлекет Шіркеуді қорғап, шіркеуге келушілерді жамандықтан алшақта ұстауға тырысуы керек екенін де айтады [15, 89 б.].

Он жетінші ғасырлық ағылшын философы, ғалым Томас Гоббс зайырлы мемлекеттің даумын алға тартты. Ол барлық әлемдегі соғысты тоқтатудың жолы осы мемлекет пен дінді бөлу болып табылады деді. Толеранттылық пен либералы қоғам идеясының ең бірінші негізін қалаушылардың бірегейі Джон Локк та зайырлы мемлекеттің артықшылықтарын көрсетіп, дінге құрмет пен адамның сенім мен өмір бостандығын көзге ілу арқылы мықты мемлекет деңгейіне жетуге болады деген.

Вольтер, Монтескье, Руссо сияқты ағартушылық заманның ғалымдары осы идеяны жетілдіруде үлкен жетістікке жетті. Олар адамдарға сенім бостандығын беру арқылы ғана шіркеудің мемлекет билігіне араласпау қағиидасына қол жеткізетіндігін айтты. Дәл осы сәтте Амиркада зайырлы мемлекеттің толық концепциясы шығарылды. Мұндай жетістікке Томас Джефферсон қол жеткізді. Ол барлық діндерге бірдей статус беру, сенім мен сөз бостандығы үшін көп күресті. Және де мемлекеттік дін концепциясына түбегейлі қарсы шықты.

Сонымен бірге зайырлы мемлекеттің заңдық, құқықтық нормалары дінге қарсы болуы керек емес, олардан тек қана азат болуы қажет. Мысалы жасанжы түсікті жасатпау тек дінге қарсы емес, жалпы гуманисттік принциптерге қарсы болуы мүмкін. Егер қандай да бір зайырлы мемлекет жасанды түсіктен бас тартса, оны діни аргументтерге негіздегеннен емес, басқа да әлеуметтік себептерді алға тарта алады.

Зайырлы мемлекетте барлық діндер бір бірімен тең деңгейде қарастырылуы керек. Және әрбір адам зайырлы мемлекетте діннің көмегінсіз қажеттіліктерін қамтамасыз ете алатынына кепілдігі болуы керек. Үйлену процесін қадағалап, құқықтық тұрғыда реттейтін орган ретінде мемлекетке жүгіну де осыған үлкен мысал. Бұл мысалдардан біз зайырлылық діннің құқықтарын шектейді демейміз, ол тек қана оны ықпал ету аймағын реттеп, рухани әлеуметтік сипатқа енетінін айтамыз.

Зайырлы мемлекеттердің көбісі Еуропа мен Солтүстік Америка елдерінде көп кездеседі, сондай ақ бірталай Азия мен Африка құрлықтарының мемлекеттері осы саясатты ұстанады. Бұл ресми құжаттармен бекітілген.

Ислам дінін ұстанушылардың көбісі шоғырланған мемлекеттерде зайырлылық ұғымы бөлек мағына береді. Иран мен Сауд Арабиясы мемлекеттері толықтай теократиялық мемлекеттер болып саналады, және де басқа көптеген араб мемлекеттерінде ислам дінінің шариғаты мен Құранға негізделіп заңнамалары жазылған. Азиялық жолбарыстардың бірі Малайзия мемлекеті соңғы жылдары саясатын ислам шариғатына жақындатып жатыр. Зайырлы жүйенің ықпалы өте

әлсіз болып қалыптасуда. Кейбір мемлекеттер зайырлы жүйені ресми түрде қолданғанымен, белгілі бір дінді мемлекеттік деп жариялаған: Англия, Дания, Бангладеш, Тунис. Орта Азияның бірқатар мемлекеттері мен Турция, Албания, Әзірбайжан мемлекеттерінде зайырлы құқықтық заңнама іске асырылғанымен, мұсылман қауымы елдің көп бөлігін қамтиды, сәйкесінше ықпалы өте зор.

Жиырмамыншы ғасырда секуляризмге жасалған гипотезалардың бірі – уақыт өтек келе дін білім мен техниканың көмегімен қоғамдық өмірден кетеді [16, 37 б.]. Осыдан сәл жеңілдеу гипотезада дін толық кетпейді, бірақ өзінің ықпалын азайтады дейді [17, 57 б.]. Бұқаралық ақпарат құралдары мен теледидар жүйелерінде діни контенттің жоқтығы мен аздығы секуляризацияның көрінісін білдіреді. Біраз ғалымдардың пікірінше, сеуляризм қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық проблематиканы өршітеді және соның салдарынан цинизм, апатия және материалды құндылықтарды рухани құндылықтардан жоғары қою процестері болуы мүмкін. Бұл өте қауіпті дейді ғалымдар [18, 87 б.]. Қоғамдағы атеизмнің дамуына да ең үлкен түрткі болуы мүмкін фактор да осы секуляризм. Немесе діни адамдардың өзінің діни моральдық нормаларға салғырт қарауына да септігін тигізуі мүмкін.

Жиырмамыншы ғасырдың соңында секуляризация барлық елдерді жаулайды деген идеяға қарсы шыққан ғалымдар көбейді. Оларға мысал ретінде төмендегілерді көрсетті:

- Дінге деген қызығушылық, статистикалық мәліметтер бойынша, тіптен білім мен ғылымда өте қарқынды дамушы мемлекеттерде де көбеймесе азайып жатқан жоқ.
- Діндегі тенденциялар қазіргі заманда бұрынғы замандағыдан өзгермеді
- Дінге қызығушылықтың азаюы жалпы адамдардың қоғамдық белсенділігінің азаюының бір бөлігі ғана болып табылады
- Дінге деген қызығушылықты деңгейінің аз болуы(Еуропа) әлеуметтің-мәдени факторлардың аномалиясына әкелген.

Секуляризм теориясының негізін қалаушылардың бірі П. Бергердің өзі біздің секулярланған әлемде өмір сүрмейтіндігімізді айтты [19, 76 б.]. Сватсон мен Кристиансонуың айтуынша адамның тәжірибесінде экзистенциалдық сұрақтардың мәңгілік екеніне сәйкес рационалды жауаптардан тыс жауаптар бере алатын дүние бұл тек қана дін дейді. Сәйкесінше дін – мәңгілік, ал секуляризм болса – уақытша ұғым дейді [20, 90 б.].

Осындай жаңа теориялардың шығуына сәйкес дінге байланысты да талай гипотезалар шықты [21, 108 б.]. Олардың бірі бұл діни трансформация. Ол бойынша, діндер мүлдем жоғалмайды, тек қана өзгерістерге ұшырайды, бейімделеді делінеді [22, 94 б.]. Капитализм мен секуляризм жеке меншік пен адамның менінің маңыздылығын өсірген себепті сұраныс жекешелендірілген, оңашаланған діни тәжірибелер мен діндерге артады [23, 276 б.]. Діни институттардың либералды көзқарастары алға тартылады. Ол мынадай салдарға әкелуі мүмкін делінеді:

- Діни ұйымның қатарында немесе одан тыс аймақта діни ізденістің ұлғаюы;

- Діни жіне рухани электизм;
- Жаңа діни қозғалыстардың пайда болуы мен көне пұтқатабынушыдық сенімдердің қайта жандануы.

Көптеген адамдарға секулярлы қоғамдық құндылықтармен ғана өмір сүру мүмкін емес, себебі онда өмірдің мәнсіздігі мен бостығының себептері өте көп. Осыған сәйкес адамдар тек қана дәстүрлі діндерге ғана жүгінбей, оған альтернативалар іздейді. Адам діндарлық пен руханилықтың ара жігін ажыратып, діни салт жоарлығыларға немесе оарды қолдай отыра өз рухани дүниесін қалыптастыруға тырысады дейді Чарльз Тейлор. Оның болжамынша, секуляризм түбінде жеңіліс табады, алд трансформацияланған дін өзінің өмір сүруін жалғастыра береді [24, 68 б.].

Мамандар мен ғалымдардың ішінде ресейлік әлеуметтанушы В. И. Гараджа секуляризмды әртүрлі түсінетін ғалымдар бар екенін көрсетеді:

«Кейбір социологтар секуляризация діннің ықпал ету аймағын тарылтаттын, және болашақта тіптен оны жоятын беті қайтпайтын процесс дегенге сенеді. Басқа ғалымдардың ойыншы, секуляризация әлеуметтік өмірде діннің өзін өзі анықтауының жаңа көрінісі дейді, ескі формалардың орнын жаңалар басады және дін өзінің өмір сүруін жалғастырады дейді. Секуляризация, керісінше, дінді жаңаша трансформацияға әкеліп оның позициясын бекітіп беруі де мүмкін. Яғни ол құрал ғана. Діннің қоғамдағы рөлі мен секуляризацияның салдары біркелкі бағаланбайды.»

В. И. Гараджаның ойынша, секуляризацияның үш түрі бар:

- «Қасиетті» ұғымын жоғалту процесі ретінде;
- Дінді ғылым, рационалды ойлай мен зайырлы этикетпен ығыстыру ретінде;
- Діннің эволюциясы ретінде, оны тек әлеуметтік процестер барысында өзегерген түрі ретінде [25, 110 б.].

Қорыта келгенде, мемлекет, дін, зайырлылық, секуляризация түсініктерінің заман өзгеруіне байланысты, динамикалық түсіну процесі де әртүрлі қалыптасқан. Ғалымдарды жеке көзқарасы мен өзгерген саяси жүйелер, әлеуметтік нормалар, құқықтық түсініктердің санқырлылығының негізінде көптеген теориялар қалыптастыруға болады. Мемлекет болып қалыптасудың алдында сәйкес жүйе мен әлеуметтік мәдени идеология таңдау мен оған бағытталған жұмыстар жүргізу бірінші кезекте маңызды. Оған қатысты сан мыңдаған үлгілер мен теориялар бар. Практикалық тиімділігіне сол халықтың тарихы мен бүгінгіне салыстырмалы анализ жасау арқылы баға беруге болады. Немесе дұрыс деп таңдалған жүйедегі қателіктерді іске асыру барысында табуға болады. Оны жөндеуде де шетелдік тәжірибеге жүгінуге немесе өзінің жаңа стратегиялық саясатынды орындауға болады.

Мемлекет дегеніміз белгілі бір территориялық аймақтағы қоғамның қалыптасуын реттейтін саяси форма. Суверинтетке, көпшілікке жария билікке және басқару және мәжбүрлеу аппаратқа ие, оған барлық халық бағынатын ұйым болып табылады. Ал дін дегеніміз адам өмірінің мәні мен қоғамдағы байланыстардың формаларына түсінік беретін, құндылықтарды дамытып,

моральдық бағытты қарастыратын қоғамның ең үлкен бағыттарының бірі. Ол жақсы мінез, ахлақ пен адамзаттың ең үлкен, жоғарғы дүние жайындағы білімінің негізі болып табылады. Зайырлы мемлекет дегеніміз мемлекеттен дін бөлінген және әрқайсысы өз алдына тәуелсіз субъект ретінде қалыптасқан мемлекеттік құрылым. Мемлекеттік биліктің іске асырылуы азаматтық нормалардың шеңберінде жүзеге асады, діни қағидағандар ешқандай маңызға ие емес және мемлекеттік органдардың шешім шығаруы діни негіздемелерді қарастырмайды. Секуляризация талын тілінде «зайырлы» деген сөзден шығалы. Әлеуметтану ғылымдында бұл ұғым қоғамдық өмірде діннің маңыздылығының төмендеуі, және әлеуметтің діни салт жоралғылардын зайырлы қоғамдық құрылысты алға тартуы дейді.

Осы ұғымдардың бір бірімен тоғысуы әртүрлі нәтижелерге әкеледі. Қарама-қайшылықтар мен өзара түйісу нәтижелік көрсеткіш болып табылады. Негізінен қазіргі таңдағы көптеген мемлекеттер осы түсініктер аясында мемлекеттік саясатын құрып, әлеуметтік қатынастарын реттеуде. Оларды арасында әлемдік экономика мен саясаттағы лидерлер де бар, сәйкесінше дамушы немесе үшінші әлем мемлекеттері де бой көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Государство / А. С. Автономов, В. А. Попов // Большая российская энциклопедия : [в 35 т.] / гл. ред. Ю. С. Осипов. - М. : Большая российская энциклопедия, 2004-2017
2. Дюмезиль Ж. Верховные боги индоевропейцев. - М., 1996
3. Е. Д. Андрианова. О теориях происхождения государства // Евразийское научное объединение. - 2020. - № 10-5 (68)
4. Государство и революция: Учение марксизма о государстве и задачи пролетариата в революции // Ленин В. И. Полное собрание сочинений. 5-е изд. Т. 33. М., 1994
5. Алексеев С. С., Корельский В. М. Теория государства и права. М., 2000.
6. Фома Аквинский, «Сумма теологии», Том VIII. Вопрос 94. Об идолопоклонстве
7. Трубецкой С. Н. Религия // Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона
8. Кураев А. В., протоиерей, к. ф. н. Уроки сектоведения. — СПб.: Формика, 2002. - ISBN 5-7754-0039-9
9. Доусон К. Г. . Религия и культура. — СПб., 2000
10. Баёв П. А. Церковь и служитель культа в медийном дискурсе отечественного социума // Социологические исследования. - 2011. - № 2.
11. Берснев Павел. Мозг и религиозный опыт. Дата обращения: 26 декабря 2010.
12. Силантьев Р. А. Отношение религии к демографии. // Демоскоп Weekly. № 109-110. 14-27 апреля, 2013
13. Элбакян Е. С. Религия // Философский словарь / Под ред. И. Т. Фролова. - 7-е изд., перераб. и доп. -М.: Республика, 2011 .

14. Jeffrey L. Salver, M.D.; John Rabin, M.D. - The neural substrates of religious experience.
15. Боголюбов Л.Н. Обществознание. 11 класс. Профильный уровень. Дата обращения: 25 марта 2019.
16. Taylor, C. A secular age (неопр.). - Cambridge, MA: Belknap, 2017
17. A. Jerry Coyne Faith Versus Fact: Why Science and Religion Are Incompatible. — М.: Альпина Паблишер, 2016
18. P.Berger «The Desecularization of the World: A Global Overview»// «The Desecularization of the World: Resurgent Religious and World Politics»
19. Силантьев Р. А. Отношение религии к демографии. // Демоскоп Weekly. № 109-110. 14 -27 апреля 2020
20. Wuthnow, R. After heaven: Spirituality in America since the 1950s (англ.). - Berkeley, CA: University of California Press, 2018.
21. Hervieu-Leger, D. Individualism, the validation of faith, and the social nature of religion in modernity // The Blackwell companion to sociology of religion (англ.) / R. K. Fenn. - Oxford: Blackwell, 2011
22. Гараджа В. И. Глава VII. Секуляризация // Социология религии. - ИНФРА-М, 2015. (Классический университетский учебник).
23. Gill, R. The future of religious participation and belief in Britain and beyond // The Blackwell companion to the sociology of religion (англ.) / R. K. Fenn. - Oxford: Blackwell, 2021
24. Taylor, C. A secular age (неопр.). - Cambridge, MA: Belknap, 2017.
25. Nelson, James M. Psychology, Religion, and Spirituality. Springer Science + Business Media

Қуатов Арулан

магистрант кафедры религиоведения

Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева

Нур-Султан, Казахстан

ҒҰМАР ҚАРАШ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЖӘДИДТІК КӨЗҚАРАСТАРҒА ТАЛДАУ

Жәдидизм – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Ресей патшалығының қол астындағы түркі тілдес мұсылман халықтардың арасында пайда болған қоғамдық-саяси және мәдени-ағартушылық қозғалыс. Қозғалыстың негізін салушы Қырым татарларынан шыққан ағартушы, дін ғұламасы Ысмайыл Ғаспыралы. Жәдидшілдік қозғалысы медреселерде тек діни ілімді үйретумен шектемей зайырлы пәндерді енгізу, ғылым игеру, араб тілін үйретудің дыбыстық әдісін («усул-и жәдид» – «жаңа әдіс») қолдануды көтерді. Діни фанатизм, дүмшелікпен күрес, әйел теңдігі, түркі тілдес халықтардың тілі мен әдебиетінің дамуы, кітап, газет-журнал шығару, білім беру жүйесіндегі реформалар, ислам өркениетін қайта жаңғырту жәдидизм қозғалысының негізгі мәселелері болды.

Қозғалыстың көрнекті өкілдеріне Шағабуддин Маржани, Құсайын Фаизханов, Ысмайыл Ғаспыралы, Мұса Жарулла Бигеев, Ризаєтдин Фахрєтдинов, Мифтахєддин Ақмолда, Мұхамєтсәлім Үметбаєв, Зайнулла Расулов және т. б. жатқызылады.

Жәдидшілдік қозғалысының мәнін ашып, сипатын айқындау үшін оның тарихи объективті алғышарттарын анықтап алуымыз керек. Жалпы бұл қозғалыстың пайда болуының ең негізгі себебі ислам әлемінің терең дағдарысқа ұшырап, Батыс елдерінің боданына айналуы болды. Бұл қоғамдық-саяси және мәдени-ағартушылық қозғалыс өкілдері діни фанатизм мен буквализмнен бас тарту, зайырлы ғылым мен білімге ашық болу дағдарыстан шығудың бірден бір жолы екендігін түсінді. Алайда олар дінді қоғам өмірінен алыстатуға тырыспады, керісінше Батыс өркениетінің жетістіктерін мұсылмандық дүниетаным арқылы қабылдауға, исламның ғылым-білімді тежемей, керісінше адамзат баласының дамуына үлес қоса алатындығын көрсетуге тырысты. Жәдидшілдік қозғалысының негізін қалаушы Ысмайыл Ғаспыралы «Мұсылмандық өркениет атты мақаласында былай деп жазады: «Зерттеулер ислам өркениеттің негізінде тұрғандығын көрсетеді және Құранда бұл қатынаста көп айтылған. ...Мұсылмандар ғылымға, еңбекке барынша ден қойып, өркениет қалыптастырды. Бұл өркениет көне өркениеттің толықтай құлауынан жаңа өркениеттің пайда болуына дейін әлемге жарық беріп тұрды және соңғының пайда болу көзі болды. Осылайша, мұсылмандар еуропалық ғылым мен білімге бөтен еместігіне көз жеткіземіз». [1] Сондай-ақ, жәдидшілердің бастауы ретіндегі әл-Маржани концепциясы мынадай: Біріншіден, әрбір мұсылман ижтихадқа (ойлануға, сындарлы пікір білдіруге, ашықтыққа) ие; екіншіден, бастапқы исламға қайту, яғни ислам әу баста қайратты, ғылыми, ойлы, кейін бұрмаланған, тоқыраған. Осындай мүмкіндікке, потенциалға ие діннің құндылықтарын қоғамға жеткізіп, дұрыс пайдалана алу үшін мұсылман зиялылары қажет.

Жәдидшілдік қозғалысы Ресей түркі тілдес мұсылман халықтарының мәдени ағартушылық бағытта дамуына ғана емес олардың саяси оянуына да қызмет етті. Ресей патшалығының қол астындағы мұсылман халықтары жәдидшілдік қозғалысы негізінде өздерінің тәуелсіздіктерін алуы үшін күрес жүргізді. Бұл қозғалысты алғаш зерттеуші Г.Сафаров былай деп жазады: «Жәдидтер деп жүрген мұсылман интеллигенциясы мектепті реформалау, жаңа орфографияны енгізу, оқытудан арабшылдықты және көне грек схоластикасын аластату және ұлттық мәдениетті дамытуды талап етіп отыр. Бұл қозғалыс бірте-бірте саяси жағынан да прогрессивті-ұлттық қозғалыс ретінде қалыптасуда. Ол татар және қырғыз (яғни, қазақ) интеллигенциясының ықпалымен өсуде, олардың арасында жәдидтер бұдан да ертерек өз жағдайын нығайтып алған болатын». [2, 33 б.]

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жерінің толықтай Ресей патшалығының қол астына кіріп, боданына айналуы, әкімшілік басқару жүйесі енгізіліп, шоқындыру саясатының жүргізілуі жәдидшілдік қозғалысының қазақ даласында да кең таралуына алып келді. Қазақ зиялылары Ресей империясының қол астынан қарудың күшімен емес, білім-ғылымның күшімен ғана шыға алатындығын

жақсы түсінде. Қазақ даласында жәдидтік идеяның таралуы Абай мен Шәкірім бастау алса, одан әрі кеңінен насихаттап, діни тәжірибелік қолданысқа енгізген Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Науан Хазірет, Шаймерден Қосшығұлұлы, Мұстафа Шоқай, Ғұмар Қараш т.б. ұлт қайраткерлері болатын.

XX ғасырдың басында қазақ даласындағы мектеп-медреселер жәдидтік негізде оқытыла бастады. Статистикаға сүйенсек, 1913 жылы Түркістан өлкесінде жәдидтік бағыттағы 92 мектеп-медресе жұмыс жасаған. Сонымен қатар қазақ жастары Орта Азия мен Ресейдегі медреселерде білім алды. Мысалы, Қазан қаласындағы Мұхамедия, Орынбордағы Хусайния, Уфадағы Ғалия, Бұхара медреселері танымал болды. Ғалия медресесінде М.Дулатов, Б.Майлин, М.Жұмабаев секілді 200-ден астам қазақ балалары сауат ашып, білім алған. Уфадағы ислам университеті саналған «Ғалия» медресесінде шәкірттер тек діни-теологиялық емес, зайырлы білімді де қоса меңгерген. [3, 213 б.]

Қазақ зиялалары сол кезеңде діни фанатизм мен дүмшелікті қатты сынға ала отырып, ислам дінің қазақ халқының рухани-мәдени қазығы, идеологиялық негізі ретінде қарады. Жәдидтік қозғалыстың қазақ даласындағы өкілдері болып табылатын Алаш қайраткерлері ұлттық демократиялық мемлекет құру жолында шариғат негізінде басқару формасына қарсы шығып, преференциялық зайырлықты таңдады. Алаш Орда үкіметінің молдасы, тұңғыш қазисы болып жәдидизм қозғалысының өкілі Ғұмар Қараштың сайлануы да Алаш Орданың дін мәселесіне қатысты ұстанымдарын көрсетеді.

Ғұмар Қараш надандықпен, діни фанатизммен күресе отырып, халықты білім ізденуге, дінді дұрыс түсініп, пайымдауға, еркін ойлауға, азаттық жолында ұлт болып жұмыла күресуге шақырған ұлт қайраткері. Өз заманында дүмше молдалар мен қадимшыларға қарата айтқан сын-пікірлері үшін қудалауға ұшыраған.

Берік Аташ «Ғұмар Қараш» еңбегінде тұлғаның шығармашылық, ағартушылық ғұмырын үш кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші, дінге берілген сопылық кезеңі (1882-1907). Ғұмар Қараш 7 жасында жетім қалып, ауыл молдасынан хат танып, сауатын ашады. Ауыл медресесінен білім алып жүрген кезеңде Ғұмар Қараш сопылық жолда жүреді. Оны мына жазбадан анық байқауға болады: «Жасырақ уақытымда мен де кәдімгі софылардай-ақ, софыша ғана бір мүрид едім. Шариғат ғылымынан жақсы хабарым бар – өзімше ойлағанда, ғылым мен софылықты бірдей жиған бір кәміл адам болмақ едім». Кейіннен 1897-1902 жылдары Ғұмар Қараш ұстазынан рұқсат алып, өзі ауылдан медресе ашып, жасырын шәкірт дайындайды. Деректерге сүйенетін болсақ Ғұмар Қараш бұл медреселерді рұқсатсыз ашып, жасырын ескі әдіспен бала оқытқан. Ал 1902 жылы «указный молда» болып сайланған.

Екінші кезең – сопылық жолдан жәдидтік көзқарасқа өтуі. Бұл кезеңде Ғұмар Қараш жәдидтік оқыту тәсілі негізінде шәкірт дайындай бастайды. Ғұмардың тумасы әрі шәкірті Хакім Әжікеев Ғұмар туралы былай деп жазады: «... Фән сабақтары ішінде жаратылыс-табиғат, география сабақтарының оқыту әдістеріне тоқталып, оларды түсіндіріп оқытуға тырысатын. «Бұл пәндер дінде жоқ, дін

бұзатын пәндер» деуші молдаларды «Құранда құдайдың өзі «құл сиру феларзи фаңзуру» бұл: «Жер дүниені кезіндер, ондағы әрбір жаратылыстың таңғажайып нәрселеріне ой жүгіртіп қараңдар» деген емес пе?»

Үшінші – шығармашылық-танымдық кезең (1911-1914). Ғұмар 1911-1914 жылдары «Қазақстан» газетінің жұмысына атсалысып, поэзиялық-прозалық жұмыстармен айналысады. Осы жылдары 4 поэзиялық, 3 зерттеу еңбектерін жариялайды. Жарық көрген шығармаларында Ғұмардың діни реформаторлық көзқарастары анық көріне бастайды. Тек діни мәселелерді қозғап қана қоймай өз қоғамындағы өзекті саяси-әлеуметтік мәселелерге де қалам тербейді.

Төртінші – алашордашыл-ұлтшылдық кезеңі. (1914–1918). Бұл уақытта да автор өзінің шығармашылығын дамыта отырып, қоғамдық саяси өмірге де белсене араласа түседі. Сол кездегі бүкіл қазақ қана емес, татар-башқұрт, түрік, Ресей жұртына да танымал бола бастаған ойшыл, зайырлы діни ұстанымын жариялап, өзіндік бір реформаторлық-жаңашыл саланы қуаттайды. Радикалдық бағыт өкілдерімен күресе келе, әсіресе, дүишелердің екіжүзді әрекетін (мұнафықтық) айыптайды. [4, 58 б.]

Сәбит Мұқанов өз деректерінде Ғұмар Қараш Уфадағы Ғалия медресесінде оқыған деп келтіреді. Дегенмен Ғұмар Қараш Қазан қаласындағы Шигабuddin Маржани медресесінде 10 жыл оқып, отыз жасында молда болып шыққан. Қазан қаласы Ғұмардың жәдидтік көзқарастарының қалыптасып, ағартушылық жұмыстарға белсене аралысуына әсер еткен. Маржани медресесі жәдидтік оқу жүйесіне негізделген. Деректерге сәйкес медреседе 20 ғасырдың басында 740 шәкірт 62 үйге бөлініп оқыған. [5, 28 б.]

Ғұмар Қарашқа Қазан қаласында оқыған жылдары ірі жәдид мектебі болып саналған «Мұхамедия» медресесінде орын алған оқиғалар әсерін тигізген. «Мұхамедия» медресесінде дыбыстап оқыту жүйесімен сабақ берілген, діни білімдермен қатар зайырлы пәндер қатар оқытылып, әртүрлі үйірмелер жұмыс істеген, газет-журналдар шығарылған, кабинеттер құрал жабдықтармен жабдықталып, оқушылардың демалыс уақыттарына дейін көп көңіл бөлінген. Аталған медресенің еркін ойлы шәкірттері жасырын «Бірлік» ұйымын құрады. Бұл ұйым Еділ татарлары арасында діни оқу орындарын заманға сай түгелдей реформалап, оқу-ағарту ісімен айналысуды көздейді. Ұйымға 5 адам жетекшілік жасайды. Алайда Қазан губерниялық жандарм басқармасы ұйымды «өкіметке қарсы революциялық үгіт насихат ісімен айналысты» деп мәлімдейді. 1907 жылы «Бірлік» ұйымын «саяси насихатшыларды даярлады», - деп айыптап, мүшелерін жазалап, таратып жібереді. Сол жылы Ғұмар Қараштың істі болуын осы оқиғамен де байланыстыруға болады. Елге оралғаннан кейін «Мұхамедия» ұстанған жәдидтік оқыту тәсілі тұлғаға оң ықпал еткенін байқаймыз.

Ғұмар Қараштың еңбектерінің ішінде ерекше орын алатын, діни-философиялық көзқарастарын көрсететін еңбектері 1910 жылы Орынбор қаласында жарық көрген «Ойға келген пікірлерім», 1911 жылы Уфа қаласында жарық көрген «Өрнек» және 1913 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Бедел-Хажы».

«Ойға келген пікірлерім» еңбегінде Ғұмар былай деп жазады: «Қазіргі заманның байлары мен мырзалары, мешіт, медресе имамдары ғылым мен ағартуды дамыту үшін өздерінің қаражаттарын аямай жұмсайтын болсын. Әсіресе, мұғалімдер бұл іске қатты кірісіп, ғылым кітаптарын ана тілімізге аудару және кітаптар сатып алып бастыру, баспаларды көбейту, газет-журнал шығару істеріне атсалысуы керек. Ал қазір бұдан артық іс жоқ». [6, 10 б.] Сондай-ақ, аталған еңбектегі тағы бір шығармасында қазақ, қырғыз арасынан жоғары медреселерді бітірген, білімді жастардың көп екенін, алайда олардың ұлт болашағы үшін қызмет етпей, жағымсыз, жаман әдеттерге салынып кеткендіктерін ашық сынап, өз ойын былай тұжырымдайды: «Керісінше, зиялылар неғұрлым көбейе түссе, халықтың көзі ашылып, пайдалы мектептер салынып, газет-журналдар шығарылып, дау-дамайлар азайып, жалпы жұртшылық жақсы күн кешірген болар еді. Ал қазір бұл істердің біреуі де жоқ. Күн санап сауық-сайран батпапыған батып, күн сайын надандықтан шыға алмай жатыр. Халықтың ықыласын өздеріне тартып, сауатын ашып, өнер жолына бастай алмай келеді». [6-2, 12 б.]

Ғұмар Қараш білімді, көзі ашық адамдар мен байларды надандықпен күресуге үнемі шақырып отырған. Жастардың білім алып, ғылым игеруі үшін бұл іске мұғалімдердің ғана көмегі жеткіліксіз екендігін түсіне отырып, байлардан өз дүниесін оқу-ағарту, мектеп-медресе жұмысына, ғылым қуамын деген жастарға беруді, қолдау көрсетуді сұрады. Себебі надандық, жалқаулық, қараңғылықты қоғам дамуын тежейтін негізгі себеп ретінде көрсете отырып, одан шығудың жолы ғылым мен ағартушылық деп білді.

«Өрнек» Ғұмар Қараштың діни-философиялық көзқарастарға толы бірден бір еңбегі. Сәбит Мұқанов: «Омар осы кітабынан кейін хадимшілік, дін жолымен ашық күресіп, кейінгі шығармаларында үнемі жадидшілдікті дәріптеді. «Өрнек» қазақтың жаңа байларының сойылын соққан шығармашылардың қаламынан прогресс есебінде шыққан бірінші дін кітабы еді. Бұдан кейін дән мәселесінде кітап жазған ұлтшылдардың бәрі осы «Өрнекте» қозғалған мәселелерді тереңдетті», - деген пікірінде мән бар. [5-2, 61 б.]

Ғұмар Қараш Аллаға құлшылық ету, оның бұйрығына бойұсыну тек намаз оқып, ораза тұтумен шектелмей, керісінше әр іс-әрекетінде Алланың жолымен жүру ең жоғары ғибадат болып есептелетіндігін айтады.

Ғұмар: «Енді адамдар әр ісінде Алланың көрсеткен жолымен жүрмесе, яғни себебіне кіріспесе, иждиат етпесе, ғылым-өнер үйреніп, орнына қолданбаса, ол адамға иман келтіріп, оның әміріне бойұсыну болып табылмайды. Бәлкі теріс жолға кіру: екпей, егін күту, әкесіз бала үміт ету болады – мұндай адамдардың намаз, оразасы да, өзіне әсер ете алмаған рухсыз (жансыз) бір ғибадат болады» - дейді. Бұл жерде біз діни көзқарас бойынша бұл әлемді құдай жаратты дейтін болсақ, онда адам баласы тек ораза ұстап, намаз оқып қана қоймай құдайдың жаратылысын зерттеп білуге, ғылым игеруге ұмтылуы қажет дегенді білдіреді. Ғұмардың бұл ойы Абай Құнанбайұлының «ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж ешбір ғибадат орнына бармайды» деген ойымен сәйкес келеді. Жалпы Абайдан бастап Алаш зиялылары дінді мешітпен, бес парызбен шектеу қоюды

дұрыс көрмеді. Адамның әрбір ойы мен әрекетінің, арының таза болуы, адам баласына риясыз қызмет қылу, ғылым-білім, өнер үйреніп, оны қоғамның пайдасына жарату құдай сүйетін іс деп білді.

«Өрнек» еңбегінде Ғұмар Қараш адамның жаман әдеттерге әуес болуының себебін надандықтан деп көрсетеді. Сондай-ақ, надандықтың салдары ғылымға бет алған елдердің артынан ере алмай, артында қалуға әкелетіндігін жазады: «...Кейін қалу жалқаулықтан, өнерсіздіктен, білімсіздіктен, надандықтан келеді...».

Ғұмар Қараш надандықтың тағы бір салдары пайдасыз нәрсеге сену, табыну, «жоққа илану» дейді. Оған қазақтардың ауруларды дәрі-дәрмек, дәруменмен емдеудің орнына бақсы-балгерге қаратуын және дүмше молда, надан ишандарға үшкіртіп, түкіртуін сынға алады. Сондай-ақ, «Қайсыбір ауруларды далада өскен бәйтерек ағашқа апарып, неше күн сонда түнетіп, жансыз ағаштан медет-жәрдем талап еткен. Мұны ағашқы табыну демей, не дейміз. Бұдан артық та мәжуістік болар ма?!» - дейді. Ғұмар аурудың себебін білмей зияратқа апаруды, ыстықтан шөлдеген адамды зияратқа апару секілді ұят нәрсе екендігін айтады. Әр нәрсенің себебіне үңілуге, сонымен күресуге шақыра отырып: «... Себепті заттың себебіне кірісу Алланың әміріне бойұсынбай бола ма? Шөлдеген адам су сұраса, «Алладан әмірсіз еш нәрсе болмайды» деп, сусын бермеу жөнге сияр ма?» - дейді. Ғұмар Қараш өз шығармаларында жансыз, пайдасыз нәрсеге сеніп, өзі мәселенің себебімен күресіп, әрекет жасамауды, барлық нәрсе Алланың қалауымен болады деп, еңбек етіп, тәр текпей нәтиже күтуді сынға алып, адамның тұлғалық қалыптасуы да, ұлт ретінде дамып, өркениетке жетуі де адал, қажырлы еңбектің нәтижесі екендігін жиі көтеріп отырған. [7, 186 б.]

Ғұмардың жанашыр ұстазы Шәңгерей Бөкеевтің қаржылай көмегімен жарық көрген «Бәдел-Хажы» еңбегінде қажылыққа өзі бара алмай, бірақ хажға барған адамға өзінің дүние мүлкінен бәдел жіберетін болған. Бәдел қажы дегеніміз – өсиет негізінде қажылық жасайтын адам. Ислам қағидасындағы бес парыздың бірі болып саналатын қажылыққа баруға мүмкіндігі болып, бірақ өтей алмаған адам өзі үшін қажылық жасауды біреуге өсиет етіп қалдырса, мойнына алған адам өсиет негізінде қажылық сапарын жасайды. Парыз болған қажылықты орнына біреуді жіберуі үшін арнайы шарттары бар. Мысалы, қажылық парыз болу, қатты көрі адам болу, жазылуынан күдер үзілген ауруы бар, т.б.

Сол кезеңде бәдел қажылыққа кеткен ақшаны Ғұмар Қараш қатты сынға алады. «Ол ақшамен шәкірт оқыту керек. Ол ақшаға мұғалім сақтап, мектеп тәрбиелеу керек. Ол ақшаға мұқтаж көрші һәм жақындарына беріп, аштықтан, жаланаштықтан сақтау керек», - деп, бәдел қажылыққа кеткен дүниені қоғамның әлеуметтік дамуына, ағартушылық жұмыстарға жұмсап, ел мүддесі жолындағы игі істерге жұмсауға шақырады. [7-2, 205 б.] Ғұмар Қараштың Бәдел қажыға қатысты тұжырымдамасын өз дәуірінің білімді, зиялы адамдарының бірі Ризаддин Фахыраддин де мақұлдаған.

1914 жылы «Қазақ» газетіне «Құрбан шалу жаңа заманда міндетті емес» деген пікірдегі мақала шығарады. Мақалада былай делінеді: «...Енді келелік құрбандық мәселесіне... Аллаға шалынған малдың еті, қаны жетпейді. Бәлкім ақ ниет, адал

жүрегі жетеді, яғни малды шалып, қанын ағызу, яки табақтан етін тарату мақсұд емес, бөлкім адам малын-мүлкін қиып жақсы күндерге Алла жолына шығаруды мақсұд деген. Бірдің емес көптің, жалпы жұрттың, ұлттың пайдасына жараған орынды...». [7-2, 216 б.] Құрбандық мәселесі қазіргі таңда да жиі көтерілетін тақырыптың біріне айналды. Қаншама малды ысырап етудің орнына, ақшалай беріп қоғамның әлеуметтік-экономикалық, мәдени-ағартушылық қажеттілігін өтейтін мәселелерге бөлінуі қажет деген пікірлер айтылады. Аталған мәселеге қатысты белгілі дінтанушы Мұхан Исахан «Kazislam» сайтына мақала жариялаған болатын. Мақалада маман құрбандықтың шығу тарихын баяндай келе былай деп пікір білдіреді: «Ғұмар Қараштың «Құрбандыққа шалуға кететін қаражатты қайырымдылық уақфтар құйып, мектеп-медресе ашып, оқу-білімге жұмсау» туралы көзқарасы бір қарағанда оң бастама болып көрінгенімен, бұл шарифатқа реформа жасамақ болған жәдидшілдердің ұстанымы еді. Оның құрбандық етін жерге көміп, ысырап қылуға қатысты сыны дұрыс. Алайда «Осы күндері пайғамбарымыз (ғ.с) тіріліп, қайтадан арамызға келіп халқымызды көрсе, ең әуелі бастан өз құрбандығын сатып, біздің ғылымды-өнерлі болуымыз, басқа елдерге қатарласуымыз жолына жұмсар еді» деген көзқарасы шарифат ижмасын (ижмаға қарсы келу күнә) жоққа шығару болып саналады. Ханафи мәзһабының захир риуаяға және надир риуаяға жататын барлық пәтуа кітаптарында жағдайы бар мұсылманға құрбандық шалудың уәжіп екендігі айтылған». [8]

1910-1911 жылдары Ғұмардың көптеген мақалалары жарық көрген мерзімді баспасөздердің бірі – «Шора» журналы еді. Ол «Әйелдер хақында» және «Өтініш» атты мақалаларында әйелдердің құқығы, неке жағдайы, көп әйел алу шарифатқа да, өмірге де келмейтін әдеттер, «Заң мәселесі» мен «Ислам дінінің жақсылықтары» мақалаларында құрбандық тақырыбы, ислам дінінің маңызы мен адамгершілік қасиеттері секілді өз дәуірінің өзекті мәселелерін саралаған. «Ар-ождан – сенімнің өлшемінде» адамдықтың кепілі саналатын бұл қасиеттің өмірдегі орнын орынды пайымдай білген.

Ғұмар өз дәуіріндегі надан сопылар мен ишандарды, дүмше молдалардың дінге де, адами құндылықтардың өлшеміне де сәйкес келмейтін әдеттерін, дінді желеу етіп, қоғамды тек надандыққа бастайтын әрекеттерін қатты сынға алады. Соның себебінен де оны көптеген молдалар қудалауға тырысты. Ғұмарды дінге жаңалық енгізуші, дін бұзушы ретінде қабылдап, қоғамнан шеттетуге тырысты. Е. Ысмайлов Ғұмар туралы мақаласында: «Қожа, молдаларды, ишандарды батыл өшкерелеп отырады» деп уақыт ыңғайына қарай жалпылама айта келіп, «бірақ ислам діні бекерлемейді. Құранды, пайғамбар жолын дұрыс, бұлжымайтын қағида деп біледі» деп орынды қорытынды жасайды.

Ғұмар Қараштың көтерген діни-философиялық, саяси-әлеуметтік тақырыптары мен ойлары бүгінгі таңда да қазақ қоғамы үшін өзектілігін жоймай келеді. Рухани-ағартушылық жұмыстары арқылы қалың қазақты өркениеттің шыңына бастау, жастардың білім-ғылымға деген құштарлығын ояту, дұрыс діни таным қалыптастыру, моральдық құндылықтарға сай келмейтін, қоғамды артқа тартатын жаман әдеттермен күресу жолында еңбек етті. Ақын өз ойларын қағаз

бетіне түсіріп қана қойған жоқ, оны іс жүзінде де жүзеге асыруға тырысты, қоғамдық-саяси өмірге белсене араласты. Алаш қайраткерлерімен бірге ұлттық-демократиялық, преференциалды зайырлы мемлекет құру жолында ұлт мүддесі үшін күресті. Ғұмардың діни реформаторлық көзқарастары, дін мәселесінде сыни ойлауды қалыптастыру, дүмше молдалардың надандығын сынға алуы өз уақытында айтарлықтай қолдау таппағанымен бүгінгі таңда маңызы мен қажеттілігі сезілуде.

Әдебиеттер тізімі

1. Гаспринский И. (2010). Мусульманская цивилизация // Газета «Переводчик-Терджиман . 1884 г. – 17 июня, № 22.
2. Сафаров Г. (1996). Колониальная революция Опыт Туркестана). – Алматы. – С. 88
3. Базарбаев Медет, Сабри Хизметли, «Алаш» зиялыларының ислам дініне көзқарасы; Байтұрсынов А. // Он ғасыр жырлайды Алматы, 2006. 408 б.
4. Ғ 94 Ғұмар Қараш / Б.М. Аташ, Қ.Ұ. Әлжан. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 375 б.
5. Тәж-Мұрат Т28 М. ҒҰМАР ҚАРАШ: өмірі мен шығармашылығы. – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2004. – 384 бет.
6. Ғұмар Қараш: үш томдық шығармалар жинағы. III том. – Алматы, «Intservice», 2018. – 56 б.
7. Ғұмар Қараш. Замана. Алматы: Ғылым, 1994. – 240 б.
8. Ғұмар Қараш неге құрбандық шалуға қарсы шыққан? URL: <https://kazislam.kz/mar-karash-nege-k-rbandyk-shalu-a-karsy-shykkkan/> (17.04.2022)

Қуатов Арулан

магистрант кафедрасы религиоведения

Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева

Нур-Султан, Казахстан

МҰСА ЖАРУЛЛАХ БИГИЕВ: МҰСЫЛМАНДЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕНІ РЕФОРМАЛАУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Мұса Жаруллах Бигиевтің ғылыми тұжырымдамаларының өзегінде әрдайым құқықтық ой жататады. Оның мұсылман қауымының әртүрлі мәселелеріне арналған барлық еңбектері теориялық және құқықтық идеяларға толы. Осыған ұқсас көзқарасты М. Гермес де атап өтеді: «Ислам ғылымдарының салалары ішінде Мұса Джаруллахтың ең көп айналысқаны Ислам құқығы және оның негіздері (усул әл-фикх) болса керек. Оның заң философиясы, азаматтық және мұрагерлік құқық мәселелері жөніндегі еңбектерінде ұсынылған теориялық және құқықтық идеялар өзектілігін жоғалтпады және қазіргі ислам әлемі үшін тек адамгершілік пен прогрессивті ғана емес, доктриналық тұрғыдан да маңызды болып табылады. Мұса Бигиевтің әрбір жұмысында құқықтық мәселелердің кең ауқымы ұсынылған: таза

теориядан терең практикаға дейін. Ол ұсынған құқықтық идеяларды мұсылман құқықтық жүйесін реформалаудың іргелі тұжырымдамасы деп айта аламыз. Мұса Жаруллах мұсылман құқығы (усул әл-фикх) және оның салалары (фуру' әл-фикх) негіздерінің мәселелерін жүйелі және жеке-жеке зерттеген. Мұсылман құқығының қайнар көздері мәселесін қарастыру арқылы («Араб әдебиеті және ислам ғылымдары», 1909) ол жеке құқық мәселелерін зерттеуге көшті («Құранның қасиетті аяттары аясында әйел мәселесі», 1916). Кейінірек оның көзқарастары халықаралық құқыққа бет бұрды («Мұсылман халықтарына үндеу», 1921), ал өмірінің соңғы жылдарында ол азаматтық құқық мәселелеріне қайта жүгінді («Мұрагерлік құқығы туралы жазбалар», 1944).

Мұса Биғиевтің тұжырымдамалық еңбектерінің бірі – 1913 жылы «Ил» газетінде жарияланған «Ислам шарифатына менің көзқарасым» мақаласы. Бұл жұмыс мұсылмандық құқықтық жүйені реформалау тұжырымдамасының спектрінде, атап айтқанда ислам құқығының көздерін (Құран мен Сүннетті қоспағанда) қайта қарау мәселесіне қатысты өте маңызды. «Ислам шарифаты өзінің негіздері мен көздерінде өте кең», – деп жазады М.Бигиев [1, 335 б.]. Осы аспект бойынша ол бірнеше рет келесі ойды білдірді: «Біз қасиетті шарифатқа деген көзқарасымызды анықтамайынша, дұрыс пікірді еркін жариялауға және оларды жүзеге асыруға қол жеткізе алмаймыз» [1, 331 б.]. М.Бигиевтің кейінгі еңбектерінде шарифатты әртүрлі ілімдердің шектен тыс артуынан «тазартып» қана қоймай, ондағы заң мен заң шығарушылықтың ролін біршама күшейтіп, нәтижесінде құқықтық доктрина мен заңды теңдестіру қажеттігі туралы ой айтылған. Тарихи тұрғыдан алғанда, «мұсылман құқығы бедел принципіне негізделген», яғни мұсылман құқығында Заңның қайнар көзі ретінде саналатын доктриналар маңызды, [2, 352 б.] – орта ғасырларда құрылған құқықтық ілімдер жүздеген жылдар бойы талқыға түспей, қабылданып келді. Кейіннен бұл доктриналардан ауытқу бүкіл мұсылмандық құқық жүйесіне теріс әсер еткен жалпы шарифатты сынаумен теңеле бастады.

Бұл ұстанымды Мұса Биғиев былай деп сынайды: «Қандай да бір мазхабтан бас тарту немесе осы мазхабтағы белгілі бір мәселені сынға алу шарифаттың өзінен бас тарту немесе оған бағытталған сын емес. Құранның түсіндірмелерін сынға алу немесе олардың кез-келгенін қате деп тану қасиетті аяттардың өздерін сынға алуды немесе оларды қате деп айыптауды білдірмейді». М. Биғиевтің пікірінше, мұндай көзқарас Ислам қоғамы үшін өте жағымсыз, өйткені ол мұсылман мемлекеттілігінің дамуына кедергі келтіреді, құқықтық тетіктер мен институттардың қалыпты жұмысын бұзады. Сонымен қатар, бұл мәселені зерттей отырып, ол керісінше мынадай ой келтіреді, «Біздің әлеуметтік мемлекетіміздің белгілі бір аспектілеріне зиян келтіруі мүмкін ережелерді фанатикалық тұрғыдан ұстану, әрине, күнә болып табылады». Осылайша, Мұса Биғиев құқықтық доктринаны құқықтың қайнар көзі ретіндегі өте жоғары ролін қайта қарауды ұсынды.

«Шындығында, мұсылман құқығының жалғыз қайнар көзі – заңгер ғалымдардың еңбектері. Оны жеке мамандар құрды және дамытты. Мемлекет

емес, заң ғылымы заң шығарушы рөлін атқарады. Істі қарау кезінде судья ешқашан Құранға немесе Сүннетке – пайғамбар туралы аңыздарға тікелей жүгінбейді. Оның орнына ол беделі жалпыға бірдей танылған авторға сілтеме жасайды» [3, 299 б.]. Басқаша айтқанда, егер романо-германдық құқықтық жүйе Заңның қайнар көзі заң, ал англо-американдық құқықтық модель сот прецедентіне негізделген болса, онда оның негізінде мұсылман құқығы құқықтық ілімге ие болады. «Мұсылман судьялары (кадиялар) қолданған заң әрқашан сот прецедентінен туындаған заң емес, негізінен, тіпті іс жүзінде құқықтанушылар Заңы болды» [4, 233 б.]. Алайда, мысалы, X ғасырда пайда болған құқықтық доктрина XX ғасырда, әсіресе XXI ғасырда құқықтық қатынастарды реттеуге ықпал ете алмайды. Бұл факт өте айқын, сондықтан Мұса Бигиев: «адамдардың өмірін оның барлық көріністерінде реттеуге негізделген фикһ мектептері мәңгілік емес және бәрін түсіне алмайды», - дейді. М.Бигиев ескірген және қазіргі заманға сай келмейтін құқықтық нормаларды, заңды мәні жоқ құжаттарды (калям – діни-философиялық пайымдау) алып тастауға, сондай-ақ таклидтерге тыйым салуға (құқықтық сипаттағы түрлі мәселелер бойынша билікті «соқыр» ұстану) мүмкіндік беретін ислам құқығы көздерінің нақты иерархиясын құруды жақтағанын атап өткен жөн. Біріншіден, ол «таза теологиялық» еңбектерді мұсылман құқығының қайнар көздерінен алып тастауды ұсынды [5, 44 б.]. Екінші қадамда ол негізгі құқықтық доктриналарға жатпайтын заңгерлердің пікірлері мен «заң шығарушының мақсаттары», яғни ислам құқығының бастапқы бастаулары арасындағы айырмашылықты жасауды ұсынды. Сонымен, ол: «Біз ислам мамандарының түсіндірмелері мен заң шығарушының мақсаттары арасында шекара сызуды үйренуіміз керек. Мазһаб – бір, ал Ислам шарияты – басқа. Түсіндіру-бір, қасиетті аят-басқа». М.Бигиевтің ислам құқығы көздерінің иерархиясын құру қажеттілігі туралы айтқан басты мақсаты бүкіл мұсылмандық құқықтық жүйені құлатқан, әділеттілік» сияқты принциптің жоғалуына әкелген казуистиканы жою болды. Ол былай деп жазды: «Ислам құқығы (фикһ) адам өмірінің ең бейімделген заңы, таза әділеттілікке негізделген ең кемелді құқық болуы керек».

Мұса Бигиев имам әш-Шатыбидің «әл-Мувафакат» трактатының кіріспесінде мұсылмандық құқық жүйесіндегі кемшіліктер «фикһ әдістемесінен туындайды» деген бұлтартпас қорытынды жасайды. Ол үнемі мұсылман құқықтанушыларын заң ғылымының дамуына ықпал ететін ислам фикһының әдіснамасын жетілдіруге шақырды. М.Бигиев құқықтық көзқарастарында әртүрлі ғалымдардың құқықтық мектептері (мазһабтары) емес, Ислам құқығының Құран мен сүннеттен кейінгі негізгі қайнар көзі болып табылатын заң болуы керек деп есептеді. Мазһабтар ислам әлеміндегі ұлы ғалымдармен құрылды. Бірақ олар мұсылмандарға күштеп таңу мақсатын көздемеді және олар мазһабтың ережелерімен, өз көзқарастарымен шектеу үшін жасамады. Қайта, олар мұны қоғам өмірінде туындайтын кез келген жағдайда «дәуір» мен «орындылық» қағидасына сай үмметтің әрбір мүшесіне Пайғамбар сүннеттерін қолданудың жолдары мен тәсілдерін көрсету үшін жасады. М.Бигиев фикһ әдістемесін жетілдіру қажет деумен – құқық әдіснамасы бойынша жаңа еңбекті қабылдау керек деген ойды жеткізуге тырысты. [5, 43 б.]. Осындай

жаңғыртудың нәтижесінде оны заң шығару әдістемесі ретінде де пайдалануға болады. Себебі, заңның табиғаты -ол белгілі бір тарихи кезеңде қалыптасатын, өзгертілетін және өзектілігін жоятын құқықтық қатынастарды белгілейді.

Мұса Биғиев мұсылмандық құқықтық жүйенің басты қайнар көзі ретіндегі Заңға деген көзқарасын 1920 жылы «Мұсылман халықтарына діни, моральдық, әлеуметтік және саяси мәселелер мен іс-әрекеттер туралы үндеу» атты еңбегінде тұжырымдады» [6, 5 б.]. Бұл еңбегінде орыс және шетелдік мұсылмандардың Ислам канондарына сәйкес өмір сүруіне қатысты мәселелер қарастырылған. Мұсылмандық құқықтық жүйе көздерінің иерархиясындағы құқықтың рөлін арттыру заң шығару процесін мемлекеттік биліктің өкілді (заң шығарушы) органының құзыреті ретінде тану арқылы ғана мүмкін болды. Алайда, шариғат бұл артықшылықты жоққа шығарады, өйткені «шариғатқа сәйкес Парламенттің негізгі функциясы заң шығару емес, өйткені барлық заңдар Құранда белгіленген, ал атқарушы биліктің қызметі елдің әлеуметтік – экономикалық дамуының әртүрлі бағдарламаларын жасау». М.Биғиев мұсылман әлемінде қалыптасқан мемлекеттік биліктің өкілді (заң шығарушы) органына деген жоғарыдағыдай қатынасты жоққа шығару керек деп тұжырымдайды. Атап айтқанда, 1920 жылы Мұса Биғиев мемлекеттік биліктің өкілді (заң шығарушы) органы ретінде Түркияның Жоғарғы Ұлттық Жиналысының артында тұрған «ұлы Ислам халифатының» көшбасшысының рөлін мойындады. Сонымен бірге ол референдум арқылы жүзеге асатын халықтың жоғары заң шығару құқығын (абсолюттік заңдардан басқа – Құран мен сүннет) мойындайды. Сонымен, М.Биғиевтің пікірінше, референдум «жалпыға бірдей халықтық дауыс беруге шақырудың заңды дәстүрі» [7, 133 б.].

М.Биғиев «Үндеуінде», атап айтқанда, ұлттың заң шығарушылық құқықтары мәселелеріне және шариғаттың жүйеленуі мен дамуына қатысты мәселелерге арналған 3-бөлімнің 75-бабында М.Биғиев «Мұсылман үмбетінің шариғат саласындағы заң шығарушылық құзіретіне және оның барлық тармақтарымен заң шығару құқығына ие екендігіне база назар аудартады. Сондай-ақ, заң шығару құзыреті ижма мүшелеріне тиесілі деп жазады.

Мұсылман құқықтық жүйесінің нормативтік-құқықтық базасының басында, М.Биғиевтің тұжырымдамасында «Ислам Конституциясы» – Құран болды. Құқық серпінді, ол тұрақты дамуды және нақты тарихи дәуірмен келісуді талап етеді. Сонымен бірге Мұса Биғиев әрдайым Құранда бекітілген құқықтық нормалар мүлдем әмбебап, кез-келген дәуірге сәйкес келетінін атап өтеді. Осылайша, ол Құран мен Сүннетті ең жоғары заңды күші бар «нормативтік-құқықтық актілер» дәрежесіне, немесе басқаша айтқанда, барлық мұсылман мемлекеттері үшін бірыңғай Конституция мен конституциялық акт дәрежесіне көтеруді ұсынды. Осы орайда Мұса Биғиев: «Хадистер мен аяттарға түсінік бере отырып, мухаддистер мен муфассирлер аяттарды әрқашан құқық әдіснамасы жөніндегі кітаптарда белгіленген әдістемелерге сәйкес түсіндірген. Олар жазба мен Сүннеттің мақсаттарына, адам өмірі үшін заң мәртебесін берген нәрселердің маңыздылығына тиісті назар аудармады, өйткені олар міндетті деп санайтын әдістерді қолдану аясы соншалықты кең болған жоқ». Егер Біз Құранды «конституция» деп қарастыратын

болсақ, онда Құранның Конституциялық мақсаттары, міндеттері мен принциптері бар, оларды заң шығару процесінде басшылыққа алу керек. Сондықтан М. Бигиев мұсылман құқығының шынайы қағидаларын қайта жаңғырту жолдарын іздей бастады.

«Орта ғасырларды қалыптасқан мұсылман құқығының кейбір ерекшеліктерін былай түсіндіреді: бірқатар институттардың архаикалық сипаты, оның казуизмі және жүйелеудің болмауы». Бұл жағдай біртіндеп қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу саласында көбірек проблемалар туғызды. XIX ғасырдың ортасына қарай мұсылман құқықтық жүйесі Еуропа мен Американың қолданыстағы құқықтық модельдерімен бәсекеге түсе алмайтындығы айқын болды. Бұл мәселені шешу әрекеті «батыстандыру» процесіне бастау болды. Мұса Бигиев ешқашан мұсылман мемлекеттерінің құқықтық модельдерін батыстандырудың жақтаушысы болған емес, сондай-ақ, ол ғасырлар бойы қалыптасқан, заманға сай іс жүзінде жетілдірілмеген исламдық құқықтық жүйенің жақтаушысы болған емес. «Батыс заңдары, құқығы және заң ғылымдары жақсы екенін мойындаймыз», - деп жазады М. Бигиев. Соған қарамастан, ол исламдық құқықтың батыстық құқықтық модельдермен үйлестіруге тырысты. Бұл ретте әрине Бигиев шарифаттың мақсаттары мен ұстанымдарын жоғары қойды. Басқаша айтқанда Бигиев ислам әлемінің қажеттіліктеріне қарай Батыстық құқықтық модельдердің кейбір тетіктері мен элементтерін, үлгілерін мұсылмандық құқықтық жүйеге бейімдеуді ұсынды.

Екінші жағынан, өзге жүйені сол беті қайталып, тұтас алуды сынға алды. Мысал ретінде ол Осман империясы мен Мысырды келтірді: «егер біз батыстық жолға түскен Түркия, Египет сияқты елдерге мұқият қарайтын болсақ, шарифаттың орнына Француз заңдары мен ағылшын құқықтық жүйелерін көреміз». М. Бигиевтің вестернизацияға деген қаупі тура келді. Атап айтқанда, Осман империясында және кейіннен Түркия Республикасында (XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басы) вестернизация нәтижесінде мұсылман құқықтық жүйесі толығымен неміс құқықтық моделіне ауыстырылды.

Батыс әкелген құқықтық нормаларды реттеуге бағытталған заңнаманы жүйелеу мұсылман құқықтық жүйесіне ешқандай зияның тигізбейді. Немесе әр түрлі құралдардың әлеуметтік қатынастарға жан-жақты әсерін қамтамасыз ететін және заңның даму динамикасын анықтайтын құқықтық реттеу механизмінің теориясы кез-келген құқықтық жүйенің өте маңызды бөлігі болып табылады. Осыған байланысты М. Бигиев былай деп жазды: «Батыс заңдары мен құқығы әдемі. Бірақ, менің ойымша, егер бүгінде батыс әлемі мұсылман заң мектептерін танымаса, онда кінә оларда емес, өзімізде». Мұса Бигиевтің батыстандыру процесін тек ислам құқығының негізін құрайтын мақсаттар, міндеттер мен принциптерін Батыс Еуропа құқығына алмастырғандығы үшін сынға алды.

Керісінше, Батыс Еуропаның кейбір құқықтық институттарын, салаларын және құқықтық реттеу тетігінің элементтерін өзімізге аыпу, бірақ сонымен бірге ислам құқығының мақсаттарын, міндеттері мен қағидаттарын сақтау керек деп есептеді. Бұл өз кезегінде мұсылман мемлекеттерінде қоғамның заманауи

талаптарына сәйкес келетін жаңа құқықтық институттар мен құқық салаларын құру және жаңарту үшін үлкен шығармашылық әлеует ашты. Дәл осы идеяға оның өмірінің соңғы жылдарындағы еңбектері арналды: «Мрагерлік құқығы туралы жазбалар» (1944 ж.), «Өмір мен мүлікті сақтандыру» (1944 ж.), "Исламдағы өсімқорлық және банктер» (1946 ж.). Мұса Бигиевтің пайымдауынша, әр дәуір қолданыстағы құқықтық нормаларды қазіргі шындыққа бейімдеп, қоғам қол жеткізген прогресті ескеретін жаңаларын жасауы керек. Бұл ретте жасалып жатқан құқықтық нормалар «Ислам рухын», яғни имандылық пен әдеп, ізгілік пен әділеттілік нормаларын жоғалтпауға, сондай-ақ ислам құқығының мақсаттарын, міндеттері мен қағидаттарын алмастырмауға тиіс.

Он төрт ғасырға жуық уақыт бойы ислам құқығының эволюциясы өркендеу мен тоқыраудың әртүрлі кезеңдеріне қарамастан, ислам құқығы модернизацияға қабілетті динамикалық құқықтық жүйе болғанын және солай болып қала беретінін көрсетеді. Оның мұсылмандық құқықтық жүйені реформалау тұжырымдамасы қажеттіліктен туындады:

- өзектілігін жоғалтқан құқықтық доктриналарды алып тастау арқылы ислам құқығының көздерін архаикалықтан тазарту;
- ислам құқығы көздерінің нақты иерархиясын құру, одан казуистиканы жою;
- ислам құқығы көздерінен заңды мәні жоқ құжаттарды шығару (калям), сондай-ақ таклидке тыйым салу;
- мұсылмандық құқықтық жүйе көздерінің иерархиясында Заңның рөлін арттыру;
- заң шығару процесіне деген көзқарасты қайта қарау;
- Конституциялық-құрандық мақсаттардың, міндеттер мен қағидаттардың бірыңғай жүйесін тұжырымдау.

Мұса Бигиевтің еңбектерінде ол мұсылмандық құқықтық жүйені реформалау тұжырымдамасын жүзеге асыру құралы ретінде ұсынған екі негізгі мақсатты бөліп көрсетуге болады:

- құқықтық мектепті қайта құру және жетілдіру (мазхабтар);
- Ислам юриспруденциясының әдіснамасында жаңа тәсілді қабылдау (мәні бойынша, заң шығару техникасы).

Мұса Бигиев мұсылман құқығының батыс еуропалық даму жолын жоққа шығарса да, оның құқықтық көзқарастарына зайырлы қағидаттарға негізделген құқықтық жүйелер үлкен әсер етті. М.Бигиев осы жүйелердің артықшылықтары мен кемшіліктерін кеңінен талдай алды, сондықтан құқықтық реттеудің әрбір мәселесі бойынша шешім ұсына отырып, «Мұса Жаруллах заң шығарушының мақсаты мен қоғам мүдделері арасындағы параллельдерді іздеді.

Мұса Бигиевтің құқықтық көзқарастарын талдау арқылы оның классикалық исламдық теолог-құқықтанушы (Факих) ғана емес, сонымен қатар құқықтық идеялары заманға сай ерекше болған көрнекті заңгер екенін айтуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Бигиев М.Д. Мой взгляд на исламский шариат. Избранные труды. Хайрутдинов А. (сост. I пер. С османского яз., Введ., Сн. I комм.). Казань: татар. кн. изд-во; 2014. С. 331-340.
2. Дэвид Р., Жоффре-Спинози К. Основные правовые системы современности. Туманов В.А. (пер. с фр.). М.: Междунар. отношения; 2009. 456 с.
3. Саидов А.Х. Сравнительное правоведение (основные правовые системы современности). Туманов В.А. (ред.). М.: Юрист», 2003. 448 с.
4. Бернанд Дж. Вайс. Дух мусульманского права. Пер. с англ. М., СПб.: Изд-во «ДИЛЯ»; 2008. 320 с.
5. Бигиев М.Д. Введение в трактат «Аль-Муафкат» Избранные произведения: В 2 т. Т. 2. Хайрутдинов А. (сост. I пер. С осман.). Казань: татар. кн. изд-во; 2006. С. 34-44.
6. Хайрутдинов А.Г. Наследие Мусы Джаруллаха Бигиева. Сбор документов и материалов. Ч. 1. Казань: Иман; 2000. 71 с.
7. Онан Э.С. Ислам и конституционное строительство на Востоке. Мусульманское право (структура и основные институты). М.: Институт государства и права АН СССР; 1984. С. 105-120.

Рысбекова Аружан

магистрант кафедры религиоведения

Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева

Нур-Султан, Казахстан

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ «БІЛІМДІГЕ БЕС САУАЛЫНЫҢ» ДІНИ- ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ

THE RELIGIOUS AND PHILOSOPHICAL SIGNIFICANCE OF “FIVE QUESTIONS TO THE ENLIGHTENED ONE” BY SHAKARIM QUDAYBERDIULY

Abstract

The article tells about five questions that Shakarim Qudayberdiuly asked in 1912 to all enlightened people. In his letter, he said that these questions would help not only him, but all of humanity and asked for arguments for the spoken word from holy scriptures. Shakarim accepted only those arguments that only the mind could accept and rejected any blind faith. During his lifetime, he wanted to collect the answers to these questions as a whole book and publish for humanity. But after the onset of USSR his questions on the topic of religion were overthrown and 30 years after independence we decided to reopen the legacy of the thinker. In the article we will try to answer five questions ourselves and look for answers from scientists.

Шәкәрім Құдайбердіұлы - қазақ халқының тарихында аты өшпейтін, саналы ғұмырында артынан құнды еңбектер жазып кеткен биік интеллект иесі. Шәкәрім қажы 1912 жылы «Айқап» журналының бесінші санында күллі білімділерге арнап діни-рухани бағытта бес сауал жариялап, оны білімділердің шешуін сұрайды. Өз сөзінің жалғасында: «Бұл әншейін жұмбақ емес, өз ойымша, адамның екі дүниесіне бірдей керек» деп дұрыс топшылаған [1, 56]. Бұл сұрақтарды тек Шәкәрім бабамыз ғана емес, әрбір шыр етіп дүние есігін ашқан саналы адам өзіне-өзі өмірінде кем дегенде бір рет қоятын болар деп ойлаймыз. Ойшыл ғалым: «Бұл сұраған сөздерімді халық пайдасы деп ойлаймын» деп қорытындылаған. Жетпіс жылға жуық созылған аласапыран уақыт Шәкәрім қажының көпшілікке сұрауын жауапсыз қалдырды. Алайда Шәкәрім бабамыздың сұрақтары маңыздылығын мәңгілік жоғалтпақ емес. Бес сауал тым қысқа болғанымен, оның түбіндегі мән-мағынасы терең және ауқымды. Ой қозғайтын осы сауалдарға тоқталып өзімізше жауап беріп көрер болсақ:

1. *Алланың адамды жаратқандағы мақсұты не?*

Ислам тұрғысынан Құран кітапта Зарият сүресінің 56-аятында «Жын мен адамзатты өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым» делінеді [2]. Сонымен қатар, Әнбия сүресінде «Олар араларында дін істерін бөлшектеді. Негізінде барлығы бізге қайтады» деп жазылған [2]. Шәкәрім осы тұста: «...Бар нәрсе жоғалмайды, өзгереді, Жан жоғалмас деп ойла, соны біл де...» [3, 1816] дей келе, Алла тарапынан берілген жанның өлмейтінін, оның мәңгілік екенін айтады. Демек әр күдірет иесі өзінің күдіретін паш етсе керек, ал Алланың жаратылысының ішіндегі ең жоғары деңгейдегісі адам баласы дейтін болсақ, Алланың адамды жаратудағы мақсұты да күрделі саналады. Филолог, әдебиет тарихшысы, алаштанушы, профессор Дихан Қамзабекұлы «Адам – Алланың жаратқандағы мақсатын білсе – адам, білмесе – надан. Адамзатқа, айналасына зиян келтірсе, қиянат жасаса – хайуан. Зияны мен қиянатына кешу сұрамаса - шайтан» деп жауап берген екен [4].

2. *Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?*

Құранда Инсан сүресінің 2-аятында «Шын мәнінде Біз адам баласын біріккен тамшыдан жараттық. Оны сынаймыз. Сондықтан оны еститін, көретін қылдық» деп жазылған [2]. Сонымен қатар, адамға құдай басқалардан артық сана берген. Муминун сүресінің 115-аятында «Шын Біз, сендерді босқа жараттық та тіпті Бізге қайтарылмаймыз деп, ойлайсыңдар ма?», - дейді [2]. Яғни, жоғарыдағы бірінші сауалдың жауабын жалғастыра келе, Шәкәрім үшін адамға осы өмір пайғамбар жолын қуып, Алладан келген жарлықтарды орындау арқылы ақыреттік мәңгілік өмірге дайындалу болып табылады.

3. *Адам өлген соң мейлі не жәнмен болсын, рахат-бейнет (сауап-азан) бар ма?*

Құранда әл-Инсан сүресінің 4-5 аяттарында «Әрине, қарсы келушілер үшін шынжырлар, боғаулар және жалындаған тозақ әзірледік. Әрине жақсылар, жаннатта «Кәфүр» қосылған кеседен ішеді» деп көрсетіледі [2]. Ислам жұмақ және тозақ ұғымдарын жоққа шығармайды. Шәкәрім «Бай мен кедей» өлеңінде:

«...Арам жиып мақтанған дәулет емес,
Алдымызда бір күн бар есеп берер» [3, 113б]

«Хайуан мен ақымақтар» өлеңінде:

«...Сынау үшін жаратқан бір Иең бар,
Тексерілмей қалмайсың бір кезеңде...» [3, 121б]

Шәкәрім қажы «Тойымсыз нәпсі, тұрақсыз дүние» өлең шумақтарында

«...Дозақтың барын біліп жүрсең де,
Күнәға, әлің келсе, батасың...» [3, 143б]

деп тозақтың нақты бар екеніне шүбәсіз сенген және мақұлдаған. Бұл сұраққа жауап берген ғалымдардың көбі дерлік Шәкәріммен келіседі.

4. Ең жақсы адам не қылған кісі?

Құранның әл-Қасас аятының 77-сүресінде былай делінеді: «Алланың саған берген дәулетімен ақырет жұртын ізде де дүниедегі несібенді де ұмытпа. Алла, саған жақсылық еткендей сен де жақсылық істе, сондай-ақ жер жүзінде бүліншілік ізденбе! Алла бұзақыларды сүймейді» [2]. Шәкәрім ең жақсы адам үш нәрседен аулақ жүреді дейді. Олар мақтан қуғандар, асы (тамақ үшін арын сатып елді алдар адамдар) және нәпсісін жеңе алмағандар. Сонымен қатар, жақсы адамның бойында ойқұмарлық, жаман адамның бойында ойы тарлық болады дейді. «Бәйшешек бақшасы» өлеңінде жақсы адамның бойында мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек, әділеттілік, таза жүрек сияқты қасиеттер әрдайым табылады дейді.

5. Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара ма?

Шәкәрім «Талап пен ақыл» өлеңінде Шәкәрім «Бәйшешек бақшасы» өлеңінде:

«...Сондықтан, адам - залым, әлемге жау,
Ебін тапса, қоймайды ешкімді сау.

Жер білсе адамзаттың бұл қылығын

Үстінен бәрін төгіп тастар еді-ау...» [3, б.]

деп қалам тербеген. Бұл өлең бір ғасырдай бұрын жазылғанымен, Шәкәрім тұсындағы адамзат пен қазіргі адамзаттың арасында үлкен айырмашылықты көріп тұрғанымыз жоқ. Адам бойындағы адамгершілік, яғни мораль тікелей дінді түсіну арқылы, тәрбиенің көмегімен беріледі. Яғни, адамгершіліктің артуы немесе кемуі сол замандағы өмір сүрген адамдар арасында діннің тарау деңгейіне байланысты деген ой келеді. Алайда дін бар жерде толықтай иман, әділеттілік жүреді деген де сөз емес. Алайда заманды адамзаттың адамгершілігінің құлдырауына кінәлауы дұрыс емес. Жүсіп пайғамбарды құдыққа тастаған да, осыдан жиырма ғасырдан астам бұрын Исаны айқышқа керген де, Мұхаммед пайғамбарды улаған да - сол бір адамдар. Тіпті ең алғаш жерге аяғы тиген Адам мен Хауадан тараған Қабыл да кіші

бауырын көре алмаушылықтан өлтіріп, ислам тарихында алғашқы кісі өлтіруші ретінде аты қалған. Осы тұста Омар Жәлелұлы адамның адамшылығы заманға байланысты еместігін айтады. Өз сөзінде Шәкәрімнің «Қандай надан заманды жамандатып, өзінді амандатып. Оны шығарған сауат білімсіз молда» дегенін тиек етеді. Егер де заман дейтін болсақ, онда барлық кінәні соған артып, адам кінәсіз болып шығады. Онда әділетсіз болғанымыз. Жоқ, заман кінәлі емес деп қайырады [4]. Жұматай Әміреевтің осы сауалға жауабында осылай делінеді: «Ең жақсы заман – менің заманым, одан кейін сахабалардың кезеңі, одан кейін табиғиндердің дәуірі. Одан кейін уәде берсе, сөзінде тұрмайтын, аманатқа қиянат жасайтын, сөзі амалына қарсы адамдар келеді» деген хадисті келтіреді [5]. Шынымен де, Құраннан ақыр заман жақындағанда адамдардың адамшылығы кемитіні, адам өлтірудің көбеюі, сенімнің жоғалуы, сараңдық, зинақорлықтың, жанындағы адамдарды құрметтемеу, жалған куәлік берушілік сияқты түрлі жаман қасиеттер көп болатындығы айтылады. Бұл нұсқаны да біз сызып тастай алмаймыз.

Сол кезеңде «Айқап» журналының редакциясына тек бір ғана жауап келіп түскен екен. Отыз жыл тәуелсіздігіміздің шағында бұл сұрақтардың діни-философиялық мәнін бірнеше отандық ғалымдар ашуға тырысқан. Солардың ішінде Ғ. Есім, О. Жәлел, Д. Қамзабекұлы, Д. Омаров, Д. Кенжетай, Ж. Әміреев, М. Кемел және тағы да басқалар бар. Олар бұл сұрақтарға өз шама-шарқынша жауап беріп, Құран және хадистерден дәлел келтіруге талпынған. Шәкәрім бабамыздың осыдан бір ғасырдан астам халыққа үндеу салып, ізденісін қазіргі күні біздердің жаңғыртуымыз - бабамыздың мұрасының құндылығын қайта ашу деп білемін. Шәкәрімнің бұл бес сауалы өзі өмір сүрген кезеңнің адамдарына ғана арналмаған. Шәкәрім өзі қайтыс болар жылында Сәбит Мұқановқа жазған хатында: «Мен пәлен пайғамбар, түген профессор айтты дегенге тоқтап қалмаймын. Өз ақылым қабыл алмағанды кім айтса да теріс көремін. Бірақ ақыл аларлық дәлел айтса ол кім болса да бас ұрам...» деп жазған болатын [6]. Шәкәрім Құдайбердіұлы Алланың берген құнды жанын тектен текке қимауын айтады. Бұл тарапта Шәкәрім пацифисттік көзқарасты ұстанады. Қазірде әлемде болып жатқан қантөгіс ұрыс, соғыстардың тек «жуан хандардың» мансап пен малға таласуы деп бағалайды. Шәкәрім былай дейді: «...Жүрегі таза адамдар, Зұлымдықтан амандар, Қиянатсыз надандар, Әулиеден кем емес...» [3]. Әулие ұғымы исламда ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгендігімен халық сеніміне ие болған қасиетті тұлға. Яғни Шәкәрім ең жақсы адам болу үшін оның қатып қалған ислам канондарымен жүр, оған күні-түні зікір айт дегені емес. Шәкәрімнің түсінігінше ең жақсы адам - алдымен ең маңыздыны, яғни, адамгершілікті ұмытпаған адам. Өкінішке орай, қазірде қоғамда болып жатқан көптеген әлеуметтік мәселелердің себебі осы сұрақтарға адамдардың ойланбауынан және оған жауап таба алмауынан болып жатады.

Әдебиеттер тізімі

1. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Иманым. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2000. – 321 бет.
2. Құран Кәрім. URL: <https://kuran.kz>

3. Шаһкәрім Құдайбердіұлы. Жол табалық ақылмен. Шығармаларының бір томдық жинағы.
4. Білімдіге бес сауал/Омар Жәлел URL: https://el.kz/amp/news/lichnosti/bilimdige_bes_saual/, пайдалану күні: 17.04.2022
5. Шәкәрім қойған бес сауал және оған қасиетті құраннан жауап. URL: <https://7-su.kz/news/cat-16/8498/>, пайдалану күні: 17.04.2022
6. Шәкәрім және Сәбит Мұқанов. Astana Aqshamy. URL: <https://www.astana-akshamy.kz/shakarim-zhane-sabit-muqanov/>, пайдалану күні: 17.04.2022

Тілепов Рауан

*магистрант кафедры религиоведения
Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева
Нур-Султан, Казахстан*

ТӘҢІРШІЛДІК НАНЫМ-СЕНІМІНІҢ ДІН РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСА АЛМАУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ

Тәңір – түркілердің ең жоғарғы әрі жалғыз құдайы болатын. Ашық энциклопедиядағы деректерде Тәңіршілдік – дәстүрлі түркілік дүниетанымның бастауындағы діни сенім. Тәңіршілдік сенімнің Ұлы Тәңірісі – берік қандастық жүйеге негізделген түркі қоғамының Жаратушысы әрі Иесі. Ұлы Тәңірдің елі де, қағаны да, жері де киелі әрі қуатты деп танылған. Тәңіршілдік ұлттық психологияны, яғни ұлттың ділдік сипатын анықтайтын танымдық өлшем.

Ибн Фадлан (Аббас халифатының елшісі) 10 ғасырдың басында оғыз еліне жасаған саяхатында "түріктердің қиын-қыстау кезеңде «Бір Тәңірі» деп, басын көкке қаратып мінәжат ететіндіктерін" айтқан [1].

Әр түрлі дін адамдарын пікірталасқа шақырған Мөңке ханның: «...Біз тек қана Бір Тәңірге құлшылық етеміз» деген ұстанымын еуропалық миссионер-саяхатшылар Марко Поло, Джованни Платано Карпини, Вильгельм Рубрук мәлімдеген.

«Тәңір» ұғымы Шумер сына жазуларында, ғұндарда «зингир» (қазақта «зеңгір» сөзі бар) түрінде кездеседі. Ұлы Тәңірді "Көк, Ұлы, Нұр", т. б. сипаттаудың бәрі аспанды білдіреді.

Сонау ескі түркілердің мәдениетіне айналып, діни санасына сіңген тәңіршілдік наным-сенім феномені осы күнімізге әдет-ғұрыптармен салт дәстүр негізінде жетіп отыр. Бүгінде қанатын кеңге жайып, шартарапқа тарала білген, бүкіл адамзат мойындап қастерлеген әлемдік діндермен тәңіршілдік наным-сенімін қаншалықты салыстыруға болады. Тәңіршілдік наным-сенімі ислам, христиан, иудаизм діндері секілді жүйелі, бас-аяғы толық, адамзаттың мұқтаждықтарына толыққанды жауап бере алатын дін ретінде санай аламызба. Енді қандайда бір наным-сенімнің қалыптасқан жүйелі дін ретінде саналуы үшін негізгі факторларына тоқталайық.

Бірінші фактор – Тәңір наным-сенімінде негізгі қасиетті кітаптарының болмауы. Діни мамандардың негізгі көзқарасы бойынша кез-келген діннің толыққанды дін немесе адамзаттың рухани қажетіне жарамды әлемдік дін ретінде мойындалуы үшін негізгі өлшемдері болуға тиіс. Сондай өлшемдердің бірі, діни қасиетті кітабы. Мысалға: Иудаизм дінінің қасиетті кітабы «Таурат» болып табылады. «Таурат» иудейлердің қасиетті кітабы ғана болмай, бұл діндегі негізгі үкімдер, діни рәсімдер және діни қағидаларда осы кітапқа негізделген. Өйткені бұл кітап иудей діні өкілдері арасында әлі-күнге дейін қолданыста. Иудей дінінің біздің заманымызға дейін сақталып, әлемдік діндер қатарында болуымен шектелмей, кең қолданыста болуының бірден-бір себебіде осы «Таурат» кітабы. Осы секілді Мәсіх діні яғни Христиан дінінде басты кітаптарымен жазбалары бар. Христиандықтың негізгі кітаптары ескі өсиет яғни «Таурат» және жаңа өсиет «Евангелие» «Інжіл»-ден тұрады. Тарихтан белгілі иудей дінінің жалғасы іспеттес бұл дінде негізгі үкімдері, діни қағидалары мен құлшылықтарыда осы кітаптардан алынады. Қазіргі таңда жік-жікке бөлінген христиан бағыттарының барлығы дерлік осы «Інжіл» кітабына сүйене отырып шіркеулердегі діни рәсімдерін өткізіп, күнделікті өмірде қолдануымен қатар, адамды ақтық сапарға аттандырар сағаттада қолданыста болуымен ерекшеленеді. Бұдан бөлек әлемдік діндердің ең жасы ислам дінінде қасиетті кітап ретінде «Құранның» ықпалын айтатын болсақ барлық қағидалар мен діни ритуалдар осы кітаптан бастау алады. Ислам дініндегі «Құранның» бір ерекшелігі діннің қайнар көзі болуымен қатар, дінде бұлтартпас дәлел-дәйек болып табылады. Қанша уақыт өтседе «Құран» діндегі бүкіл құлшылықтарға негіз, тіпті исламдағы әрбір бағыт мейлі тура жолдағы, мейлі адасушы барлығы дерлік өз ұстанымдарының дәлел-дәйектерін осы кітаптан алады. Ислам дінінде «Құран» әрбір мұсылман үшін жадыларда сақталып, жүректерде қорғалып қана қоймай, өмірінің әрбір сәтіне мән беретін қасиетті кітап [2, 9 б.]. Ал тәңірлік наным-сенімнің негізгі түсініктерімен рәсімдері болса ешқандай кітапқа негізделместен түркі елдерінің фольклорларында, мәдени санасында ғана сақталған. Осы себептенде көне тәңірлік наным-сенімі орнына жүйелі, ақылға сыйымды, адами өмір сүру үрдістеріне сай, өміршең ислам дінінің жайылғанын көре аламыз.

Екінші фактор – Тәңір наным-сенімінде пайғамбарларының болмауы. Дін атаулының барлығы күллі адамзатты бақытқа бастайтын функцияға ие. Осыған орай дінтанушылар мен әлеуметтанушылар көзқарастары бойынша әлемдік дін деп танылған ірі діндердің әрқайсысының негізгі кітабы және жеткізуші пайғамбары бар. Әлемдік діндердің барлығында дерлік ол діннің негізін қалаушы лидер, пайғамбар немесе сол діндегі негізгі принциптармен заңнамаларды, өмір сүру қағидастарын, діни рәсімдерін жеткізуші тұлғаның бары белгілі. Мысалы ислам дінінде Аллаға сенім яғни иман принциптарының төртіншісі – Алла тағала тарапынан жіберілген пайғамбарларға иман ету. Пайғамбар – парсы тілінде «хабаршы» ұғымды білдіреді. Құран тілімен айтқанда, пайғамбарларды «расул» (елші), «нәби» (хабаршы) деп атайды [3, 238 б.]. Демек пайғамбар Ұлы жаратушы Алламен пенде арасындағы елші, хабаршы. Ислам дінінде пайғамбармен Алланың

арасы «уахи» арқылы тіпті періштелер арқылы байланыс құрған. Осы байланыс арқылы жиырма үш жылда жүйелі, ақылға қонымды дін пайда болды.

Ал тәңірлік наным-сенім түсінігінде бұл сенімді жүйелі түрде халыққа жеткізуші пайғамбар сияқты тұлға болмаған. Бұл наным-сенімдегі біз білетін бақсы, шаман сияқты тұлғалары болсада, оларды әлемдік діндегі пайғамбарлармен салыстыра алмаймыз. Өйткені шаман, бақсы ұғымдары тәңірлік наным-сенім бойынша тәңірмен байланысына қарағанда жын-шайтанмен байланыс құра отырып, бұл нанымның негізгі рәсімдерін ғана іске асырған. Яғни оларда «уахи» секілді тікелей құдаймен қарым-қатынас болмаған оған дәлел ретінде Құран сияқты қасиетті жүйелі түрде жазылып, адами өмір сүру үрдісіне сай жазбалардың болмауы, сонымен қатар пайғамбарлар бүкіл адамзатқа өмірдің әрбір сатысында үлгі-өнеге бола білсе, шаман бақсыларды пайғамбарлармен бірге қоюдың өзі әбестік болары белгілі.

Үшінші фактор – Тәңірлік нанымындағы діни ритуалдарының әр түрлі діннің элементтерінен құралуы. Барлық зерттеушілер және қазіргі тәңіршілдердің өздеріде тәңірлік наным-сенімінің қасиетті жазбалары жоқ екенін, бұл сенім негізі ауызша эпикалық мәдени әдет-ғұрыптар жиынтығы негізінде жеткенін мойындайды. Тәңірлік наным-сенімдегі «Көк тәңірі» ұғымы жалғыз жаратушы, жалғыз құдай түсінігімен қатар пантеистикалық мәнге де ие [4, 2 т]. Яғни пантеистикалық ұғым дегеніміз әлем мен құдай бір немесе тығыз байланысқа ие деген діни-философиялық түсінік. Жаратушы бір құдіретті күшпен әлемнің тығыз байланысы мен бірлігі. Бұл ұғым даосизм сеніміндегі ең ұлы құдірет «Дао» және индуизм сеніміндегі «Брахман» сияқты космологиялық ұғымдармен сәйкес деуге болады. Тәңірлік наным-сенімін толыққанды монотеистік сенім деп айта алмаймыз. Өйткені ескі түркі руна жазуларында жер бетіндегі «Тәңірдің» бірнеше көріністері бар екені белгілі. Тәңірлік нанымдағы «Ұмай» ұғымы жер бетіндегі «Тәңір» көрінісімен қатар жер бетіндегі жаратылыстар анасы, ал мүйізді «Ерлік» ұғымы болса жер асты киесі делініп қасиет тұтылған. Сонымен қатар ежелгі түркілерде «Йер-Суб» (жер-су), «От-ана» (от), «Қояш» (күн), «Ай», жұлдыз, жел, бұлт, найзағай деген секілді түсініктер қасиетті болып есептелген. Тіпті Моңғолдар 99 түрлі «Тәңірлік» құдайларға сенген. Демек Тәңірлік наным-сенімі монотеистік түсінікке ие болуымен қатар космологиялық, пантеистік сенімдердегідей өз пантеоны бар наным-сенім жүйесі деуге негіз бар [5, 71 б.].

Тәңірлік наным-сенімінің негізгі діни ритуалдарына назара аударатын болсақ, «От-ана» ұғымы тәңірлік сенімнің негізгі түсініктернен. Ежелгі Тәңірлік наным сенімінде отты кие тұту оны қасиетті санау, отпен аластау, отқа май құю секілді рәсімдер болған. Бұл отқа табынушы парсы халықтарының зороастризм діни рәсімдерінен саналады. Ескі түркілерге ежелгі парсылардың отқа табынушы зороастризм сенімінің әсерінен болуы да мүмкін. Құрбан шалып жаңбыр тілеу. Ескі наным бойынша түркілер сиқырмен жын шақырып, жаңбыр жауғызатын және дауыл соқтыратын болған. Бұл тәсілдерді пайдаланып жүрген түркілер әлі бар. Неотәңіршілдердің бірқатар ритуалдарына келетін болсақ олардағы жерлеу тәсілі исламнан алынған көптеген элементтерден тұрады. Мысалы: исламдағы және

өзгеде иләһи діндердегі «Әмин» сөзін тәңіршілдер «Өмін» деп бұрмалаулары, ислам дінінде мәйіттің жерлеу рәсімінде қазақша құран бағыштап, дұға оқу процесстерін иемденулері, исламдағы мәйітті кебіндеу үлгісін алып «Ақтық» деп атаулары, сонымен қатар исламдық ұғым сөздерін «Азанды» «Наза» деп, «Рух-Әруәх» сөзін «Әруақ» деп, исламдағы ақыреттік ұғымдарды «Парыз», «Жаназа», «Жәннәт-тозақ», «Күнә» сияқты ислами ұғымдарды өздерінің сенімдерінен санайды [6, 242-292 бб.]. Жерлеу рәсімдерінің өзі ислами ұғым «Жаназа» сөзімен аталып, құранды қазақша бағыштаулары, тіпті ислам дініндегідей мәйітті оң жағымен жатқызу сияқты ислам дінінің көптеген діни ұғым элементтерінен тұратын Тәңірлік наным-сенімін әлемдік діндермен салыстыра алмаймыз.

Қорытындылай айтқанда тәңірлік наным-сенімі көне түркі халықтарында қалыптасқан, өзіндік әлемді түсіну көзқарастары бар, жоғары күштерге сенетін космологиялық этномәдени культ болып саналады. Әлемдік діндермен салыстыра келе тәңірлік нанымы толыққанды дін ретінде санала алмайтынын, тәңірлік байырғы түркі халықтарының ұстанымы және этномәдени культтік санасы немесе сенімі ғана екенін көре аламыз. Оған дәлел ретінде тарих сахнасында бұл наным-сенімді толыққанды, жүйелі адамзат өмір сүру дағдысына сай ислам діні ығыстырып әкеткенін де айта кету керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Тәңіршілдік. Уикипедия. URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D3%99%D2%A3%D1%96%D1%80%D1%88%D1%96%D0%BB%D0%B4%D1%96%D0%BA#CITEREFTekin1993> (10.04.2022)
2. Қ. Құрманбаев, Құран ілімдеріне кіріспе, Алматы – 2014.
3. С.Сейтбеков, Иман негіздері, Алматы – 2018.
4. Кодар А.А. Тенгрианство в контексте монотеизма // Информационный гуманитарный портал «Знание. Понимание. Умение». — 2008. — № 1(2).
5. Безертинов Р.Н. Тенгрианство – Религия тюрков и монголов, Казань – 2004.
6. Т.А. Бейсенбинов, Ақиқат – қасиетті қазақ жүйесі, Алматы – 2006.

Дулат Данагуль

студент магистратуры

Карагандинского университета им. Е.А. Букетова

Караганда, Казахстан

ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ РЕЛИГИОЗНОСТИ И СВЕТСКОСТИ: ГРАНИ ВЗАИМОСВЯЗИ

INTERACTION OF RELIGIOSITY AND SECULARISM: THE FACETS OF THE RELATIONSHIP

Abstract

Currently, scientists evaluate the work and implementation of the principles of «secular» and «religious» in different ways. This article analyzes numerous problems arising in connection with public-confessional and inter-confessional relations, as well as specific aspects of the internal content of religions. This article presents an etymological analysis of the concept of secularism, as well as an analysis from social and philosophical positions. The nature of the secular and religious state is investigated. The article discusses the levels of secularism and its main features. Conclusions are drawn about the need to develop a policy that takes into account religious and secular values.

Проблемы функционирования религии в современном светском государстве являются одними из важнейших для современного общества. В многоконфессиональных и полиэтнических государствах, таких как Республика Казахстан, светский тип государства особенно оправдан. Он обеспечивает толерантность государства и открывает возможность позитивному восприятию религии. Статус религии в современном мире полон противоречий.

С одной стороны, крупные политики и международные организации и структуры, хоть и формально, но проявляют уважение и поддержку религий. А с другой – в ключевых решениях, как на национальном, так и на международном уровне, интересы религии практически не учитываются. Значение религии в общественной жизни приводит к тому, что религия взаимодействует с государством, требует от него юридических отношений, и данное взаимодействие сложнее, чем отсутствие взаимосвязи между государством и религией. Для подробного анализа вышеизложенных проблем важно определить характер понимания светскости и религиозности. Современные исследования и мировоззрение светскости наполнены противоречиями, которые, с одной стороны, связаны с вытеснением представлений советского прошлого и переоценкой ценностей, с другой – с навязыванием иностранных понятий, применяемых для оценки отечественной реальности.

С целью прояснения смысла понятий «религиозного» и «светского» был рассмотрен и проанализирован ряд исследований. Они позволяют отметить, что в основе смысла «светского» лежит определение его особого отношения к «религиозному». При этом можно выделить три основных интерпретации светскости, которые варьируются в зависимости от степени их «жесткости»: контррелигиозное, нерелигиозное и арелигиозное. В этих описаниях содержатся не только «количественное», но и «качественное» различие.

Первые две основаны на избытке субъективного и идеологического восприятия «религиозных – светских» отношений. Секуляризация, во-первых, является производным от «религии», а во-вторых, имеет в основном отрицательное значение.

Если сравнивать первые два определения с последним, то третья дефиниция предполагает более отстраненный и, соответственно, более объективный, философско-научный подход к взаимоотношениям светского и религиозного. В

данном подходе «светскость» имеет собственный смысл, который подчеркивается отсутствием отрицательной зависимости от религии. Важно отметить, что последняя интерпретация существенным образом равноправно оценивает «религиозность» и «светскость», это обосновано наличием собственного самостоятельного основания у светскости, не сводимого к онтологическому основанию религиозного. Отсюда следует, что данное определение в наибольшей степени сообщает светскому собственное положительное содержание.

Таким образом, зависимости светскости от религиозности нет. Другими словами, здесь имеется возможность сочетания свойств религиозности и светскости. Третий подход имеет явные концептуальные преимущества перед первыми двумя. Во-первых, кажется, что это самый объективный подход, поскольку он более далек от идеологической схемы жесткой двойственной оппозиции. Во-вторых, он не исключает, но потенциально включает в себя два первых подхода, как его частные аспекты. По третьему подходу, светскость может быть антагонистичной по отношению к религии или исключить религиозность, но не всегда. На основе принятой концепции светскости, предполагающей его субстантивный характер, секуляризации характерны две стороны: первая, «негативная» – изгнание из человеческой жизни и уничтожение духовного и культурного религиозного содержания, и вторая, «положительная» – наполнение человеческой жизни автономным, внерелигиозным и светским содержанием.

В рамках рассмотренных выше первой или второй интерпретации отношения между религиозностью и светскостью обе стороны процесса секуляризации выглядят тесно взаимосвязанными и почти неотчуждаемыми: сколько «пропадет» от религиозного содержания культуры, столько «приобретется» в ее светской сфере, и наоборот. Если придерживаться третьей интерпретации, то обе стороны секуляризации выглядят соединенными очень гибко и косвенно. Накопление и усложнение или уничтожение и упрощение светского культурного содержания могут не относиться к религиозному содержанию, но при определенных обстоятельствах вызвать не только встречные, но и аналогичные эффекты в рамках последнего. То же самое касается и обратной ситуации. Другими словами, для светской и религиозной культуры характерно и конкурентное, и «параллельное», и синергическое развитие [1, с. 416].

Современная светская гуманитарная наука и религия в поисках духовно-нравственных ценностей, которые основываются на религии, рассматривает культурные, исторические, социально-культурные, этнические аспекты, но самой религии не касаются. Этот методологический подход приводит к искажению картины, на основе которой можно извлечь из религиозного контекста идеи, ценности и перенести в другую сферу, другие контексты. Рассмотрим на примере средневековой исламской философии, которая в советской науке изучалась вне исламской веры, а внимание акцентировалось на нерелигиозных факторах.

Фундаментом казахского классического мировоззрения является идея единства мира, изоморфизма микро- и макрокосма, сакрального и профанного. очень отчетливо эта структура выражена в античном культе вселенского высшего

божества – Тенгри. Отечественный философ С. Акатай отмечал: «Тенгри есть единое во многом, многое в едином, единичное во всеобщем, всеобщее в единичном» [6, с. 117]. Тенгри совмещает в себе совершенства онтологической первосущности и высшего этического принципа. Как отмечает академик А. Маргулан, гунны обоготворяли своих вождей, именуя их Тенгри.

В «Особенностях мировоззрения турецких народов среднего возраста» (на базе анализа эпоса «Оғызнама»), отечественный исследователь Г.Ж. Есагулова пишет, что представители средневековой туркской культуры отличаются особым отношением к миру, основанным на космологии мировоззрения и признании творческой державы. Исследователь отмечает, что эта творческая сила не направлена против природы и не привержена ее завоеванию по сравнению с западной культурной экспансией. То есть это «жизнеутверждающая сила» которая живет в гармонии человека с миром: «Согласно космологизму средневековой тюркской культуры, человек – воплощение мощи (могущества), красоты, всех лучших качеств, но он живет в гармонии с космосом. Это проявляется в сохранении им в освоенном пространстве (на территории созданного им государства) культурных традиций, жизни в соответствии с ритмом природы» [7, с. 11].

Гармоничное освоение пространства между человеком и природой, включение ценностных систем в мировоззрение турецких народов в божественные, естественные, космические и человеческие миры нашли отражение в шаманизме. Как и многие системы верований, в частности архаичные ритуалы (Мирча Элиаде), играющие роль в любом истинном оживлении жизнеспособных архаических форм жизни, шаманизм прошёл путь развития. Развитие шаманской практики в турецком мире находилось под влиянием других религий и верований, поэтому ислам повлиял на шаманизм Средней Азии, Монголии и Алтайского края. Об этом свидетельствует крупнейший казахский исследователь истории и культуры Средней Азии, просветитель, историк-этнограф Шокан Уалиханов. В работе «Следы шаманства у киргизов» он пишет о синкретизме «мусульманских поверий» и «онгоновов» - традиционных верований монголов: гармоничное соединение верований в духов предков «аруахов», в то же время не мешало поклоняться Аллаху, которого называли Құдай-Тәңіір (Тенгри), почитать пророка Мухаммада, что в классическом исламе порицается, так как восходит к доисламской культуре и является временем «джахилийа» - период неверия.

Аналогичным образом, соотношение между учителем и учеником было идеально сочетано с турецким почитанием старших. Казахская обрядовая культура практиковала жертвоприношения, посещение ям и возвышение предков, возведение их в культ святых, практикование и шаманизм: «верили в шамана, уважали магометанских ходжей /и/ поклонялись огню, а шаманы призывали вместе с онгонами мусульманских ангелов и восхваляли Аллаха. Такие противоречия не мешали друг другу, и киргизы верили во все это вместе», - так Ш.Уалиханов описал степной ислам [8].

Таким образом, светскость и религия существуют не только параллельно, но могут оказывать прямое и косвенное влияние друг на друга. Этот процесс проявляется, прежде всего, в том, что качественное изменение одного дает возможность или толчок развитию другого. С другой стороны, секуляризация как процесс имеет немного другое значение, если считать, что «светскость» не связана с религией.

Известно, что в принципе светские государства придерживаются идеи отделения религии от государства. Обращаясь к этому вопросу, следует обратить внимание на то, что по принципу секуляризма предусматривается отведение религиозной догмы от законов государства, но не предусматривается отделение религии от общества, что определяет ее свободу вероисповедания. Хотя некоторые понимают секуляризм как направление атеизма. На самом деле, если атеизм категорически запрещает религию, то следует учитывать, что секуляризм дает право выбора в исповедании, а не в исповедании религии [2, с. 243].

Так, по мнению И.В. Понкина [4, с. 205], «светскость – это также определенная культура, определенный идеал, это освобождение от всякого «клерикализма», то есть от порабощения духа раз и навсегда установленными взглядами, не подлежащими обсуждению. Это вполне оправдываемо, так как светскость предполагает не только свободу вероисповедания в широком понимании (включающем свободу отправления религиозного культа и проявления религиозных убеждений), но и свободу мысли, которая означает одинаковое отношение к религиозной вере и неверию, а также обеспечение доступа к знаниям, позволяющим критически относиться к различного рода догматическим и целостным идеологическим системам». Помимо этого, необходимо отметить классификацию светскости данным исследователем на четыре уровня.

Таким образом, замечается возможность и перспективность взаимоотношений и интеграции религиозного и светского взглядов на ряд важнейших социальных реалий в современном обществе.

А.В. Малашенко же считает, что светское государство характеризуется тремя основными чертами. Отделенность государства от религии, автономность политической жизни государства от религии и гарантия со стороны государства народу о свободе выбора религии.

Как видно из примера выбранных исследований отношений между государством и религией, главным требованием светскости является отделение государства от религии. Кроме того, представители духовенства согласны с главной идеей светскости о разделении религиозных объединений от государства. Например, в принятых соседним государством в 2000 году «Основах социальной концепции Русской Православной Церкви» говорится, что «нельзя принять принцип уродства государства, как он означает радикальное отстранение религии от всех сфер жизни народа, исключение религиозных объединений из задач общественного значения, лишение их права оценивать действия властей. Этот принцип предполагает лишь заметное разделение сфер компетенции Церкви и власти, невмешательство в их внутренние дела».

Также в «Основных положениях социальной программы российских мусульман Совета муфтиев России и Духовного управления мусульман европейской части России» говорится, об условиях светской жизни мусульман в России и соблюдении при этом законодательства [3, с. 248-264].

У буддистов России нет принятой социальной программы, что связано с наличием разных школ и направлений, однако социальная доктрина, заложенная еще в древности, вполне согласуется с принципами светского государства. Как верно подмечает буддолог Е.А. Островская-мл., «фундаментальные буддийские ценностные доминанты – отвержение любых форм насилия, религиозная, этнокультурная, расовая, социальная, гендерная толерантность, миротворчество, неприятие любых форм деспотизма, стремление к согласованию религиозной и научной картины мира, признание за человеком свободы выбора – вполне сочетаются с ценностями гражданского общества» [4, с. 186].

Наконец, в «Основах социальной концепции российского иудаизма» написано: «В современном мире государство обычно является светским и не связывает себя какими-либо религиозными обязательствами. Его сотрудничество с иудаизмом ограничено рядом областей и основано на взаимном невмешательстве в дела друг друга» [5, с. 13].

Таким образом, ясно, что светское предполагает отсутствие официальной религии, социальное и правовое равенство и отделение светского образования от религиозного. Важным принципом секуляризации является невозможность для конфессий участвовать в политической деятельности государства, однако в реальности этот принцип не соблюдается.

Между тем, светское государство не придает какой-либо религии официальный государственный статус и никого к ней не обязывает. Однако в некоторых демократических странах со стороны государства официально провозглашается важное место в обществе религий, которых придерживается большая часть населения. Светскость государства является важным фактором стабильности и развития этноконфессионального общества. В то же время вопрос о том, должно ли светское государство адаптироваться к религиозным нуждам граждан, часто задаваемых отечественными экспертами, довольно щепетильный. Не государство должно адаптироваться, а *светское государство* и общество в целом должны быть приспособлены к уважению религиозных ценностей, тем самым способствуя созданию толерантного сознания, которое также является ключевым элементом духовной модернизации общества.

Задача правительства заключается не только в обеспечении прав верующих, но и в разработке многоаспектной и устойчивой политики в отношении религии, учитывающей сложность этого социального явления. Определение государственной политики основывается на знании механизмов формирования религиозного сознания, психологии руководителей верующих и мотивация их общественного поведения. Степень религиозности населения, специфика конфессий, действующих в стране, их традиции в отношениях с государством и их связи с членами за рубежом, степени вовлеченности различных конфессиональных

образований в политическую жизнь так же являются основанием для правильно сформированной светской государственной политики.

Тем не менее, имеется необходимость отметить, что взаимодействие между религией и светской деятельностью имеет границы, и выйти за эти границы невозможно. И это связано с тем, что само общество пока не готово к этому. В настоящее время существует взаимодействие государства и религии с целью повышения материального и духовного качества жизни в обществе. Если начнется процесс поглощения другого, это вызовет конфликт, так как сторонники поглощения будут решительно против. Поэтому стороны должны всегда придерживаться тактичности и взаимного уважения.

Список литературы

